

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ



**БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ
БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Астана 2024

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2024 жылғы 8 қарашадағы №7 хаттама)

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар»

Әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. – 165 бет.

Қазіргі қоғамдағы тәрбиенің теориялық негіздерін анықтау және оны тәжірибеде тиімді жүзеге асыру – ұрпақ дамуының маңызды міндеттерінің бірі. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды сақтай отырып, тұлғаның әлеуметтік, рухани және адамгершілік тұрғыдан дамуына бағытталған. Бағдарламаның ұйымдастырушылық аспектілері тиімді орта қалыптастыру мен мектеп, отбасы және қоғамның тығыз ынтымақтастығына негізделген. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қоғамдағы өзекті мәселелерге жауапкершілікпен қарауға, әлеуметтік саналы және адал өз ісіне жауапты тұлға қалыптастыруға бағытталған.

Әдістемелік ұсынымда педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

© Ы.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2024

КІРІСПЕ

Қазіргі қоғамда тәрбиенің теориялық негіздерін анықтау және оны тәжірибеде тиімді жүзеге асыру – ұрпақ дамуының маңызды міндеттерінің бірі. Білім беру мен тәрбиені қатар алып жүру тұлғаның үйлесімді дамуы үшін қажет, бұл ұстанымның теориялық негіздері ежелден бері қазақ ағартушыларының мұраларында көрініс тапқан. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды сақтай отырып, қоғамның қазіргі сұраныстарына сай тұлғаны қалыптастыру бүгінгі білім беру жүйесінің басты мақсаттарының бірі болып отыр.

Тәрбиені ұйымдастыруда құндылыққа бағдарланған оқу бағдарламаларының мазмұнын жан-жақты дамыту, оны білім алушылардың әлеуметтік, рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға бағыттау – «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты ерекшелігі. Бағдарламаны іске асырудың ұйымдастырушылық аспектілері тиімді орта қалыптастыру мен мектептер мен ата-аналардың тығыз ынтымақтастығын қамтамасыз етуге негізделген. Білім беру жүйесінде бағдарлама мазмұнын әдістемелік ұсынымдар арқылы тәжірибеге енгізу педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Тәрбиенің теориялық негіздерін айқындау тұлғаның жан-жақты дамуы мен қоғамда өзінің орнын табуына ықпал етеді. Әдістемелік ұсынымдаманың бірінші бөлімінде тәрбиенің мәні, мазмұны және қағидалары қарастырылады, сондай-ақ тәрбиенің оқу және даму процестерімен тығыз байланысы ашып көрсетіледі. Тұлғаның рухани, адамгершілік және мәдени тұрғыдан дамуы үшін тәрбие мазмұнын құндылықтармен байыту қажет. Осы орайда қазақ ағартушылары мен әлемдік педагогиканың озық идеялары негізінде тәрбиенің мәні мен оның қоғамдағы орнына баса назар аударылады.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын табысты жүзеге асыру оқу процесінде үйлесімді тәрбие ортасын қалыптастыруды қажет етеді. Әдістемелік ұсынымдаманың екінші бөлімі бағдарламаны іске асыру барысында білім беру ұйымдарының, отбасының және қоғамның өзара ынтымақтастығының маңызын ашады. Бағдарламаның ұйымдастырушылық аспектілері оқу орындары мен мұғалімдердің әдістемелік дайындығын жетілдіру, білім алушылардың дамуына қолайлы орта қалыптастыру және тәрбие жұмысының құрылымын жүйелеу арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыда тәрбие мен оқытудың біртұтастығын сақтау тәсілдері ұсынылады.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын тәжірибеде тиімді жүзеге асыру үшін әдістемелік ұсынымдар маңызды рөл атқарады. Әдістемелік ұсынымдаманың үшінші бөлімінде бағдарламаны нақты жағдайларда қолдану тәсілдерін, әдістерін және құралдарын көрсететін сынып сағаттарының үлгілері ұсынылады. Тәрбиенің тәжірибелік негіздерін енгізуде педагогтерге бағытталған әдістемелік ұсынымдарды және білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту үшін қажетті әдіс-тәсілдерді пайдалану басты назарда. Әдістемелік ұсынымдар бағдарлама мазмұнын білім алушылардың жас ерекшелігі мен қызығушылықтарына сәйкестендіріп, тәрбиенің тиімділігін арттыруға

бағытталады.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын тиімді жүзеге асыруда сыныптағы және сыныптан тыс іс-шаралар, сондай-ақ әлеуметтік жобалар білім алушылардың жан-жақты дамуына ықпал етіп, тәрбиенің кешенділігін қамтамасыз етеді. Сыныптағы іс-шаралар білім алушыларға академиялық білім берумен қатар, олардың адамгершілік, патриоттық, эстетикалық және интеллектуалдық қасиеттерін дамытуға бағытталуы тиіс.

Ал сыныптан тыс жұмыстар білім алушылардың бойында көшбасшылық, командада жұмыс істеу, жауапкершілік, адалдық, эмпатия және өзге де әлеуметтік дағдыларды қалыптастырады.

Әлеуметтік жобалар арқылы білім алушылар қоғамдағы өзекті мәселелерді көріп, оларды шешуге белсенді атсалысады, өз ортасына пайдалы болуды үйренеді. Бұл шаралар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізгі мақсаттарын жүзеге асыруда және тәрбиені практикада қолдануда маңызды рөл атқарады, өйткені олар білім алушылардың қоршаған орта мен қоғамға жауапкершілікпен қарауын, әлеуметтік саналы және ізгілікті болуын қалыптастырады.

1 ТӘРБИЕНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Тәрбие білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде ұрпақтың дамуына, тұлғаның адамгершілік және интеллектуалдық қалыптасуына тікелей ықпал

етеді. Қазіргі жаһандық әлемде білім беру тек қана академиялық білім беруге ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың әлеуметтік, эмоционалдық және рухани-моральдық дамуына да бағытталуы тиіс. Отандық және халықаралық тәжірибелерді талдау негізінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының әдіснамалық аспектілері қарастырылды. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы оқыту, тәрбие және дамудың бірлігін қамтитын кешенді тәсілдер арқылы тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Тәрбиенің негізі – оқыту, тәрбие және дамудың бірлігін қамтитын үйлесімді дамыған тұлға «Толық адам» ұлттық идеалы болып табылады. Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры және тұлғаның адамгершілік тұрғыдан толысуын қамтитын үздіксіз процесс. Адам жанын игілікпен, ізгілікпен қуаттандырып, адами құнды қасиеттермен қанаттандырады. Демек, тәрбиенің мәні – құндылықтар негізінде білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін жағдай жасау.

Білім беру жүйесінің құндылықтарын айқындауда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдаулары[1] мен бағдарламалық мақалаларындағы түйінді мәселелер мен қазақ ағартушыларының, ойшылдарының педагогикалық идеялары, Қазақстанның балалары мен жастары туралы өзекті зерттеулердің нәтижелері, тәрбиеге жүйелі көзқарасты қамтамасыз ету жөніндегі білім беруді дамытудың қазіргі заманғы үрдістері және бала тәрбиесіндегі отбасы, қоғам ықпалы ескерілді.

Сонымен қатар адамның жан-жақты дамуы мен өзін-өзі жетілдіру идеяларының дамуы қазақ халқының ұлттық-мәдени кодында және педагогикалық ойында кеңінен көрініс тапты, оған Алып-Ер-Тонғаның жомарттық туралы, әл-Фарабидің парасаттылық туралы, Жүсіп Баласағұнидің берекелі білім туралы, Қожа Ахмет Яссауидің рухани жай-күйі туралы, ағартушылар Ы. Алтынсарин , А. Құнанбаев , Ш. Құдайбердиев , сондай-ақ қазақ зиялылары А. Байтұрсынов , М. Дулатов , Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев және басқа да ойшылдардың ілімдері негіз болды[2-10].

Халықаралық тәжірибеге сүйенсек әр елдің білім беру жүйесі өмір бойы білім алу және өзін-өзі дамыту идеясын қолдап, білім алушылардың тұлғалық дамуына басымдық беретіндігі анық. Үздіксіз білім беру шеңберінде білім алушыларды жылдам өзгермелі әлемде өмір сүру мен жұмыс жасауға сәтті бейімделуге қажетті икемділік, бейімделу және өзін-өзі үздіксіз жетілдіру сияқты маңызды қасиеттерді дамытуға баса назар аударылады. Алайда, жеке тұлғаны қалыптастыру тәсілдері айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін, бірақ тұтастай алғанда олардың барлығы білім алушыларды қоғамда және кәсіби салада табысты өмір сүруге дайындауға бағытталған.

Көптеген қазақ жырауларының шығармашылығында адалдық, мейірімділік, қарапайымдылық, жомарттық және достық сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тапты. Қазақ даласының тұңғыш педагог-ағартушысы Ыбырай Алтынсарин жастарды адамгершілік рухында тәрбиелеу мектептің басты міндеті деп есептеді. Мағжан Жұмабаев тәрбиенің төрт негізгі бағытын атап өтті: ақыл-ой тәрбиесі, мінезді тәрбиелеу, эстетикалық тәрбие және дене тәрбиесі. Ахмет

Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов және басқалары адамгершілік бағдарлардың жалпы жүйесі ана тіліне, ата-бабаларының өзіндік мәдениеті мен жадына құрметпен қарауға негізделуі тиіс деп мәлімдеді[11]. XX ғасырдың 40-90 жылдардағы ғалымдардың еңбектерінде ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, тұлғаның рухани мәдениетін қалыптастыру мәселелері көтеріледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекеттің ең жоғары құндылықтары: адам құндылығы, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары бекітілген. Жастардың маңызды басымдықтары ретінде білімге ұмтылу, еңбекқорлық және патриотизм айқындалды. Біздің қоғамның негізгі құндылықтарымен Қазақстан егемендігінің Мәңгілік үштігі – аумақтық тұтастық, мемлекеттік тіл және бірлік бекітілді.

Халықаралық тәжірибеге сүйенсек әр елдің білім беру жүйесі өмір бойы білім алу және өзін-өзі дамыту идеясын қолдап, білім алушылардың тұлғалық дамуына басымдық беретіндігі анық. Үздіксіз білім беру шеңберінде білім алушыларды жылдам өзгермелі әлемде өмір сүру мен жұмыс жасауға сәтті бейімделуге қажетті икемділік, бейімделу және өзін-өзі үздіксіз жетілдіру сияқты маңызды қасиеттерді дамытуға баса назар аударылады[16]. Алайда, жеке тұлғаны қалыптастыру тәсілдері айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін, бірақ тұтастай алғанда олардың барлығы білім алушыларды қоғамда және кәсіби салада табысты өмір сүруге дайындауға бағытталған.

АҚШ білім беру жүйесінде білім алушының жеке басын дамытуға басымдық береді. Тәрбие бағдарламасы оқу тапсырмаларының және сыныптан тыс іс-шаралардың мазмұнына кіріктірілген. Мектептер білім алушылардың әлеуметтік және тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру мақсатында оқу стандарттарына азаматтық білім беру, этика және әлеуметтік ғылымдар бағдарламаларын енгізеді. Балалардың көшбасшылық пен командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту және жауапкершілігін қалыптастыру үшін сыныптан тыс іс-шараларға, спортқа көп көңіл бөлінеді.

Еуропа елдерінде білім алушылардың академиялық жетістіктерімен қатар олардың эмоционалды әл-ауқатына, әлеуметтік бейімделуіне, яғни кешенді дамуына көп көңіл бөлінеді. Оқу бағдарламаларының мазмұнына қоғамның жауапты және саналы мүшелерін қалыптастыруға бағытталған моральдық және азаматтық тәрбие элементтері кіріктірілген[12].

Азия елдерінде тәрбие білім беру стандартына енгізілген. Жапония мен Оңтүстік Кореяда жалпы мектепшілік іс-шаралар мен сынып сағаттары арқылы білім алушылардың моральдық және патриоттық тәрбиесіне үлкен мән береді.

Қытайда оқу бағдарламалары шеңберінде идеология мен моральдық тәрбиені қамтитын сағаттар қарастырылады, бұл азаматтық бірегейлікті қалыптастырудағы мектептің рөлінің басымдығын көрсетеді.

Гонконгтың білім беру стандарты Қытай философиясына негізделген және табандылық, құрмет, жауапкершілік, ұлттық бірегейлік, адалдық, басқаларға қамқорлық, заңға бағыну, эмпатия және еңбекқорлық құндылықтарына басымдық береді. Бұл елдерде мектептегі тәрбиеге жоғары талап пен қатаң

тәртіпті сақтаумен байланысты[13]. Сингапурдың оқу бағдарламасында қамқорлық, адалдық, құрмет, төзімділік, жауапкершілік және үйлесімділік сияқты құндылықтарға негізделген құзыреттерді дамытуға баса назар аударылады[14].

ЮНЕСКО-ның «Білім берудің жаһандық мониторингі» есебінде білім алушылардың адам құқықтары мен этномәдениетке деген құрметін қалыптастыру және жаһандық азаматтық тәрбие беру қажеттілігін атап көрсетеді[15].

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) PISA бағдарламасының зерттеулері арқылы білім беру жүйелерінің білім алушылардың өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайларға бейімделуіне қажетті қабілеттерін дамытуға ықпалын зерттейді. ЭЫДҰ-ның «Жастарымызды инклюзивті және тұрақты әлемге дайындау» есебі тұрақты болашақ үшін негізгі құзыреттерді дамытуға ерекше мән береді[16].

Дүниежүзілік банк өз бастамаларында экономикалық даму призмасы арқылы білім берудің маңыздылығын атап өтіп, кедейлікті азайту және өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін тәрбиенің маңыздылығына назар аударады[17].

Осылайша, әдістер мен тәсілдердің айырмашылықтары болғанымен, көптеген елдерде тәрбие білім беру стандарттарының мазмұнымен тығыз байланысты және әртүрлі сабақтан тыс жұмыстармен толықтырылған. Бұл тәсілдеме білім алушылардың тек академиялық білімдерін ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, құқықтық және этикалық мінез-құлық нормаларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Тәрбие мәселесіне қатысты отандық және халықаралық тәжірибені талдау құндылықтарға негізделген тәрбие бағдарламасына келесі аспектілерді бейімдеу және кіріктіру ұсынылды:

1. Тұлғаның дамуы тұтастығын қамтамасыз ету, яғни бағдарлама білім алушылардың тұлғалық дамуының барлық аспектілері – ақыл-ой, физикалық, әлеуметтік және эмоционалдық үйлесімді дамуына ықпал етеді.

2. Құндылықтарды білім беру мазмұнына интеграциялау оқу бағдарламаларының білім алушылардың өзгермелі өмір сүру жағдайларына сәтті бейімделуі үшін олардың икемді дағдыларын дамытуға бағытталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

3. Білім беру мазмұны, оның ішінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қазақ ойшылдарының мұралары мен заманауи педагогикалық зерттеулерге сүйене отырып, құндылықтарды кіріктіруді көздейді.

Бұл аспектілер білім алушылардың академиялық дайындығын ғана емес, сонымен қатар қазіргі әлемде нәтижелі өзара әрекеттесуге қабілетті әлеуметтік жауапты, моральдық жағынан жетілген және мәдени-бай азаматтарды қалыптастыруға ықпал етері сөзсіз.

Отандық және халықаралық тәжірибені талдауда құндылықтар білім беру, оның ішінде тәрбие мазмұнының негізі болып табылатынын көрсетті. Құндылықтарды білім беру мазмұнына енгізу, сондай-ақ үздіксіз өзін-өзі жетілдіруге және бейімделуге баса назар аудару білім алушыларды қоғамдағы

табысты өмірге дайындауға мүмкіндік беріп, жалпы қоғамның дамуына ықпал етеді. Жалпы отандық және халықаралық тәжірибелерді шолу білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, олардың білім беру ортасында толыққанды дамуына жағдай жасау, ұлттық мәдениет пен құндылықтарға сәйкес оқыту мен тәрбие идеяларын кіріктіретінін аңғартады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұлттық құрылтайда берген тапсырмасына сәйкес «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» идеясының жүзеге асырылуы үшін қоғамда өз ісіне жауапты және адал азаматтарды қалыптастыру – әлеуметтік және экономикалық дамудың маңызды шарттарының бірі болып табылады[1].

Әділетті қоғамды құру үшін білім беру жүйесінде азаматтық жауапкершілікті арттыру, адалдық, әділеттілік, адамгершілік құндылықтарды насихаттау маңызды. Білім алушыларды мектептен бастап, өз ісіне адал, жауапты, тәртіпті болуға үйрету қажет. Сабақта теориялық біліммен қатар, практикалық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар арқылы да азаматтық және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға көңіл бөлінуі тиіс.

Азаматтардың құқықтары мен міндеттерін түсіну, заңдарға бағыну және құқықтық мәдениетті дамыту – адал азаматтарды қалыптастырудың маңызды аспектілері. Бұл үшін құқықтық білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында түрлі іс-шаралар өткізу қажет. сонымен қатар жастарды қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге тарту, қоғамдық жобаларға қатыстыру арқылы олардың әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға болады. Әлеуметтік жобалар мен волонтерлік шаралар азаматтардың адалдығы мен жауапкершілігін дамытуға ықпал етеді.

Адалдық, әділеттілік, мәртебе мен жауапкершілік сияқты моральдық құндылықтарды жастар арасында насихаттау – «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» идеясын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Адал және жауапты азаматтар ретінде үлгі боларлық тұлғаларды қоғамда насихаттау, олардың іс-әрекеттерін жастарға таныстыру арқылы адалдықты насихаттауға болады. Мысалы, кәсіпкерлік саладағы адал, қоғамға пайда келтіріп жүрген тұлғалар, әлеуметтік қызметкерлер, мұғалімдер, дәрігерлер секілді мамандар жастар үшін үлгі бола алады.

Сондай-ақ заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы адал азаматтарды тәрбиелеу мүмкіндіктерін арттыруға болады. Интернет ресурстарында азаматтық білім беру материалдарын, бейне мазмұндарды әзірлеу және іске асыру – жастардың жауапкершілігін арттыруға және адалдық құндылықтарын дамытуға ықпал етеді.

«Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» идеясын іске асыру үшін өз ісіне жауапты, адал азаматтарды тәрбиелеу – барлық қоғамның, мемлекеттік мекемелер мен білім беру ұйымдарының ортақ міндеті. Бұл процесс тек жеке адамның емес, бүкіл қоғамның дамуына ықпал етеді, сондықтан да әрбір азаматтың қоғамға қосқан үлесі аса маңызды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының отандық және халықаралық тәжірибелерге негізделген әдіснамалық аспектілері кешенді тұлғаны

қалыптастырудың маңыздылығын көрсетеді. Халықаралық тәжірибе тәрбие мен білім берудің біртұтастығын көрсетсе, ұлттық мұралар мен мәдени құндылықтар осы үдерісінің негізін құрайды.

Осыған сәйкес, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қоғамға әлеуметтік жауапты, моральдық тұрғыдан жетілген және мәдени бай азаматтарды қалыптастыруға жағдай жасайтын тәрбие жүйесін құруға бағытталған. Бағдарлама білім беру мазмұнын құндылықтарға негізделген көзқараспен байыта отырып, ұлттық және жаһандық идеялар арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етеді. Тәрбиенің үздіксіздігі мен тұлғаның барлық қырларын қамту, қоғамдағы өзгерістерге бейімделу қабілетін дамыту – бұл бағдарламаның басты ерекшелігі.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы зерттелген тәжірибелер негізінде тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін кешенді тәрбие жүйесін құруды мақсат етеді. Ұлттық және халықаралық зерттеулерді талдай отырып, білім беру ұйымдары мен жалпы қоғамға келесі ұсыныстарды беруге болады:

- Білім беру ұйымдары тәрбиені оқу процесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастыруы қажет. Бұл академиялық білім берумен қатар, білім алушылардың моральдық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз етеді.

- Білім мазмұнына құндылықтарды кіріктіру маңызды. Құндылықтарды кіріктіру арқылы білім алушылардың рухани және мәдени тұрғыдан дамуына жағдай жасалады.

- Қазақ ойшылдары мен ағартушылардың тәрбиеге қатысты педагогикалық идеялары бағдарламаның негізгі бағыттарын айқындауға үлгі болып табылады. Ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді сақтау арқылы қазіргі заманауи тәрбие үдерісін дамыту ұсынылады.

- Білім беру ұйымдары білім алушыларды өзгермелі әлемде өмір сүруге және жұмыс істеуге дайындауы қажет. Бұл икемділік, бейімделу және өзін-өзі үздіксіз жетілдіру қабілеттерін дамыту арқылы жүзеге асады.

- Білім беру мен тәрбиені үйлестіруде отбасының, қоғамның және мектептің тығыз қарым-қатынасы маңызды. Тәрбие беру мен білім алу барысында ата-аналар мен қоғамның белсенді қатысуы білім алушылардың табысты болашағын қамтамасыз етеді.

Осы ұсыныстарды ескере отырып, білім беру ұйымдары мен жалпы қоғамға «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыруда тәрбие процесін жүйелі түрде ұйымдастыру және құндылықтарды интеграциялау арқылы болашақ ұрпақты жан-жақты дамытуға мүмкіндік беруіміз қажет [19].

2 БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Қазіргі кезеңдегі Қазақстанның дамуы қоғамның әділдікке, жауапкершілікке және инновацияға негізделген жаңа құндылықтарға бейімделуін талап етеді. Мемлекет пен қоғам арасындағы сенім, азаматтардың адал еңбегі және озық ойлы ұрпақ тәрбиесі осы процестің негізгі ұстанымдарына айналуға. Білім беру жүйесіндегі тәрбие жұмысы да осы бағыттарға сәйкес келіп, жастардың бойына адамгершілік, еңбекқорлық және шығармашылық ойлауды сіңіруге бағытталған. Әлемдік сын-тегеуріндерге жауап бере алатын, елінің болашағына жауапкершілікпен қарайтын, шығармашыл және жаңашыл азаматтарды қалыптастыру – Қазақстанның ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарының бірі. Осы тұрғыда білім беру жүйесінде тәрбие жұмысының рөлі арта түсуде.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында мемлекетіміздің модернизациясы маңызды бастамаларына баса мән берген болатын. Бұл бастамалар «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» идеясы арқылы сипатталды. Осы ұштаған мемлекетті жаңғырту тетіктерін сипаттап, әрбір азаматқа өзінің әділдік, азаматтық жауапкершілік және озық ойлау қабілетімен дамыған қоғам құруға мүмкіндік береді[1].

«Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» үштігінің идеясы қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеуге арналған.

Бұл ұштаған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың Ұлттық құрылтайда берген тапсырмасына сәйкес 2024 жылғы 30 маусымда ҚР Оқу ағарту министрінің №194 бұйрығымен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бекітілді.

2024-2025 оқу жылында барлық білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы жаңартылған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. Білім алушылардың дүниетанымын, мінез-құлқын, қоғам мен қоршаған ортаға деген көзқарасын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар жоспарлануда.

Бағдарлама балаларды тәрбиелеудің құндылықтарға және құзыреттілікке негізделген 2 негізгі тәсілін қамтиды.

Негізгі құндылықтар тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық – білім беру процесінің ажырамас бөлігі ретінде оқыту мен тәрбие мазмұнына енгізілген және жүйелі түрде іске асырыла бастады.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы білім сапасын басқарудың стратегиялық құралы ретінде қарастырылады. Бағдарламаның мақсаты – білім алушылардың

жан-жақты дамуы мен тәрбие процесінің барлық аспектілерін қамту арқылы білім сапасын арттыру болып табылады.

«Біртұтас тәрбие» білім беру ұйымдарында тәрбие мен оқыту арасындағы бірлікті қамтамасыз етуге, тұлғаның рухани және әлеуметтік дамуын қолдауға бағытталған стратегиялық құрал ретінде маңызды идеологиялық құжат.

Бағдарламада білім сапасын басқарудың тиімділігін арттыруға ықпал ететін әдістемелік және ұйымдастырушылық шаралар сипатталады. Бағдарлама мектеп пен отбасы, қоғам арасындағы ынтымақтастықты нығайту арқылы, білім алушылардың оқу үлгеріміне және әлеуметтік жауапкершілікті сезінуіне жағымды ықпал етеді.

Білім алушылар арасында құндылықтар мен құзыреттіліктерді қалыптастыратын білім беру және тәрбие жобалары іске асырылу жоспарланған.

Биылғы жылдың қыркүйек-қазан айында түрлі маңызды іс-шаралар атқарылды: «Мектебім-мейірім мекені» білім сабағы (7800 мектеп және 770 колледж), «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі (21 мың отбасы), «Менің мектебім буллингке қарсы» республикалық флешмобы (750 мың білім алушы), «Қамқор» әлеуметтік жобасы аясында «Еңбек – түбі береке» бірыңғай сынып сағаты (450 мың білім алушы), Қауіпсіздік сабақтары (891 891 сабақ), «Таза Қазақстан» көктемгі және күзгі науқандар челленджі (3 млн білім алушы), «Даналық» ұстаздан» (3 млн. білім алушы) қатысты.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асырылу бойынша білім беру ұйымдары педагогтері мен ата-аналарға сауалнама жүргізілді.

Сауалнамаға 269 317 ата-ана мен 49 665 педагог қатысты. Нәтижесінде келесідей қорытындылар жасалды:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы барлық білім беру ұйымына 100% енгізілді, ал оның ішінде сапалы жүзеге асырып жатқаны 37% құрайды, Бағдарламаны қоғам 100% жақсы қабылдап, оның аясында бірлесіп әрекетке көшуге дайын екенін көрсетті.

Бағдарлама білім алушылардың белсенділігін (94%) арттыруға ықпал еткен, мектеп пен ата-аналардың тәрбие мәселелері бойынша өзара бірлесіп әрекеттесуіне ықпал ету (қыркүйек айының басынан бастап өсім 21% байқалады, яғни қыркүйекте көрсеткіш 63% болса, қазіргі уақытта 84% құрайды), ата-аналардың оқу-тәрбие процесіне қатысуында оң динамика байқалады (63%), бағдарламаны іске асыру әдістерінде идеялық көзқарастарды қалыптастырудан мінез-құлық тәжірибелерін, әлеуметтік нормалар мен негізгі құзыреттерді дамытуға оң өзгерістер 53% көрсетті.

Бағдарламаны іске асыру әдістерінде оң өзгерістер байқалады, яғни білім беру ұйымдарында идеялық ұстанымдарды қалыптастыру, әлеуметтік нормалар мен негізгі құзыреттерді дамытуға 53% оң ықпал еткендігі байқалды.

Сауалнама оң ықпалдармен қатар, бірқатар қиындықтардың да бар екендігін көрсетті. Атап айтқанда:

– 43% педагог бағдарламаны сапалы жүзеге асыруда жеткілікті құзыретке ие емес;

– 37% жас мамандар бағдарлама аясында қиындықтармен бетпе-бет

келуде;

– 29% ата-аналар жұмыс пен мектеп арасындағы уақытты тиімді үйлестіруде қиындықтарға тап болуда;

– 58% педагогтердің сынып жетекшісі ретіндегі функцияларын орындауда мотивация деңгейі төмен.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы зерттелген тәжірибелер негізінде тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін кешенді тәрбие жүйесі құрылды. Ұлттық және халықаралық зерттеулерді талдай келе білім беру ұйымдарында құндылыққа бағдарланған білім беруде оқыту мен тәрбиені қалай және қандай жолмен жүзеге асыруға болатындығын және білім сапасын басқарудың стратегиялық әдіс-тәсілдерін жетілдіру арқылы білім беру процесінің тиімділігін арттыруға болады.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы білім сапасын басқарудың стратегиялық құралы ретінде білім алушылардың құндылықтар жүйесін қалыптастыру және олардың жан-жақты дамуына ықпал етеді, сондай-ақ оқыту мен тәрбиені біртұтас жүйе ретінде қарастырып, қоғамға жауапты, белсенді және адал азаматтарды тәрбиелеуді мақсат етеді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы білім сапасын басқарудың стратегиялық құралы ретінде тиімді болу үшін келесі ұсыныстарды ұсынуға болады:

Білім беру ұйымдары тәрбиені оқу процесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастыруы қажет. Бұл академиялық білім берумен қатар, білім алушылардың моральдық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз етеді;

Білім мазмұнына құндылықтарды интеграциялау маңызды. Құндылықтарды интеграциялау арқылы білім алушылардың рухани және мәдени тұрғыдан дамуына жағдай жасалады. Осы мақсатта әр пәнде құндылықтарды дамытатын практикалық тапсырмалар мен жобаларды қолдану;

Білім беру мен тәрбиені үйлестіруде отбасының, қоғамның және мектептің тығыз қарым-қатынасы маңызды. Осы мақсатта мектеп пен отбасының ынтымақтастығын күшейте отырып, отбасылық құндылықтарды білім беру процесіне интеграциялау. Бұл білім алушылардың табысты болашағын қамтамасыз етеді;

Құндылықтар мен әлеуметтік дағдылардың қалыптасуын бағалау үшін арнайы критерийлер мен көрсеткіштер енгізу;

Қазақ ойшылдары мен ағартушылардың тәрбиеге қатысты педагогикалық идеялары бағдарламаның негізгі бағыттарын айқындауға үлгі болып табылады. Ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді сақтау арқылы қазіргі заманауи тәрбие процесін дамыту арқылы білім алушылардың моральдық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуын білім сапасын бағалау жүйесіне қосу;

Білім беру ұйымдары білім алушыларды өзгермелі әлемде өмір сүруге және жұмыс істеуге дайын болуы қажет. Бұл икемділік, бейімделу және өзін-өзі үздіксіз жетілдіру қабілеттерін дамыту арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыда құндылықтарды дамытуға арналған интерактивті онлайн ресурстар, қосымшалар мен платформаларды қолдану;

Білім алушылардың құндылықтарға қатысты ой-пікірлерін білдіру үшін

онлайн форумдар мен пікірталас алаңдарын ұйымдастыру;

Құндылықтарға қатысты білім алушылардың көзқарастары мен олардың дамуын үнемі қадағалау;

Құндылыққа бағдарланған білім беруде тәрбие экожүйесін қалыптастыру; Мектеп, ата-аналар, қоғам және БАҚ арасында тығыз байланыс орнатып, білім алушыларға құндылықтарды насихаттау.

Педагогтерге тәжірибе алмасу мақсатында құндылыққа бағдарланған білім беру тәсілдемесі негізінде білім сапасын басқару стратегиясы бойынша семинарлар, вебинарлар, тренингтер ұйымдастыру[20].

Осы ұсыныстар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыруда құндылықтарды интеграциялау арқылы қоғамда белсенді, өз ісіне жауапты, адал азаматты тәрбиелеуге ықпал етеді.

Бағдарламаны іске асырудың ұйымдастырушылық аспектілері бағдарламаның жоспарланған мақсаттарына жетуге қажетті барлық процестер мен құрылымдарды қамтиды. Ұйымдастырушылық аспектілер бағдарламаны тиімді түрде жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарды бөлуді, басқару жүйесін және мониторинг жүргізу тетіктерін қамтиды.

Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асырудағы негізгі ұйымдастырушылық аспектілеріне мыналар жатады:

Мақсат мен міндеттерді жүзеге асыру: Бағдарламаның негізгі мақсатын, оның міндеттері мен күтілетін нәтижелерін анықтау бағдарламаны тиімді іске асырудың бастапқы қадамы болып табылады. Бұл мақсаттарды жүзеге асыру бағдарламаның нәтижелігін бағалау үшін де маңызды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын мектептің даму жоспарына енгізу – «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мақсатын мектептің жалпы даму жоспарына енгізу, әрбір жылға арнап арнайы іс-шаралар мен жобаларды жоспарлау арқылы тәрбиелік жұмыстардың жүйелілігі қамтамасыз етіледі.

Жоспарлау және ресурстарды бөлу: Ұйымдастырушылық аспектілер ресурстарды, соның ішінде қаржылық, кадрлық, материалдық және уақыт ресурстарын жоспарлауды талап етеді. Бұл ресурстардың жеткілікті болуы және тиімді бөлінуі бағдарламаның сәтті іске асуының кепілі.

Тәрбие мен білім беру қызметін интеграциялау – бағдарламаның оқу процесіне енгізілуі. Оқу жоспарларына тәрбие құндылықтарын енгізу арқылы әр пәнге тәрбие құндылықтарын қосу, мысалы, этика, адамгершілік және құндылықтарды үйрету мақсатында пәндер мен тақырыптарды байланыстыру. Мұның арқасында білім беру мен тәрбиенің біртұтастығы сақталады.

Педагогикалық құрамның біліктілігін арттыру – мұғалімдер мен тәрбиешілердің бағдарламаның негізгі қағидаларын түсінуі мен қолдану тәжірибесін жетілдіру. Осы мақсатта біліктілік курстарын, әдістемелік семинарларды, тренингтер мен шеберлік сыныптарды ұйымдастыру маңызды, себебі бұл бағдарламаның тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Бағдарламаны іске асыруда жауапты тұлғаларды анықтау және олардың қажетті біліктілікке ие болуын қадағалау маңызды. Әр педагогтің рөлі мен міндеттері нақты анықталуы керек.

Тәрбие жұмысын үйлестіру үшін жауапты топ құру – мектеп әкімшілігінің, педагогтер мен педагог-психологтердің, сондай-ақ сынып жетекшілердің қатысуымен жұмыс тобын құру. Бұл топ бағдарламаға қатысты тәрбие шараларын жоспарлау, ұйымдастыру және олардың орындалуын бақылау жұмыстарын жүйелейді. Сонымен қатар, олардың әрбір шараның мақсат-міндеттерін айқындауға, ресурстарды тиімді бөлуге үлесі зор.

Басқару жүйесін ұйымдастыру: Бағдарламаны тиімді басқару үшін бақылау және талдау жасалуы тиіс. Бұл жүйе бағдарламаның орындалуын тұрақты түрде бақылауға және уақытында түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

Жұмыстарды үйлестіру: Білім беру ұйымдары мен мемлекеттік мүдделі органдар, ата-аналар және жергілікті қауымдастықтар тиімді қарым-қатынас орнату қажет. Бағдарлама шеңберіндегі іс-шаралар мен әлеуметтік жобаларды іске асыруда бірлесіп, ынтымақтастықта жұмыс істеу – бағдарламаның табысты жүзеге асуының негізгі аспектілерінің бірі.

Отбасымен серіктестікті дамыту – «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын отбасылық құндылықтармен ұштастыра отырып, ата-аналардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету. Бұл үшін ата-аналар жиналыстары мен конференциялар ұйымдастыру, ата-аналарды арнайы семинарлар мен тренингтерге тарту арқылы оларды бағдарламаның қағидаларымен таныстыру керек. Сонымен бірге, ата-аналарға арналған кеңес беру платформаларын құру арқылы балалардың тәрбиесіне байланысты отбасының үлесін арттыруға болады.

Қоғамдық және әлеуметтік серіктестермен байланыс орнату – жергілікті қауымдастықтар, мәдениет және спорт ұйымдары, кәсіпорындар мен басқа да мекемелермен серіктестікті дамыту арқылы бағдарламаны кеңейту мүмкіндігіне жол ашылады. Бұл білім алушылардың әлеуметтік жобаларға, қайырымдылық шараларына, қоршаған ортаны қорғау акцияларына қатысуына мүмкіндік береді.

Тәрбие жұмысын жүргізу үшін қажетті материалдық базаны нығайту – бағдарлама аясында сыныптан тыс іс-шараларды, спорттық және мәдени шараларды өткізуге қажетті инфрақұрылымды қамтамасыз ету, мысалы, спорт залдарын, кітапхана, оқушылар клубтарын дамыту. Сонымен қатар, білім алушылардың қызығушылығына қарай шығармашылық үйірмелер мен клубтар ұйымдастыру үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлу қажет.

Мектеп мәдениетін қалыптастыру – мектеп ұжымында құндылықтарға негізделген достық, өзара сыйластық пен ынтымақтастық мәдениетін қалыптастыру. Бұл білім алушылар мен ұстаздардың өзара қарым-қатынасын жақсартып, тәрбие жұмыстарына ортақ мақсатпен атқаруға жағдай жасайды.

Мониторинг және бағалау: Бағдарламаны іске асыру процесін жүйелі түрде бақылап отыру, нәтижелерді бағалау және оларды алға қойған мақсаттармен салыстыру керек. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында тәрбие жұмыстарының тиімділігін бағалау және талдау жүйесін құру. Тәрбие бағытындағы жұмыстарды тұрақты түрде қадағалап, оқушылардың дамуына

әсерін зерттеу үшін бағалау критерийлерін әзірлеп, диагностика, сауалнамалар және бақылау жұмыстарын жүргізу маңызды. Мониторинг және бағалау арқылы бағдарламаның тиімділігі мен нәтижелілігін анықтап, қажет болған жағдайда ұсыныстар мен түзетулер енгізуге болады.

Сын-тегеуріндерді басқару: Бағдарлама шеңберінде іс-шараларды іске асыру барысында пайда болуы мүмкін тәуекелдер мен қиындықтарды алдын-ала анықтап, оларды азайту үшін арнайы стратегиялар жасау маңызды.

Бұл ұйымдастырушылық аспектілер «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жүйелі түрде іске асырылуын қамтамасыз етіп, білім алушылардың жан-жақты дамуына, рухани-адамгершілік құндылықтардың қалыптасуына жол ашады.

Ұйымдастырушылық аспектілердің барлығы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберіндегі іс-шаралар мақсаттарының ойдағыдай орындалуына, ресурстардың тиімді пайдаланылуына және жалпы нәтижелілікті арттыруға бағытталған.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберіндегі іс-шаралады тиімді іске асыру үшін қосымша келесі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады:

Тұлғалық дамуға бағытталған тренингтер мен шеберлік сабақтар – бұл білім алушылардың өзін-өзі тануына, эмоционалдық интеллектін дамытуға, стресс пен қақтығыстарды басқару дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Осы шаралар өзін-өзі дамытуға және эмоцияларды тиімді басқаруға жол ашады.

Құндылықтарға негізделген жобалық жұмыстар – білім алушыларды қоғамға қызмет ету әлеуметтік жобаларына тарту арқылы олардың адамгершілік, экологиялық және азаматтық жауапкершіліктерін қалыптастыруға болады. Мысалы, табиғатты қорғау, қайырымдылық және әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталған жобалар білім алушылардың бойында мейірімділік, жанашырлық сезімдерін дамытады.

Ұлттық мәдени және тарихи мұрамен таныстыру – арнайы экскурсиялар, мұражайларға бару, ұлттық мерекелер мен дәстүрлерге байланысты бағдарлама шеңберіндегі іс-шаралар арқылы білім алушылардың өз елінің тарихы мен мәдениетіне деген құрметін арттыру арқылы тәрбие құндылықтарын бойларына сіңіруге көмектеседі.

Кураторлық және менторлық бағдарламалар – әр білім алушыға мектепте тәжірибесі мол мұғалім немесе жоғары сынып оқушысынан тәлімгер бекіту, олардың сыныптастарымен өзара әрекетін дамытып, тәртіп, жауапкершілік, адалдық дағдыларын қалыптастыруға қолдау болады.

Интерактивті әдістерді қолдану – пікірталас, рөлдік ойындар, дебат және симуляциялық жаттығулар арқылы білім алушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту, оларға өз пікірін еркін білдіру мүмкіндігін беру. Мұндай әдістер коммуникативтік дағдыларды жетілдіруге, өз пікірін қорғауды және басқаларды тыңдауды үйренуге ықпал етеді.

Құндылықтарын интеграциялау – пән сабақтарына құндылықтық компоненттерді енгізу, мысалы, әдебиет сабағында кейіпкерлердің адамгершілік қасиеттерін талқылау, тарихта – ұлтжандылық пен ерліктің мәнін ашу, жаратылыстану пәндерінде экология мәселелерін көтеру арқылы

құндылықтарды пәндік мазмұнға сіңіру.

Отбасымен тығыз байланыс орнату – ата-аналармен бірге тәрбие іс-шараларын ұйымдастыру, отбасылық құндылықтарды сақтау мен нығайтуға бағытталған іс-шараларға тарту арқылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мақсатына тиімді қол жеткізуге болады.

Осы әдістер бағдарламаның мазмұнын байытады және білім алушылардың тұлғалық, әлеуметтік және моральдық тұрғыда үйлесімді дамуына жол ашады.

3 БАҒДАРЛАМАНЫ ТӘЖІРИБЕДЕ ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын тәжірибеде іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар білім беру ұйымдарының барлық педагогтеріне, сынып жетекшілеріне, тәрбиешілерге және басқа да білім беру саласының мамандарына бағдарлама мақсаттарын тиімді жүзеге асыруға көмектеседі. Бұл ұсынымдар бағдарламаның негізгі қағидаттарын сақтауға, білім алушыларды жан-жақты дамуына ықпал етуге бағытталған.

1. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін түсіну

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру. Осы мақсатқа жету үшін бағдарламаның нақты міндеттері айқындалды.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

элеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;

отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Құндылықтарға негізделу: Бағдарламаның басты қағидаттары мен құндылықтарын анықтап, олардың оқу-тәрбие процесіне қалай интеграциялауды түсіну қажет. Құндылыққа бағдарланған сынып сағаттары мен сабақ жоспарын әзірлеп, өткізу; құндылыққа негізделген жобалар мен іс-шараларды ұйымдастырып, өткізу

2. Білім беру ұйымының ерекшеліктерін ескеру

Әрбір білім беру ұйымы ерекше. Сондықтан бағдарламаны жүзеге асыруда жергілікті қауымдастықпен ынтымақтастық орнату, білім алушылардың әлеуметтік жағдайы мен мектеп қауымдастығының мәдени ерекшеліктерін ескеру маңызды.

Оқу жоспарлары мен сабақтан тыс іс-шараларды үйлестіру: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберіндегі іс-шараларды сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта да қолдану қажет. Бұл білім алушылардың білімін тек оқу процесінде ғана емес, мектептің күнделікті өмірінде де дамытуға көмектеседі.

3. Жеке тұлғаның дамуына қолдау көрсету

Білім алушылармен жеке жұмыс: Білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиелік жұмыс жүргізу маңызды. Бұл үшін тұлғалық бағдарланған әдістерді қолдану, олардың қызығушылықтарын, қабілеттерін және даму деңгейін ескеру қажет.

Білім алушыларды белсенді қатыстыру: Бағдарламаға білім алушылардың өздерін белсенді қатыстыру, оларды шешім қабылдауға, жоспарлауға және іс-шаралар ұйымдастыруға тарту қажет. Бұл білім алушыларда жауапкершілік пен өзін-өзі басқару дағдыларын дамытады.

4. Әдістемелер мен технологияларды іріктеу

Оқыту мен тәрбиелеудің заманауи әдістерін пайдалану: Оқытуда ойын технологиялары, жобалық оқыту, ситуациялық тапсырмалар және тәжірибелік сабақтар қолданылуы мүмкін. Бұл әдістер білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, бағдарламаның мазмұнын жақсы меңгеруге септігін тигізеді.

Цифрлық ресурстарды пайдалану: Цифрлық құралдар мен мультимедиялық материалдарды қолдану бағдарламаның мазмұнын тартымды және түсінікті етеді.

5. Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру

Тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын дамыту: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы білім алушыларды әлеуметтік дағдыларға үйретуге үлкен мән береді. Білім алушылар арасында құрмет, сыйластық және бір-бірін қолдауды қалыптастыру мақсатында әлеуметтік жобалар, танымдық экскурсиялар, кездесулер, тренингтер мен топтық жұмыстар өткізу ұсынылады.

Ата-аналармен өзара әрекеттестік: Ата-аналарды бағдарламаның мақсат-міндеттерімен таныстырып, оларды тәрбиелік жұмысқа қатыстыру қажет. Бұл ата-аналармен байланыс орнатып, мектеп пен отбасы арасындағы тәрбие процесін бір арнаға бағыттауға көмектеседі.

6. Бағдарламаны мониторингтеу және бағалау

Қадағалау және түзету: Бағдарламаның орындалу процесін үнемі

қадағалап, қажет болған жағдайда түзетулер енгізу қажет. Бағдарламаның тиімділігін бағалау үшін білім алушылардың тәртібін, білім деңгейін және дағдыларын үнемі бақылап, нәтижелерін талдау ұсынылады.

Кері байланыс: Білім алушылар мен ата-аналардан кері байланыс алу арқылы бағдарламаның тиімділігін арттыруға болады. Бұл үшін сауалнамалар, жеке әңгімелер, пікірталастар сияқты әдістерді қолдануға болады.

7. Оқытушыларға үздіксіз кәсіби қолдау

Кәсіби даму және әдістемелік көмек: Бағдарламаны сәтті жүзеге асыруы үшін педагогтерді әдістемелік материалдармен және арнайы оқыту семинарлары мен тренингтермен қамтамасыз ету қажет. Үнемі өзара тәжірибе алмасу, біліктілікті арттыру курстарына қатысу педагогтердің кәсіби дамуына ықпал етеді.

Осы әдістемелік ұсынымдар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын тәжірибеде сәтті іске асыруға, сондай-ақ білім алушыларды тәрбиелеу мен дамытуда біртұтастық пен жүйелілік орнатуға көмектеседі.

Сонымен қатар әдістемелік ұсынымдамада білім беру ұйымдарында педагогтерді әдістемелік қолдау мақсатында ұлттық құндылықтарға негізделген сынып сағаттары мен әлеуметтік жобалардың үлгілері ұсынылды.



*Қарағанды қаласы М.Жұмабаев атындағы гимназияның
қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі, сынып жетекші
Сыздыкова Эльмира Каргабаевнаның тәжірибесінен*

Білім беру ұйымының атауы	«М.Жұмабаев атындағы гимназиясы»КММ
Педагогтің аты-жөні:	Сыздыкова Эльмира Каргабаевна

Күні:	30.10.2023
Сынып сағатының тақырыбы:	Адамдықтың белгісі - адалдық
Сынып сағатының мақсаты:	Адалдық пен сенімнің адами қарым- қатынастағы мәнін түсіндіру арқылы, оқушыларды адалдыққа тәрбиелеу.
Құндылық	Әділдік және жауапкершілік, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, адал еңбекті құрметтеу, әдеп нормаларын ұстану, достарына мейірімділік таныту, сөзіне берік, ісіне адал болу, ұлттық мұраға ұқыпты қарау.

Сабақтың барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>I. Ұйымдастыру кезеңі</p> <p>Топқа бөлу</p> <p>-Сәлеметсіңдер ме, балалар!</p> <p>-Егер дайын болсақ, сабағымызды бастайық.</p> <p>-Балалар, барлығымыз бір-бір хаттан алайық.</p> <p>«Жүректен жүрекке» деген хаттан алсақ.</p> <p>-Олай болса, хатта жазылған атаулар бойынша топқа бөлінеміз.</p> <p>Хат мазмұны:</p> <p>Сіз өмірде сондай мейірімді жансыз. Сол себепті мен сіздің мейірімді жүрек тобына отыруыңызды қалаймын.</p> <p>Сіз өмірде сондай жанашыр жансыз. Сол себепті мен сіздің жанашыр жүрек тобына отыруыңызды қалаймын.</p> <p>Сіз өмірде сондай қамқор жансыз. Сол себепті мен сіздің қамқор жүрек тобына отыруыңызды қалаймын.</p> <p>Сіз өмірде сондай батыл жансыз. Сол себепті мен сіздің батыл жүрек тобына отыруыңызды қалаймын.</p> <p>«Мейірімді жүрек» тобы</p> <p>«Жанашыр жүрек» тобы</p> <p>«Қамқор жүрек» тобы</p> <p>«Батыл жүрек» тобы</p>	<p>Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады.</p> <p>Балалар хатты оқып, топтасады.</p>		Топ атаулары жазылған тіреуіштер

	<p>«Болжам» әдісі -Балалар, мына суретке назар аударайықшы. Суреттегі үш алманы екі адамға қалай бөліп берер едіңдер? Адал ниетпен әділ бөлер едіңіздер. -Бүгінгі сынып сағатымыздың тақырыбы қандай болады деп ойлайсыңдар? Оқушылардың пікірін тыңдап, сабақтың тақырыбы «Адамдықтың белгісі – адалдық» екенін хабарлау, мақсатымен таныстыру.</p>	<p>Тақтадағы суретті көріп, сұрақтарға жауап беру арқылы бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не туралы болатынын болжайды.</p>	<p>Қолпаштау сөздері</p>	
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Адам өзінің ішкі жан дүниесіне үңілуі, өзін-өзі тануы, ар-ұяты алдында жауапкершілікті сезінуі үшін адалдық қажет. Адам өзгелермен қарым-қатынаста, іс-әрекетте адалдық танытуына байланысты оның сенімді достары да көп болады. Адалдық болғанда ғана адамдар шындықпен өмір сүре алады.</p> <div style="text-align: center;">  </div> <p>Қазақ пайымында адам бойында адалдық - ар-ұждан мен жан тазалығы тәрізді асыл қасиеттердің жиынтығынан тұрады. Осы тұста ұлы тұлға Шәкәрім Құдайбердіұлының адалдық төңірегінде айтқан ой толғамы: «Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи, ғибадат пен адалдық ар үшін жи», – деп, бақыттың өзі адалдыққа негізделетінін айта келіп, парасатты тұлға болып қалыптасу үшін адам бойындағы асыл қасиеттердің бірлікте болуы керектігін ашып көрсеткен.</p>	<p>Балалар сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Мадақтау, қолпаштау сөздері</p>	

	<p>Шынында, қандай іс жасасақ та, адалдықпен атқаруымыз керек.</p> <p>Шығармашылық жұмыстар</p> <p>Топтық жұмыс</p> <p>1-топ. <u>Ертегі терапиясы</u> «Коллаж» әдісімен ертегінің аяқталуын болжап, коллаж жасаңыздар. Ертегінің тәрбиелік мәні қандай? <i>Мұғалімнің түйін сөзі:</i> Әр адам өз ісіне, кәсібіне адал болса, оның жанында береке де, молшылықта болатынын ұмытпаған жөн.</p> <p>2-топ. Аман қалған досы қандай іс-әрекет жасайды? Жасаған іс-әрекетімен байланысты білдіретін затты табыңыздар. Бұл зат атауы осы жәшіктің ішінде жасырынған. Әңгімеден қандай ой түйге болады? <i>Мұғалімнің түйін сөзі:</i> Әрқашан да өзіңнің достарына адал бол. Досына, айналаңа адал болып, жақсы іс жасасан сені ешкім де, ешқашан ұмытпайды.</p> <p>3-топ. <u>Жағдаяттық тапсырма.</u> Асан сыныпқа кіргенде, ешкім жоқ еді. Ол сөмкесін қойып жатқанда өзінің партасының астынан ақша тауып алды. Бір мезгілде балалар келді, Жандос ақшасын іздеп жүр екен. Асан үндемеді. Сабақ аяқталған соң Жандос қолында тәттілері бар Асанды байқап қалды. Ашуға ерік берген Жандос Асанға ұмтыла жүгірді. Тапсырма. Осы жағдаяттық мәселені шешуде Асанға қандай ақыл-кеңес айтар едіңіздер? Асанға адал жүрудің баспалдағын жасап көрсетіңіздер. Мұғалімнің түйін сөзі:</p>	<p>Ертегінің аяқталуын болжап, сюжетті суреттерден коллаж жасайды. Ертегінің тәрбиелік мәнін ашады.</p> <p>Алдымен өз болжамдарын айтып, талқылайды. Әңгімеден түйген ойды айтады.</p> <p>Берілген жағдаятты шешіп, адалдық баспалдағын құрастырады.</p>	<p>Жарайсыңдар, балалар! Сендер ең өз кәсібіне адал болу екендігін түсінген оқушы екенсіңдер!</p> <p>Жарайсыңдар, балалар! Сендер досқа адал оқушы екенсіңдер</p> <p>Жарайсыңдар, балалар! Сендер ең әділ оқушы екенсіңдер!</p>	<p>https://www.youtube.com/watch?v=f2J53JvJ2j8 Тапсырма жазылған парақшалар, сюжетті суреттер.</p> <p>Жәшік, тапсырма жазылған парақшалар</p> <p>Баспалдақ, желім.</p>
--	--	--	---	--

	<p>Үлкендеріміз не істеп, не қойса да, әсіресе алыс-беріс жасап, дүние бөліскенде адал арамды ойлап, бір-бірінің қақысын жемеуді басты талап етіп қойған. «Өзі жоқтың көзі жоқ» деген. Адам көрмесе де Алла көріп тұр деп білген.</p> <p>Әр ата-ана өзінің баласын дұрыс жолмен жүргенін қалайды және соған тәрбиелейді. Сол себепті саған тиесілі нәрсені алмау керексің. Кез-келген мәселені ақылмен шешуді үйреніңдер, ашуға бой алдырмаңдар.</p> <p>4-топ. Берілген пазл қималарын құрастырып, шыққан суретті бүгінгі тақырыппен байланысыңыз анықтаңыздар.</p> <p>Мұғалімнің түйін сөзі: Қазақ халқының бала тәрбиесіндегі орны елеулі әдет-ғұрып, ырымға толы салт-жорасы – тұсау кесу. Бұл – бала жығылмай жүріп кетсін, болашағы жарқын болсын деген тілекпен жасалатын дәстүр. Міндетті түрде орындалатын салт.</p> <p>Тұсауды ала жіппен кесу көне кезден қалған. Сондықтан жақсылық болып басына бақ қонғанда асып-тасып асылық жасамасын, қиындықта жасып басылмасын, өмірдің күнгейі мен көлеңкесі тең өтсін! - деп баланың аяғына тұсалған ала жіпті пышақпен шорт кеседі. Ала жіп адалдыққа жол ашады. Өмірде біреудің ала жібін аттамай өссін деген ниет білдіреді.</p> <p>Біздің қазақ қоғамында адалдықтың символы болып табылатын ақсақалымыздың ақ батасын берген.</p> <p>Халқыңа адал бол! Ар сақта, абай бол! Ақ жолдан айныма!</p>	<p>Берілген пазл қималарын құрастырып, тұсаукесер рәсімі мен сабақ тақырыбының байланысы туралы сөз қозғайды.</p>	<p>Жарайсыңдар, балалар! Сендер ең жанашыр оқушы екенсіңдер!</p>	<p>Пазл қималары</p>
--	---	---	--	----------------------

<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Рефлексия</p> <p>-Балалар, біздің жүрегімізде әрқашан адалдықтың оты лаулап тұратын болса, әлемнің де есігі бізге әрқашан солай ашық болады. Сондықтан адалдық қасиетімізді ешқашан жоғалтпайық. «Пайда ойлама, ар ойла» - деп Абай атамыз айтқандай ең бірінші адалдықты ту етейік. Өз нанымызды тек адал еңбекпен табуға үйренейік. Адалдықтың туын әрқашан жүрегімізде сақтайық. Адалдық біздің өмірлік ұстанымымыз болсын!</p> <p>Бүгінгі сабақта ненің мәнін түсіндіңдер? Қандай қасиеттерді өздеріңе жинақтайсыңдар? Нені өмірлік ұстаным ретінде қабылдайсыңдар?</p>	<p>Оқушылар өз ойларын түйіндеп жеткізеді.</p>		
-----------------------------	---	--	--	--

*Қарағанды қаласы М.Жұмабаев атындағы гимназияның
қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі, сынып жетекші
Сыздықова Эльмира Каргабаевнаның тәжірибесінен*

«ВВ» Біздің болмыс» күнделігі – тәрбиенің құралы

Бүгінгі таңда әр ұстазды, сынып жетекшіні алаңдатып отырған басты мәселе – өз ана тілінде ойын толық жеткізе алмайтын, қабілеті мен алғырлығын, зеректігі мен зейінін жоғалтып бара жатқан балалар санының күн санап өсуі. Демек, бүгінгі қоғам баланың рухани иммунитетін көтеретін дәстүрлі тәрбие мектебіне мұқтаж екенін байқауға болады. Осыған орай Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің бастауымен еліміздің мектептерінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының нәтижелі жұмыс жасап жатқаны қуантады. Аталған бағдарламаның мақсаты мен міндетін жүзеге асыру мен жас ұрпақтың бойына қазақы болмысымызды қалыптастырудың жолы ретінде мен өзімнің авторлық «ВВ /Біздің болмыс/» күнделігімді ұсынамын.

«ВВ» күнделік – ұлттық әдебиет, ұлттық ұстанымдар, дәстүрлік тағылымдар мен баланың тәрбиесіне, тұлға болып дұрыс қалыптасуына қажетті

дүниелер жинақталған тәрбие құралы. Күнделікпен жұмыс жасаған оқушы Отанын қастерлейтін, елінің ұлтжанды әрі абыройлы азаматы болып қалыптасады. Мәдениетті адам түсінігін бойына сіңіреді. «Оқыған азамат» ұстанымын игереді. Аталған тәрбие құралымен жұмыс нәстеуге әр сынып жетекшісі тәрбие сағатының 15-20 минутын арнаса жеткілікті.

Күнделіктің бірінші ерекшелігі – ұрпақ тәрбиесін ұлттық құндылықпен сабақтастырады.

Екінші ерекшелік, бала күнделікті өзі жалғыз толтырмайды. Күнделік мазмұнды, дұрыс толтырылуы үшін ата-әже, әке-ана және аға-жеңгенің үлесі қажет болады. Үшінші ерекшелік, оқушы бойына ұлттық идея, ұлттық болмысты сіңіртіп, кейін әлемдік әдебиетті оқыту болып табылады.

Күнделікте әр тоқсан белгілі бағытқа негізделген. Осы бағыттар бойынша оқушыға ақпарат беріледі және күнделікті толтыру жұмысы жүргізіледі.

- 1-бағыт «Ата-әжемнің өсиеті»
- 2- бағыт «Әке-ана ақылы»
- 3- бағыт «Еңбек пен кәсіп»
- 4- бағыт «Мен танитын әлем»



«Ата-әжемнің өсиеті» бағытының негізгі жұмыс мақсаты: ХХ ғасырда ерекше құбылыс боп көрінген қазақ зиялыларының басым көпшілігінің бала кезінен сусындап өскен дәстүрлі тәрбие мектебін жандандыру.


Яғни, оқушыларға бата, санамақ, өтірік өлең, жаңылтпаш жаттату, қазақ ертегілерінің мазмұнын талдату арқылы оқушының рухани байлығын дамыта түседі.

1-тоқсан	1-апта 5-апта	Ата-әжемнің өсиеті Дәстүрлі тәрбиенің бір көзі – бата	2-апта 6-апта	Ата-әжемнің өсиеті Сөз атасы – ертегі
		Қымбатты оқушы! Атаңыз бен әжеңізден жаттап алған қандай батаны білесіз?		Қымбатты оқушы! Атаңыз бен әжеңізден тыңдаған ертегінің тәрбиелік ойы қандай болды?
		Сынып жетекшінің кері байланысы		Сынып жетекшінің кері байланысы



1-тоқсан	3-апта 7-апта	Ата-әжемнің өсиеті Жаңылтпайды жаңылтпаш		4-апта 8-апта	Ата-әжемнің өсиеті Санамақ пен өлең	
	Қымбатты оқушы! жаңылтпашты Жаңылмай жазып көрші?			Қымбатты оқушы! Жаттаған санамақты жатқа айтшы!		
	Сынып жетекшінің кері байланысы			Сынып жетекшінің кері байланысы		



«Әке-ана ақылы» бағытында мұғалім мен отбасы мүшелері бірігіп, күнделік арқылы балаға қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдарының мағынасын ашып, оқушының ойына жеткізеді. Жаман әдеттерден аулақ болуды түсіндіреді.

2-тоқсан	1-апта 5-апта	Әке-ана ақылы Ар-ұят деген не?		2-апта 6-апта	Әке-ана ақылы Салт-дәстүр сөйлейді	
	Қымбатты оқушы! Кездесуден алған әсеріңді жаз			Қымбатты оқушы! Бұрын нені білмеген едің?		
	Сынып жетекшінің кері байланысы			Сынып жетекшінің кері байланысы		

2-тоқсан	3-апта 7-апта	Әке-ана ақылы Салт-дәстүр сөйлейді		4-апта 8-апта	Әке-ана ақылы Салт-дәстүр сөйлейді	
	Қымбатты оқушы! Бұрын нені білмеген едің?			Қымбатты оқушы! Бұрын нені білмеген едің?		
	Сынып жетекшінің кері байланысы			Сынып жетекшінің кері байланысы		

Ұрпақты еңбекке ынталандыратын «Еңбек пен кәсіп» бағыты бойынша оқушыға болашақ еңбек жолын дұрыс таңдауға баулиды. Балаға кәсіп түрлері: мал бағу, егін салу, сәулет өнеріне үйрету, зергерлік, тоқымашылық, құсбегі болу сияқты түрлі ұсталық мамандықтар туралы ақпарат беру. Осы саланың білікті мамандармен шеберлік сынып, шығармашылық кездесулер ұйымдастыру.

3-тоқсан	1-апта 5-апта	Еңбек пен кәсіп “Шебер қолдар” алаңы		2-апта 6-апта	Еңбек пен кәсіп “Шебер қолдар” алаңы	
	Қымбатты оқушы! Бұрын нені білмеген едің?			Қымбатты оқушы! Бұрын нені білмеген едің?		
	Сынып жетекшінің кері байланысы			Сынып жетекшінің кері байланысы		

3-тоқсан	3-апта 7-апта	Еңбек пен кәсіп Маман айтады		4-апта 8-апта	Еңбек пен кәсіп Маман айтады	
	Қымбатты оқушы! Бұрын нені білмеген едің?			Қымбатты оқушы! Бұрын нені білмеген едің?		
	Сынып жетекшінің кері байланысы			Сынып жетекшінің кері байланысы		

«**Мен танытын әлем** бағытында әлем әдебиетіндегі шығармаларды қазақ тілінде оқу. Джек Лондон, Даниел Дефо, Гарри Поттерді, Гулливердің саяхаты секілді шетел қаламгерлерінің шығармаларын оқыту арқылы оқушылардың оқырмандық талғамын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Таным түйсігін кеңейтіп, сөздік қорын молайтады.

4-тоқсан	1-апта 5-апта	Мен танытын әлем Шығармадан алған әсерім!		2-апта 6-апта	Мен танытын әлем Шығармадан алған әсерім!	
	Сынып жетекшінің кері байланысы			Сынып жетекшінің кері байланысы		

4-тоқсан	3-апта 7-апта	Мен танытын әлем Шығармадан алған әсерім!		4-апта 8-апта	Мен танытын әлем Шығармадан алған әсерім!	

Аталған күнделікпен жұмыс жасату арқылы сынып жетекші қандай нәтижеге қол жеткізе алады:

- Дәстүрлі тәрбие мектебін жандандырады;
- Баланың рухани иммунитетін көтереді;
- Баланың өз тарихына, ұлттық мәдениеті мен дәстүріне құрметін оятады.



Сынып жетекшінің міндеттері:





- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарында күнделікке кері байланыс беру;
- сыныпта өзара түсіністікті құру;
- жыл соңында әр отбасы қорғайтын жобаның өтуін ұйымдастырып, қорытындысын шығару.





Рухани құндылықтың түрлі үлгісі тәпсірленген «ВВ» Біздің болмыс» күнделігін алған Қарағанды қаласының Мағжан Жұмабаев атындағы гимназияның 6 «А» сынып оқушылары қолдануды бастады.



*Қарағанды қаласы Мағжан Жұмабаев атындағы гимназиясы
көркем еңбек пәнінің мұғалімі, сынып жетекші Қараша Гулнур
Оралбаевнаның тәжірибесінен*

Күні:		
Сынып жетекші:	Қараша Гулнур Оралбаевна	
Сынып: 5 «Д»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі	
Сабақтың мақсаты:	Отбасы құндылықтары туралы түсінік беру. Сүйіспеншілік, сыйластық құндылықтары туралы түсінік беру.	
Құндылықтар:	Ұлттық мүдде. Талап. Ар-ұят.	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Бағалау	Ресурстар Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары
------------------------	-----------------	---------------	---------	---

<p>Ұйымдастыру кезеңі (5мин)</p> <p>Сабақтың ортасы 15минут</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі Амандасу, оқушыларды түгендеу, сабаққа дайындығын тексеру Сыныпта психологиялық ахуал орнату «Жүрекше» әдісі арқылы бір-біріне тілек тілеу. Ой қозғау Ата-ана асқар тау алдындағы Әрқашан асқақтайсың алдында әлі. Өзің берген өнеге тәрбиенмен Бақыттымыз жанұя бауырындағы. «Отбасы - ең негізгі құндылық» бейнебаянын көреді Сұрақтар: Бұл видео не туралы? Бұл видеода не байқадыңдар? Баласының ата-анасына деген көзқарасы қандай? «Отан отбасынан басталады» деген мақалды қалай түсінесіңдер? <i>Құндылықтарға дарыту:</i> Талап құндылығы. Проблемалық сұрақтарға жауап алу арқылы сыни және креативті ойлауға жетелеу. Ар-ұят құндылығы оқушының іс-әрекеті арқылы отбасы мүшелеріне қамқор болуға, мейірімдік танытуға үйрету Практикалық жұмыс. «Пазл» әдісі арқылы топқа бөлу 1топ 2топ 3топ</p>	<p>Оқушылар мұғаліммен амандасады, түгенделеді. Психологиялық ахуал Бір-біріне тілек тілейді.</p> <p>Оқушылар пікірін білдіреді.</p> <p>Бейнебаян көреді</p> <p>Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Мадақтау</p>  <p>Кабинетте жасырылған пазлдарды құрау арқылы топқа бөлінеді</p> 	<p>Жүрекшелер Әсем әуен Интерактивті тақта</p>  <p>https://www.youtube.com/watch?v=HhJyCVwWcY8</p> <p>Көңілді әуен Сурет бөлшектері</p>
<p>Сабақтың ортасы 20минут</p>	<p>Тапсырма №1 «Барабан» әдісі Вертуалды барабанды айналдыру арқылы түскен сұраққа жауап беру. Мақсаты: Түрлі жағдаяттар шешу арқылы ынтымақтастық,</p>	<p>Топ басшысы өз тобымен ақылдаса отыра жауап береді</p>	<p>«Смайликтер» әдісі</p>  <p>Интерактивті тақта</p>

	<p>сүйіспеншілік, мейірімділік қасиеттерін қалыптастыру. Құндылықтарға дарыту: <i>Ұлттық мүдде.</i> Отбасы тәрбиесіндегі салт-дәстүрлердің мәнін ашып көрсету. <i>Талап құндылығы</i> жеке және командамен жұмыс істей білуге, дұрыс қарым – қатынас орната білуге тәрбиелеу. <i>Ар ұят құндылығы</i> шәкірттің іс-әрекеті арқылы ата-анасына сүйіспеншілікпен қарауға, кішігі ізет, үлкенге құрмет көрсетуге жетелеу.</p> <p>Тапсырма №2 «Дода» сайысы Топтар арасындағы Wordwall платформасы арқылы (10,20,30,40)ұяшықтарын таңдау арқылы мақал – мәтелдерді жалғастыру. Мақсаты: Оқушылар ынтымақтастықта жұмыс жасай білуге ,бір-біріне деген сыйластықты көрсетуге үйрену</p> <p>Құндылықтарға дарыту: <i>Ұлттық мүдде.</i> Ұлттық тәлім-тәрбиені дұрыс насихаттау. <i>Талап құндылығы.</i> Жеке және командамен жұмыс істей білуге, дұрыс қарым – қатынас орната білуге тәрбиелеу. <i>Ар ұят құндылығы.</i> Оқушының іс-әрекеті арқылы ата-анасына сүйіспеншілікпен қарауға, кішігі ізет, үлкенге құрмет көрсетуге тәрбиелеу.</p>	 <p>Ұяшықтарды таңдау арқылы мақалдарды жалғастырады</p> 	 <p>«Домбыра» әдісі</p> 	
<p>Сабақтың соңы 5 минут</p>	<p>Қорытынды Халқымыздың «Отан – отбасынан басталады» деуі тегіннен-тегін емес. Халық даналығының қайнар көзі, сарқылмас бұлағы да «отбасы» деген қасиетті ұғымнан басталып, ғасырлар қойнауына еніп, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отыр. Ата-бабаларымыздың «Ата көрген оқ жонар, Ана көрген тон пішер» деген мақалының үлкен мәні бар. Баланың идеалы – ата-ана. Жарық дүниеге келіп, көзін ашқаннан көрген, аялы</p>	<p>Оқушылар сабақтан алған әсерлерімен бөліседі</p>		<p>стикерлер</p>

Рефлексия	<p>алақанына салып, ақ сүтін берген әке мен ана – баланың басты үлгісі. Өзінің өмірлік тұлғасының моделін де сол шаңырақтың тірегі мен отбасының ұйытқысына қарап қалыптастырады.</p> <p>«Активатор 3-2-1» әдісі.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бүгінгі сабақта ұнаған 3 тұжырымдаманы айтыңыз. • Бүгінгі сабақта кездескен 2 қиыншылықты айтыңыз. • Бүгінгі сабақ бойынша есте сақтау керек 1 мәліметті айтыңыз. 	<p>Балалар пікірін айтады</p> 	<p>Мадақтау</p> 	
-----------	---	--	---	--

Абай облысы Мақаншы ауданы білім бөлімінің «Қаратұма орта мектеп – балабақшасы» тәрбиешісі Маханова Сауле Какимсеитовнанын тәжірибесінен

Қазақтың ұлттық ойындары-сан қырлы мазмұнға бай қазыналардың бірі. Асықты білмейтін қазақ жоқ шығар. Мал өсірумен айналысып келген ата-бабамыздың өмірінде асықтың алар орыны ерекше.

Асықпен «Ханталапай», «Үш табан», «Шеңбер» сияқты неше түрлі асық ойындары ойналады. Халқымыздың «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар» деп айтуы бекер емес. Асық туралы ырымдар да бар Мысалы:«Алты жыл аш болсаңда , асық мүжіме» деп асық етін кішкентай балаларға жегізбеген. Асық ойыны балаларды ептілікке, алғырлыққа, ширақтылыққа , сыйластыққа баулиды. Топ болып ойнайтындықтан,баланың досы да көп болады.

Бала өмірінде жан-жақты дамуы үшін асық ойындарының маңызы ерекше. Ойын оқытады ,дамытады,тәрбиелейді. Бүлдіршіндердің өсіп, жетілуіне асық ойындарының беретін тәрбиесі зор.

Балалабақшада ойынды кіріктіре отырып өткізілген «Асықтар әлемінде» атты іс-әрекет мақсаты бүлдіршіндерге ұлттық құндылықтарымызды таныту болып табылады. Асық ойындары балаланың күш жігерін арттырып, мергендікке, шапшандыққа, ептілікке қырағылығын дамытады.

Жыл сайын асық ойыны жарыстарын көптеп ұйымдастырудың өз мақсаты бар. Ол біріншіден, балаларды спортқа баулу болса, екіншіден ұмытылып бара жатқан ұлттық ойынды жаңғырту. Асық ойынының дамуын

басқада елдер де дамытуға талпынуда. Асық ойындарын жандандыру мақсатында асық атудан халықаралық сайыстар ,секциялар, чемпионаттар өткізілуде. Сондықтан асық ойындарынан алыс болмағанымыз абзал...

Кіріктірілген бөлімі: Коммуникативтік дағдылары, танымдық және зияткерлік дағдылары, физикалық қасиеттер, әлеуметтік эмоционалды дағдылары.

Тақырыбы: «Асықтар әлемі»

Мерзімі: 29.11.2023

Топ «Аяла» кіші тобы

Мақсаты: Асық туралы білімдерін толықтыру. Асық атудың денсаулыққа пайдасы туралы түсінік бере отыра балаларды қазақтың ұлттық ойын түрлерімен таныстыру.. Ойын арқылы балаларды адамгершілікке, ептілікке, әділдікке, зейінің, шапшаңдыққа сезімталдық қасиеттерін қалыптастыру. Ұлттық ойындарды ойнай отырып, өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттырып, салт-дәстүрлерді дәріптей білуге ынталандыру. Балалардың тіл байлықтарын арттыру, сөздік қорларын молайту..

Әдістері: Әңгімелесу, жеке, топтық ойындар , сұрақ - жауап, сергіту сәті, шаттық шеңбері. асықтар .

Қолданылатын көрнекі құралдар: слайд, суреттер, асықтар, пазлдар, пішіндер т.б

Сөздік жұмысы: Асық – асық

Оқу қызметінің кезеңдері :

Мотивациялық-қозғаушылық

Қайырлы күн, менің сүйікті балаларым! Бүгін біз үшін өте ерекше күн. Бүгін бізге қонақтар келіп отыр. Қонақтармен амандасып алайық

Шаттық шеңбері:

Біз әдепті баламыз.

Айтқан тілді аламыз

Бүгін келген қонақтарға

Иіліп сәлем береміз

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Күн қандай болып тұр?

Біз қалай киінеміз?

Бүгін біз ауылға саяхат жасаймыз.

Ауыл туралы айта кетсек ауылда далаға от жағып самаурынға шәй қойып құстар әдемі әуендерімен шикылдап балаларды далада жиі-жиі ойнауға шақырады. Дала ойындары балаларды қызықтырып, көкпар тартыс, асық, шыбық ойындары жиілеп тұрады. Сонымен қатар балалар тоғызқұмалақ ойнайды. Сақина салу, жасырынбақ , тығылспақ ойнайды. Олай болса біз сендермен Қуаныш атаның ауылына қонаққа барып келсек . Балалар қуана келіседі.

Ал сол ауылда сендерге Қуаныш атаның тапсырмасы бар екен. Соны орындауға тырысайық.

Балалар атамен амандасады.

Ұйымдастырушылық - ізденістік

Ата: балалар сендер қазақтың ұлттық ойындарын білесіңдер ме? Тақия тастамақ, арқан тартыс, күш сынасу, қыз қуу ойындары бар

Ата: Олай болса, менің асықтарымның сырын ашып ойындарын көрсетіп беріңдерші. Мына асықтарға қараңдаршы, бұл жәй асық емес - **сиқырлы асықтар**, әр асықта, әр түрлі ойын тапсырмалар бар.

Ойындарды бастамас бұрын денемізді шынықтырып сергітіп алайық «Қара жорға» биі

Ал балалар шаршап қалған шығарсыңдар енді отырып жайғасыңдар

1. Ал бірінші асығымыз-одан не шығар екен? « Қызыл асық» шықты. Олай болса балалар, қызыл асықтың тапсырмасын орындайық ,кәне. .Пішіндер . Балаларға карточка береміз. Асықтардың ұяшығын табуды пішіндер бойынша асықты жапсырады түсіне де мән береміз.

1. Қызыл түс шеңбер пішін оған қызыл асықты жапсырамыз

2. Көк түсте қандай пішін-ұшбұрыш оған көк асықты жапсырамыз

3. Сары түсте қандай пішін-төрт бұрыш оған сары асықты жапсырамыз.

2. Ал екінші асығымыздан не шығар екен? « Сары асық» шықты. Олай болса ,сары асықтың тапсырмасын орындайық па? Пазлдарды құрастыру Карточкаларды сықтарды түсіне сай құрастырып шығамыз балалар түстерін сәйкестендіру керек.

3. Үшінші асығымызды ашайық « Көк асық» шықты Көк асықтардың тапсырмасын орындайық па балалар. Шапалақ әдісі Асықтарды санап шығу керек балалар

оң қолымда бес саусақ

сол қолымда бес саусақ

бәрін қоссақ он саусақ

күс болып ұшайық қолды ашып жұмамыз

4. Төртінші асығымызды ашайық « Жасыл асық» шықты. Жасыл ашықтың тапсырмасын орындайық . Түсіне қарай топтастыру. Асықтарды түсімен сәйкестендіріп шығу керек. Саусақпен шапалақтау

Жеке жұмыс: Балаларға карточка таратып беру. Сол үлгіге қарап асықтарды орналастырады

Рефлексиялық түзетушілік:

Сергіту жаттығуы **Видеомен жаттығуды орындап шығады.**

Асықтар әні

Рефлексиялық түзетушілік:

- Балалар бүгін қайда бардық?

- Кіммен таныстық ?

Қуаныш атамен **Сиқырлы асықтың** тапсырмасын орындадық

Олар қандай тапсырмалар екен атап жберейікші баріміз.

1. Асықтардың ұяшығын табу?

2. Пішіндерді асықпен сәйкестендірдік

3. Саусақтарға асықтарды жапсырдық түсіне қарай

4. Асықтан пазлдар құрастырдық

Тамаша балалар өте ақылды екенсіңдер.

- Кіммен таныстық ?

-Атамен қандай ойындар ойнадық ? Кімнің атасы асық ойнатады ?
Аталарың ойын ойнай ма сендермен?.

-Ойын несімен ұнады?

-Ауылға барып атаның қандай тапсырмаларын орындадық?

Асықтардың тапсырмасын орындадық. Тапсырмалар бізге ұнады.

Балалар мақал-мәтелдер айтамыз

Көп оқыған озар

Көп ойнаған тозар.

Ал қорытындылай келсек

Ортаға келіп тұрайық,

Шеңберді біз құрайық.

Көріскенше күн жақсы,

Сау - саламат болайық!

Балалар сендер өте жақсы жауап бердіңдер.

Сендерге көп-көп рахмет!

Қуаныш атамен **Сиқырлы асықтың** тапсырмасын орындадық Олар қандай тапсырмалар екен атап жіберейікші бәріміз

1. Асықтардың ұяшығын табу

2. Пішіндерді асықпен сәйкестендірдік

3. Саусақтарға асықтарды жапсырдық түсіне қарай

4. Асықтан пазлдар құрастырдық

Тамаша балалар өте ақылды екеңсіндер.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Балалар қазақтың салт-дәстүрлерін білді.

Түсінуге тиіс: Балалар сұрақтарға дұрыс жауап бере алды .

Істей білуі керек: Балалар ұлттық ойындарды ойнай біледі.

Кері байланыс:


Бүгінгі іс –әрекетеміз ұнадыма сендерге?



Қай ойын ұнады?








Аталарын үйде ойын ойнай ма сендермен?





Қарағанды қаласы М. Жұмабаев атындағы гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Аbugалиева Самал Нуртаевнаның тәжірибесінен



Білім беру ұйымының атауы	«М.Жұмабаев атындағы гимназиясы» КММ			
Пәні:	Танымдық сағат			
Педагогтің аты-жөні:	Аbugалиева Самал Нуртаевна			
Күні:				
Сынып: 4	Қатысқаны	Қатыспағаны		
Тақырыбы	Адалдық – адамның анасы			
Мақсаты	Адалдық пен сенімнің адами қарым- қатынастағы мәнін түсіндіру арқылы, оқушыларды адалдыққа тәрбиелеу.			
Құндылық	Ұлттық мүдде. Талап. Ар-ұят.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	I. Ұйымдастыру кезеңі Топқа бөлу -Сәлеметсіңдер ме, балалар! -Егер дайын болсақ, сабағымызды бастайық. -Балалар, барлығымыз бір-бір жүрекшеден алайық.	Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады. Балалар бір-бір жүректен алады. -Кілт бар. -Адалдық, сенім, әділдік.		Жүрекше, кілт 

	<p>-Жүректің ішінде не бар екен? -Кілтте қандай жазу жазылған?</p> <p>-Олай болса, кілтте жазылған атаулар бойынша топқа бөлінеміз. «Адалдық» тобы «Әділдік» тобы «Сенім» тобы</p> <p>«Ерекше сурет» әдісі бойынша болжам -Үш алманы екі досқа қалай бөліп беруге болады? -Балалар, сендер алманы қалай бөлсеңдер де адал ниеттеріңмен бөліңдер. -Бүгінгі сынып сағатымыздың тақырыбы қандай болады деп ойлайсыңдар? Оқушылардың пікірін тыңдап, сабақтың тақырыбы «Адалдық-адамның анасы» екенін хабарлау, мақсатымен таныстыру.</p>	<p>Оқушылар өз жауаптарын ұсынады.</p> <p>Сұрақтарға жауап беру арқылы бүгінгі сынып сағатының тақырыбы не туралы болатынын болжайды.</p> <p>Сынып сағаты дәптеріне күнді, тақырыпты жазып қояды.</p>	<p>Қолпаштау сөздері</p>	<p>Топ атаулары жазылған тіреуіштер</p> 
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>«Адалдықтың өтемі» бейнебаяны көрсетіледі. -Ертегінің мәнін қалай түсіндіңдер? -Етікшінің іс-әрекеті туралы не айтасыңдар? -Етікші неліктен жіпті түймей жүрді? -Шәкіртінің іс-әрекеті туралы не айтасыңдар? -Неліктен шәкіртіне адамдар көп келе бастады? -Етікшінің орнында болсаңдар не істер едіңдер?</p>	<p>Балалар сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Мадақтау, қолпаштау сөздері</p>	<p>Бейне баян https://www.youtube.com/watch?v=f2J53JvJ2j8</p> 

<p>-Бейнебаянда адам бойындағы қандай қасиеттер айтылады? -Адалдық – адамның ең асыл қасиеті дегенді қалай түсінесіңдер? Шынында, адал істің арты берекелі болады. Қандай іс жасасақ та, адалдықпен атқаруымыз керек.</p> <p>Құндылықтарға дарыту: <i>Талап құндылығы</i> проблемалық сұрақтарға жауап алу арқылы сыни және креативті ойлауға жетелеу. <i>Ар ұят құндылығы</i> шәкірттің іс-әрекеті арқылы ар-ят, адалдықты жоғары қоюға тәрбиелеу. <i>Ұлттық мүдде құндылығы</i> етікші өнері арқылы ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптеу.</p> <p>II. Шығармашылық жұмыстар Топтық жұмыс -Балалар, менің қолымда адалдық сандықшасы бар. Сандықша адалдыққа қаныққан жүрек кілтімен ғана ашылады. Егер сандықшаны ашсақ ішінен сиқырлы сөз шығады. -Адалдық сандығын ашуға көмектесесіңдер ме? -Ол үшін ынтымақтаса, ұйымшылдықпен берілген тапсырманы орындасақ, адалдық сандығы ашылады. Ол үшін топта кілттердің тапсырмасын орындайық.</p> <p>«Адалдық кілттері» әдісі</p> <p>Оқушыларға 3 түрлі кілт тапсырмаларымен беріледі. Топтағы оқушылардың жасаған жұмысына қорытынды жасалады.</p> <p>1. «Жаңа дизайн» кілті «Құрылысшы ақсақал» ертегісі беріледі. Сюжетті</p>	<p>Оқушылар топтаса жұмыс жасайды, әр топ жұмыстарын қорғайды. Әр жұмыстың соңында қорытынды ой-түйіндісі айтылады.</p> <p>1.«Жаңа дизайн» кілті: Ертегіні оқып, сюжетті суреттерден коллаж жасау арқылы жаңа ертегі құрастырады.</p> <p>2.Егер де...» кілті: берілген жағдаятты шешіп, адалдық баспалдағын құрастырады.</p>	<p>Жарайсыңдар, сендер ең парасатты оқушы екенсіңдер!</p> <p>Жарайсыңдар, сендер еңбекқор оқушы екенсіңдер!</p>	<p>Тапсырма жазылған парақшалар, сюжетті суреттер, баспалдақ.</p>       
--	--	---	--

	<p>суреттер арқылы ертегіні жаңаша құрастыр.</p> <p>Қорытынды ой түйіні: Әр адам өз ісіне, кәсібіне адал болса, оның жанында береке де, молшылықта болатынын ұмытпаған жөн.</p> <p>2. Егер де...» кілті Жағдаят: Ажар мен Алмагүл сабақтан келе жатыр еді. Ажар жарнамадан жаңа фильмнің басталғанын көріп: - Менің қалтамда апам “Самса алып жерсің” деп берген ақша бар. Кеттік, кино көрейік, - деді. Алмагүл: - Үйден сұранып шыққан жоқпыз, іздеп қалады ғой - деп, іркіліп қалды. - Ештеңе етпес, “мектепте болдық”деп айта саламыз. - Ажардың ұсынысына сен қалай жауап берер едің? -Ажарға қандай ақыл кеңес айтар едің?</p> <p>Қорытынды ой түйіні: Дүние бөліскенде адал арамды ойлап, бір-бірінің қақысын жемеуді басты талап етіп қойған жөн. қандай жағдай болмасын шындықты айтуды үйрену керек.</p> <p>III. Сергіту сәті «Жаңбыр» әдісі</p> <p>3. «Ақыл» кілті «Екі дос және аю» ертегісін сахнала. Ертегідегі кейіпкердің кемшілігін анықта.</p> <p>Қорытынды ой түйіні: Әрқашан да өзіңнің достарына адал бол. досына, айналана адал болып, жақсы</p>	<p>Жаңбырдың дыбысын қимыл жасау арқылы шығарады.</p> <p>3.«Ақыл» кілті: ертегіні сахналап, кейіпкердің кемшілігін айтады.</p> <p>4.«Асыл сөз» кілті: берілген мақал-мәтелдердің жалғасын тауып, сәйкестендіреді.</p> <p>Оқушылардың біреуі сандықты ашады.</p>	<p>Жарайсыңдар, сендер ең әділ оқушы екенсіңдер!</p> <p>Жарайсыңдар, сендер ең адал оқушы екенсіңдер!</p>	<p>Интерактивті тақта LearningApps платформасы</p> <p>Интер-белсенді тақта</p> 
--	--	--	---	---

	<p>іс жасасаң сені ешкім де, ешқашан ұмытпайды.</p> <p>4. «Асыл сөз» кілті «Жалғасын тап» ойыны интерактивті тақтада орындалады. Ойынға 3 топ та қатысады.</p> <p>Қорытынды ой түйіні: Адамдық борыш – ар үшін қызмет ет.</p> <p>Адалдық — ардың ісі. Адал еңбек, алғыр ой - анық досың біліп қой. Адал кісі арымас, Арам кісі жарымас. Адал еңбек елге жеткізер. Адал адамның аты арып, Тоны тозбас.</p> <p>-Қане балалар, енді сандығымызды ашайық.</p> <p>Құндылықтарға дарыту: <i>Талап құндылығы</i> топтық жұмыста дұрыс қарым-қатынас орната білуге жетелеу. <i>Ар ұят құндылығы</i> адалдық пен сенімнің адами қарым-қатынастағы мәнін түсіндіру арқылы, оқушыларды адалдыққа тәрбиелеу. <i>Ұлттық мүдде құндылығы</i> «Құрылысшы ақсақал» ертегісінің мазмұны арқылы қоғам игілігі үшін қызмет етуге шақыру.</p>			
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>ІҮ.Қорытынды -Балалар, бүгін сендер адалдыққа қаныққан жүрек кілтімен сандықты аштыңдар. Осы сандықтар қалай ашылса, егер біздің жүрегімізде әрқашан адалдықтың оты лаулап тұратын болса, әлемнің де есігі бізге әрқашан солай ашық болады. Сондықтан</p>			<p>Кілттер, сандық, жүректің суреті</p> 

	<p>адалдық қасиетімізді ешқашан жоғалпайық. Пайда ойлама, ар ойла - деп Абай атамыз айтқандай ең бірінші адалдықты ту етейік. Өз нанымызды тек адал еңбекпен табуға үйренейік. Адалдықтың кілтін әрқашан жүрегімізде сақтайық. Адалдық біздің өмірлік ұстанымымыз болсын! Оқушыларға кілт пен жүрек табысталады.</p> <p>Рефлексия Бүгінгі сабақта ненің мәнін түсіндіңдер? Қандай қасиеттерді өздеріңе жинақтайсыңдар? Нені өмірлік ұстаным ретінде қабылдайсыңдар? Қолдарындағы кілтке түйінді ойларыңды жазыңдар.</p>	<p>Оқушылар кілтке сынып сағатынан алған ойларын түйіндеп жазып, сандықшаға салады</p>		 
--	---	--	--	---

*Абай облысы білім басқармасының Жарма ауданы білім бөлімінің
Ақтайлақ би атындағы орта мектебінің директоры
Канапьянов Ерзат Бияхметұлының тәжірибесінен*

«ӘР ЖАҢА КҮН - ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР БАСТАМАСЫ!» ЖОБАСЫ

«Әр жаңа күн – жаңа мүмкіндіктер бастамасы!» жобасы – мектеп оқушыларына әрбір жаңа күнді ерекше мүмкіндіктермен қарсы алуға, даму мен жетістікке ұмтылуға шабыттандыратын жоба. Бұл жоба өз алдына оқушыларды тұлғалық, кәсіби немесе жеке өмірдегі өсу мен жетістікке жетелеуді мақсат етеді. Жобаның негізгі тақырыптары мотивация, жаңа білім алу, өзін-өзі дамыту, мақсат қою және жаңа мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға бағытталған.

Бұл жобаның нақты мазмұнына байланысты, ол тренингтер, мотивациялық семинарлар, коучингтер немесе жаңа мүмкіндіктерді іздеуге арналған іс-шаралар ұсынады. Жобаның мақсаты – әр оқушыға күн сайынғы өмірінде жаңа нәрселерге қол жеткізуге көмектесу.

Жоба авторы:

Канапьянов Ерзат Бияхметович – Абай облысы білім басқармасының Жарма ауданы білім бөлімінің Ақтайлақ би атындағы орта мектебінің директоры

Мақсаты:

«Әр жаңа күн - жаңа мүмкіндіктер бастамасы!» жобасының мақсаты – оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыру, олардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту, сонымен қатар жаңа идеялар мен инновацияларды жүзеге асыруға ынталандыру. Бұл жоба арқылы оқушылар өздерінің таланттарын ашып, көшбасшылық қасиеттерін шыңдайды, топта жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады және өздерінің жеке тұлғалық өсуіне мүмкіндік алады. Жобаның негізгі міндеті – жастарға жаңа білімдер мен мүмкіндіктерді қолданып, оларды өз болашағына оң ықпал етуге үйрету.

Жобаға кімдер қатыса алады:

«Әр жаңа күн - жаңа мүмкіндіктер бастамасы!» жобасы мектептегі ата-аналар мен оқушылар арасындағы оқу, тәрбие, психология іс шараларына қатысу, денсаулықтарын нығайту мақсатында ұлттық спорт түрлерімен айналысу және қатысу, кітапқа құштарылығын ашуда кітап оқуға тарту үшін апталық іс шаралар барысында мектеп оқушылары мен ата-аналары қатысады.

Жоба идеясы:

«Әр жаңа күн - жаңа мүмкіндіктер бастамасы!» жобасы оқушыларды жаңа идеялар мен мүмкіндіктерді зерттеуге, өмірлік дағдыларды дамытып, болашаққа бағытталған шығармашылық жобалар жасауға шақыратын бастама. Жобаның негізгі мақсаты – балалардың өзін-өзі дамытуына және жаңа нәрселерді үйренуіне жағдай жасау.

1. Күн сайынғы шағын мақсаттар: Әр оқушы күн сайын жаңа тапсырма немесе шағын мақсат қояды. Бұл мақсат білімді, шығармашылықты немесе қоғамға көмектесуді қамтиды.

2. «Күннің мүмкіндігі» деген тақырыппен кездесулер: Күн сайынғы топтық кездесулерде оқушылар өздерінің жетістіктері мен жаңа үйренгендерімен бөліседі. Осы арқылы бір-бірін қолдап, ынталандыруға жағдай жасалады.

3. Оқушылардың шығармашылық жобалары: Әр оқушы өзіне қызықты бір жобаны таңдайды. Мысалы, қоршаған ортаны қорғау, инновациялық технологиялар, өнер, спорт немесе өзге бір тақырып бойынша зерттеу не өнер туындысын жасау.

4. Қоғамдық пайдалы істер: Оқушылар өздерінің идеяларын қоғамға көмектесетін бағытта қолдана алады. Мысалы, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған іс-шаралар, волонтерлік жұмыстар және әлеуметтік жобалар.

5. Жобаның соңында көрме немесе байқау: Оқушылар өздерінің жасаған жобаларын қорғайды немесе шағын көрме ұйымдастырады. Бұл олардың жетістіктерін көрсетіп, басқа оқушыларды шабыттандырады.

Бұл жоба оқушыларға күн сайын жаңа нәрселер үйренуге, жауапкершілік алуға, және өздерінің мүмкіндіктерін ашуға көмектеседі.

Маңыздылығы мен тиімділігі:

«Әр жаңа күн – жаңа мүмкіндіктер бастамасы!» жобасы оқушылар үшін маңызды әрі тиімді білім беру құралы болып табылады. Оның маңыздылығы бірнеше аспектілерде көрінеді:

1. Шығармашылықты дамыту: Оқушыларды жобаларға қатыстыру олардың шығармашылық қабілеттерін дамытады, өз идеяларын еркін жеткізіп, жаңа шешімдерді табуға мүмкіндік береді.

2. Тәжірибелік білім: Жобалар нақты өмірдегі мәселелерді шешуге бағытталған болғандықтан, оқушылар теориялық білімдерін тәжірибеде қолдануға үйренеді. Бұл олардың болашақ өміріне қажетті практикалық дағдыларды қалыптастырады.

3. Топтық жұмыс: Жобалар көбінесе топтық жұмысқа негізделеді. Бұл оқушылардың коммуникация, көшбасшылық, жауапкершілік және бірлесе жұмыс істеу қабілеттерін жетілдіруге ықпал етеді.

4. Жеке тұлғаны дамыту: Жобаға қатысу арқылы оқушылар өздеріне сенімділіктерін арттырып, өз-өздерін басқаруды, уақытты тиімді пайдалануды үйренеді.

5. Мақсат қою және нәтижеге қол жеткізу: Жобалық жұмыс оқушыларды нақты мақсат қоюға және сол мақсатқа жету үшін жоспар құруға үйретеді. Бұл дағды болашақ өмірде де өте қажет.

Жалпы, мұндай жобалар оқушылардың жан-жақты дамуына, олардың креативті ойлауына, ынтымақтастыққа бейімделуіне және өз мүмкіндіктерін толық ашуға үлкен ықпал етеді.



Абай облысы білім басқармасының, Жарма ауданы білім бөлімінің
«Ақтайлақ би атындағы орта мектебі» КММ бойынша
«Әр жаңа күн, жаңа мүмкіндіктер бастамасы!» атты
АПТАЛЫҚ ЖОСПАР

№	Апта күні	Іс-шаралар атауы	Бағыты	Ұйымдастырушылар	Жауаптылар
1	Дүйсенбі	«Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы» Ата-аналармен жұмыс	Тәрбие	ДТГЖО, АӘТД, тәлімгер, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер, тәрбиешілер	Н.Леспәева Қ.Әнуарбеков
2	Сейсенбі	«Білім – өмір шырағы»	Білім, оқыту	ДОЖО, тәлімгер, пән мұғалімдері, әдістемелік жетекшілер	Ж.Ентибеков
3	Сәрсенбі	«Кітап оқу – рухани кемелденудің көзі»	Кітап оқу (кітапхана)	ДОЖО, кітапханашы, тәлімгер, сынып жетекшілер, тәрбиешілер, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің пән мұғалімдері	Т.Асарбаева
4	Бейсенбі	«Мектептегі психология»	Психология	ДТГЖО, психолог, әлеуметтік педагог, тәлімгер, сынып жетекшілер, тәрбиешілер	Н.Айтбекова
5	Жұма	«Спорт – денсаулық кепілі»	Дене тәрбиесі	ДТГЖО, бірлестік жетекшілер, дене тәрбиесінің мұғалімдері, бастауыш сынып мұғалімдері	Н.Леспәева, Н.Айтбекова

I. «Ұлттық тәрбие - ұлт болашағы» тақырыбында ата-аналармен жұмыс жүргізу өте маңызды. Ұлттық тәрбие – ұлттың рухани құндылықтарын, салт-дәстүрін, тілін, мәдениетін жас ұрпаққа дарыту арқылы ұлттық сананы қалыптастыру үдерісі. Ата-аналар бұл үдерістің негізгі қатысушыларының бірі болып табылады, өйткені бала тәрбиесінде отбасы негізгі рөл атқарады.

Ата-аналармен жұмыс жасау кезінде келесі бағыттарға көңіл бөлуге болады:

1. Ата-аналарға ұлттық құндылықтар туралы түсіндіру:

- Ата-аналарға ұлттық тәрбиенің маңыздылығы туралы ақпараттық сессиялар ұйымдастыру;

- Қазақстанның тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрлері және ұлттық қағидалар туралы мәлімет беру;

- Балаларына осы құндылықтарды қалай дұрыс түсіндіру және жеткізу жолдары туралы кеңес беру.

2. Тәрбие жұмысындағы ата-ананың рөлі:

- Ата-аналарға бала тәрбиесіндегі өз рөлін көрсету, отбасының ұлттық тәрбиедегі маңыздылығын түсіндіру;

- Үйдегі күнделікті өмірде қазақ халқының дәстүрлерін сақтаудың маңызын талқылау (мысалы, тіл үйрету, ұлттық ойындарды ойнау, ұлттық тағамдар дайындау).

3. Ұлттық тәрбие бойынша тренингтер мен семинарлар:

- Ұлттық тәрбиеге арналған семинарлар, тренингтер және дөңгелек үстелдер ұйымдастыру;

- Қыз бала мен ұл баланы тәрбиелеудің ерекшеліктері, ұлттық менталитетке сай құндылықтарды сіңіру жолдары туралы ата-аналарды оқыту.

4. Мектеп пен отбасының ынтымақтастығы:

- Мектеп пен ата-аналардың бірлескен іс-шараларын ұйымдастыру (ұлттық мерекелер, ұлттық ойындар, қолөнер көрмелері);

- Ата-аналар мен мұғалімдер арасында ашық диалог орнату, тәрбие бойынша ортақ жоспарлар құру.

5. Ұлттық тәрбиеге байланысты іс-шараларға қатысу:

- Ата-аналарды ұлттық тәрбиеге арналған іс-шараларға, мәдени мерекелерге, ұлттық ойындар мен жарыстарға қатыстыру;

- Балалармен бірге қазақтың ұлттық мерекелерін (Наурыз, Қымызмұрындық және т.б.) бірге тойлау, оларға белсенді араласу арқылы тәрбиелеу.

Бұл жұмыс бағыттары ата-аналар мен мектеп арасындағы байланысты нығайтып, балаларға ұлттық құндылықтарды тиімді сіңіруге көмектеседі.

II. «Білім – өмір шырағы» деген тақырып аясында оқушылармен түрлі сайыстар мен байқаулар өткізу олардың білімін жетілдірумен қатар, шығармашылық қабілеттерін дамытады. Төменде осындай іс-шаралар өткізуге арналған идеяларды ұсынамын:

1. «Зияткерлік марафон»

- Мақсаты: Оқушылардың жалпы эрудициясын арттыру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

- Өткізу форматы: Бірнеше кезеңнен тұратын сайыс, әр кезеңде оқушыларға математика, әдебиет, тарих, география, биология пәндерінен сұрақтар қойылады. Топтық немесе жеке жарыс форматында ұйымдастыруға болады.

2. «Ғылым және техника» байқауы

- Мақсаты: Оқушылардың ғылым мен техникаға деген қызығушылығын арттыру, олардың ғылыми ой-өрістерін кеңейту.

- Өткізу форматы: Оқушылар өз қолдарымен ғылым және техника тақырыптарында жобалар жасап, оларды қорғайды. Мысалы, робот құрастыру, тәжірибелер өткізу, экологиялық жобалар әзірлеу сияқты тапсырмалар беріледі.

3. «Өнертапқыштар сайысы»

- Мақсаты: Оқушылардың креативті ойлау қабілеттерін дамытып, түрлі жобалар жасауға ынталандыру.

- Өткізу форматы: Оқушылардың жаңа идеялар ұсынып, оларды іске асыруын бағалау. Бұл сайыста оқушылар өз жобаларын таныстырып, оларды қорғап шығады.

4. «Тіл – білім бұлағы» викторинасы

- Мақсаты: Оқушылардың тіл білімін жетілдіру, әдебиетке деген қызығушылығын арттыру.

- Өткізу форматы: Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша сұрақ-жауап, сөзжұмбақтар шешу, мақал-мәтелдерді дұрыс аяқтау сияқты тапсырмалар беріледі.

5. «Математикалық дуэль»

- Мақсаты: Оқушылардың математикалық дағдыларын нығайту.

- Өткізу форматы: Жұп-жұппен сайысатын оқушыларға әртүрлі деңгейдегі математикалық есептер беріледі. Есепті дұрыс әрі жылдам шешкені ұпай алады.

6. «Тарих тереңіне саяхат»

- Мақсаты: Тарих пәніне деген қызығушылықты арттыру, тарихи оқиғалар мен тұлғалар жайлы білімдерін тексеру.

- Өткізу форматы: Сұрақ-жауап түріндегі тарихи викторина, сонымен қатар, тарихи оқиғаларды сахналап көрсету сияқты тапсырмалар берілуі мүмкін.

7. «Эрудит» шығармашылық байқауы

- Мақсаты: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

- Өткізу форматы: Әр оқушы берілген тақырып бойынша эссе, шығарма немесе өлең жазып, оны комиссия алдында қорғайды.

Бұл іс-шаралар оқушылардың білім деңгейін тексеріп қана қоймай, олардың ой-өрістерін дамытып, командалармен жұмыс істеу қабілеттерін арттыруға септігін тигізеді.

III. «Кітап оқу – рухани кемелденудің көзі». Кітап оқу оқушылардың рухани дамуына, ой-өрісін кеңейтуге және тұлғалық қалыптасуына зор әсер

етеді. Мұғалімдер мен педагогтар бұл үдерісте маңызды рөл атқарады, өйткені оқушыларға кітап оқудың маңыздылығын түсіндіріп, оларға дұрыс бағыт көрсету қажет.

Оқушылармен кітап оқу үдерісінде бірнеше тиімді әдістерді қолдануға болады:

1. Кітап таңдауға бағыттау: Оқушылардың қызығушылығына сәйкес кітаптарды таңдау олардың оқуға деген ынтасын арттырады. Әдебиет таңдау арқылы олардың білімін және рухани дүниесін байыту маңызды.

2. Оқылған кітаптарды талқылау: Кітап оқығаннан кейін талдау жүргізу, оқушыларды пікір алмасуға шақыру, олардың ойлау қабілетін жетілдіреді. Оқушыларға кейіпкерлердің әрекетін, оқиға барысын талдауға көмектесетін сұрақтар қою маңызды.

3. Оқу уақыты: Мектепте немесе сабақтан тыс уақытта белгілі бір уақытты кітап оқуға арнау оқушының күнделікті тәртібіне енген дағдыға айналады.

4. Кітап оқуды ойынға айналдыру: Оқушыларды ынталандыру үшін әртүрлі оқырмандық марафондар, байқаулар ұйымдастыру арқылы қызықтырып, ынталандыруға болады.

5. Рефлексия жазу: Оқылған кітаптар бойынша шығармашылық эссе, рефлексия жазғызу арқылы оқушының шығармашылық ойлау қабілетін дамыту.

Мұндай жұмыстар оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттырып, рухани дамуын қолдайды.

IV. Мектептегі психология — бұл білім беру жүйесінде маңызды рөл атқаратын бағыттардың бірі. Мектеп психологының негізгі міндеті — оқушылардың психологиялық және эмоциялық жағдайын бақылау, олардың дамуын қолдау, оқу процесінде және әлеуметтік ортада кездесетін мәселелерді шешуге көмектесу.

Мектеп психологының оқушылармен жұмысындағы негізгі бағыттар:

1. Психологиялық диагностика

Оқушылардың психикалық және эмоциялық жағдайын, олардың оқу қабілеттерін анықтау мақсатында психолог әртүрлі тесттер мен сауалнамалар жүргізеді. Бұл оқушының жеке ерекшеліктерін, когнитивті және әлеуметтік дағдыларын бағалауға мүмкіндік береді.

2. Дамыту жұмыстары

Мектеп психологы оқушылардың жеке тұлғалық, әлеуметтік және эмоциялық дағдыларын дамытуға көмектеседі. Бұл тренингтер, топтық сабақтар немесе жеке кеңестер түрінде болуы мүмкін.

3. Коррекциялық жұмыс

Оқушыларда психологиялық қиындықтар немесе проблемалар туындағанда, психолог жеке немесе топтық терапия жүргізеді. Мақсаты — мінез-құлықты түзету, эмоциялық тепе-теңдікті қалпына келтіру, мотивацияны арттыру.

4. Кеңес беру

Оқушыларға және олардың ата-аналарына кеңес беру — психологтың маңызды қызметінің бірі. Оқушылардың оқу үлгерімі, қарым-қатынас дағдылары, өзін-өзі бағалау және әлеуметтік мәселелер бойынша кеңестер беріледі. Сонымен қатар, бұл кеңестер отбасындағы қиындықтарды жеңуге де бағытталуы мүмкін.

5. Конфликттерді шешу

Психолог оқушылар арасындағы және оқушы мен мұғалім арасындағы қақтығыстарды шешуге көмектеседі. Бұл үшін медиация әдістерін қолдана отырып, екі жақты түсінуге, өзара қарым-қатынасты жақсартуға ықпал етеді.

6. Оқушылардың психологиялық әл-ауқаты

Психолог оқушылардың эмоционалды жағдайын бақылап, олардың өздерін жайлы сезінуін қамтамасыз етуге тырысады. Стрессі басқару, эмоционалды тұрақтылықты сақтау үшін әртүрлі бағдарламалар мен жаттығулар қолданылады.

7. Мамандық таңдау және кәсіби бағдар

Мектеп бітіруші оқушыларға өз мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сәйкес мамандық таңдауына көмек көрсету де мектеп психологының маңызды міндеттерінің бірі. Оқушылардың қызығушылығы мен бейімділіктерін анықтау мақсатында кәсіби бағдар беру тесттері жүргізіледі.

Мектеп психологының жұмысындағы кедергілер:

- Оқушылар мен ата-аналардың психологқа деген сенімсіздігі;
- Жұмыс көлемінің үлкендігі, өйткені психолог бірден көптеген оқушылармен жұмыс істейді;
- Психологтардың кейбір мектептерде жетіспеушілігі, бұл олардың жұмысының тиімділігін төмендетеді.

Мектептегі психологиялық қызмет оқушылардың эмоционалды және психологиялық саулығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

V. «Спорт – денсаулық кепілі» деген ұғым спорттың денсаулыққа тигізер оң әсерін көрсетеді. Әсіресе, мектеп жасындағы оқушылар үшін спорттың маңызы зор, себебі олардың денесі өсіп, психологиялық, эмоционалды даму кезеңінен өтеді. Осындай кезеңде дене шынықтыру мен спорттық іс-шаралардың денсаулыққа пайдасы көп.

Ұлттық ойындарды оқушылар арасында дәріптеу – жас ұрпаққа салт-дәстүрді, ұлттық құндылықтарды сіңірудің тиімді жолы. Ұлттық ойындар балаларды тек физикалық тұрғыдан дамытып қана қоймай, олардың рухани және мәдени дүниетанымын кеңейтеді. Мысалы, көкпар, тоғызқұмалақ, асық ату, қазақша күрес сияқты ойындар арқылы балалар ұлттық тарихпен, мәдениетпен танысады.

Мектептерде ұлттық ойындарды дәріптеудің бірнеше тиімді жолдары бар:

1. Дене шынықтыру сабақтарына енгізу: Ұлттық ойындарды дене шынықтыру бағдарламасына қосу балалардың қызығушылығын арттырады және оларды белсенді болуға ынталандырады.

2. Спорттық жарыстар ұйымдастыру: Мектепшілік жарыстар өткізіп, ұлттық ойындарды насихаттау арқылы оқушылар арасында салауатты өмір салтын қолдау.

3. Ұлттық ойындар үйірмелерін құру: Арнайы үйірмелер ашу арқылы оқушылар ұлттық спорт түрлерін тереңірек меңгере алады.

4. Ұстаздар мен ата-аналардың қолдауы: Ұстаздар мен ата-аналардың ұлттық ойындарды дәріптеуі, қолдау көрсетуі маңызды рөл атқарады.

Ұлттық ойындарды дәріптеу арқылы оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, салауатты өмір салтын ұстануға және ұлттық мұраларымызды сақтауға үлкен үлес қосуға болады.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар арасындағы жобадан күтілетін нәтижелер әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы:

1. Білімділік: Оқушылар жобаның тақырыбына байланысты жаңа білім мен дағдыларды игереді. Олар теориялық білімдерін практикада қолдана алады.

2. Командалық жұмыс: Жобада жұмыс істей отырып, оқушылар командада жұмыс істеуді, өзара қарым-қатынас орнатуды, пікір алмасуды үйренеді.

3. Шығармашылық: Жобалар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Олар жаңа идеялар ойлап тауып, оларды іске асыру үшін шешімдер қабылдайды.

4. Сауалнама және зерттеу дағдылары: Оқушылар өз жобаларына қатысты сауалнамалар жүргізуді, ақпарат жинауды және талдауды үйренеді.

5. Уақыт басқару: Жоба уақытында аяқтау үшін жоспар құруды, міндеттерді орындауды және уақытты тиімді пайдалануды үйренуге көмектеседі.

6. Өзін-өзі бағалау: Оқушылар жобаны аяқтағаннан кейін өздерінің жетістіктері мен кемшіліктерін талдап, болашақта қалай дамитынын түсінеді.

7. Тәжірибелік дағдылар: Жобалар практикалық жұмыстар арқылы оқушылардың тәжірибесін арттырады, мысалы, ғылыми эксперименттер, техникалық құрылғыларды құрастыру және т.б.

Осы нәтижелер оқушылардың білім алу процессін байыта отырып, оларды болашаққа дайындауға көмектеседі.

Қызылорда облысының білім басқармасының «Тәрбие, спорт және қосымша білім беру» орталығының Қосымша білім беру бөлімінің басшысы Аскарова Жұлдыз Галымжановна,. Жалағаш ауданы, Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Исаева Әлия Жалғасқызының тәжірибелерінен

ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНА АРНАЛҒАН ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ЖОСПАРЫ

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы				
1 қыркүйек – «Білім күні»				
5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні				
Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні				
Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні				
Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні				
Апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)				
Р с	Іс шаралар атауы	Ұйымдастыру түрі	Құндылықтары	Орындалу мерзімдері
1	Білім күні. «Менің Отаным- Қазақстан!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Салтанатты іс-шара	тәуелсіздік және отаншылдық	2 қыркүйек
Апта дәйексөзі: «Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!»				

2	«Отбасы –бақыт мекені» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	бірлік және ынтымақ	9 қыркүйек
Апта дәйексөзі: Ананың алақаны балаға айдынды қоныс.				
3	«Электрондық темекінің зияны»	Сынып сағаты	заң және тәртіп	16 қыркүйек
Апта дәйексөзі: Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы (Абай)				
4	Буллинг және оның алдын алу	Ақпараттық сағат	заң және тәртіп	23 қыркүйек
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық				
1 қазан – Халықаралық қарттар күні				
5 қазан – Мұғалімдер күні				
24 қазан – Кітапханашылар күні				
25 Қазан – Республика күні				
Апта дәйексөзі: «Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!»				
1	«Ұстаз аты – биік, әрі мәңгілік» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	еңбекқорлық және кәсіби біліктілік	30 қыркүйек
Апта дәйексөзі: Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!				
2	«Компьютерлік ойындардың зияндылығы» бірыңғай сынып сағаттары Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	заң және тәртіп	7 Қазан
Апта дәйексөзі: Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, Ел, тегі, алсын қайдан кемеңгерді.(І.Жансүгіров)				
3	Буллингтен қалай қорғану керек! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	заң және тәртіп	14 Қазан
Апта дәйексөзі: Отанды сүю – отбасынан басталады!				
4	«Тәуелсіздік – ел мерейі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	тәуелсіздік және отаншылдық	21 Қазан
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы				
15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні				
16 қараша–Халықаралық толеранттылық күні				
Апта дәйексөзі: Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!				

1	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» Қауіпсіздік сабағы(10 минут)	Сынып сағаты	әділдік және жауапкершілік	4 Қараша
Апта дәйексөзі: «Сөз қадірін білмеген-өз қадірін білмейді»				
3	15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні	Сынып сағаты	еңбекқорлық және кәсіби біліктілік	11 Қараша
Апта дәйексөзі: Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі				
3	«Буллинг. Баланың барлық қатыгездіктен қорғалуға құқығы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	заң және тәртіп	18 Қараша
Апта дәйексөзі: «Тәттің ләззаты - саулығында, Жанның ләззаты – білімінде»				
4	«Өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	әділдік және жауапкершілік	25 Қараша
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы				
5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні				
16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
Апта дәйексөзі: «Бірлігі күшті ел озады»				
1	«Алғыс айту-парызым» Қауіпсіздік сабақ (10 минут)	Сынып сағаттары	бірлік және ынтымақ	2 Желтоқсан
Апта дәйексөзі: «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді»				
2	«Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы» қауіпсіздік сабақ (10 минут)	Сынып сағаты	тәуелсіздік және отаншылдық	9 Желтоқсан
Апта дәйексөзі: «Бірлік болмай тірлік болмас»				
3	«Буллингтің алдын алу» қауіпсіздік сабақ (10 минут)	Сынып сағаттары	заң және тәртіп	16 Желтоқсан

Апта дәйексөзі: «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған»				
4	«Қош келдің, Жаңа жыл» 1-11 сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	жасампаздық және жаңашылдық	23 Желтоқсан
Қаңтар – заң және тәртіп айы				
1 қаңтар – Жаңа жыл				
Апта дәйексөзі: «Талап бар жерде тәртіп бар»				
1	«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	заң және тәртіп	13 Қаңтар
Апта дәйексөздері: «Әділ заң – аспан тірегі»				
1	«Заңды білу – өзіңе қорған болу» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	заң және тәртіп	20 Қаңтар
Апта дәйексөзі: «Тәртіпсіз ел болмайды»				
2	«Заң және Тәртіп» құндылығы Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	заң және тәртіп	27 Қаңтар
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық				
14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				
Апта дәйексөзі: «Жасампаздық – бәрімізге өнеге»				
1	«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» «Қауіпсіздік сабағы» (10 минут)	Сынып сағаты	жасампаздық және жаңашылдық	3 Ақпан
Апта дәйексөзі: «Шығармашыл бала – ойлы бала»				
2	Ғалым, мемлекет қайраткері Санжар Асфендияровтың туғанына 135 жыл (1889-1938) Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	тәуелсіздік және отаншылдық	10 Ақпан
Апта дәйексөзі: «Жаңару мен жаңғыру жақсылыққа жол ашады» Қ.Тоқаев				
3	«Қауіпсіз қоғам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Тәрбие сағаты	заң және тәртіп	17 Ақпан

Апта дәйексөзі: «Жаңашылдық – заман талабы»				
4	«Алғыс – ізгі ниет» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	бірлік және ынтымақ	24 Ақпан
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы				
1 наурыз – Алғыс айту күні 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі 30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні				
Апта дәйексөзі: «Патриотизм – ата-анаңды құрметтей білуің...» (Б.Момышұлы)				
1	«Айналдым ана деген үш әріптен» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	еңбекқорлық және кәсіби біліктілік	3 Наурыз
Апта дәйексөзі: «Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»				
2	«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік»	Тәрбие сағаты	заң және тәртіп	10 Наурыз
Апта дәйексөзі: «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады»				
7	«Наурыз – жыл басы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Тәрбие сағаты	бірлік және ынтымақ	17 Наурыз
Сәуір – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік				
Апта дәйексөзі: «Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең»				
1	«Өмірге салауатты кадам»	Сынып сағаты	әділдік және жауапкершілік	7 Сәуір
Апта дәйексөзі: «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді» (Леонардо да Винчи)				
2	«Интернеттегі форумдар мен чаттар», «Желілік байланыс этикасы» медиақауіпсіздігі Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	жасампаздық және жаңашылдық	14 Сәуір
Апта дәйексөзі: «Тіл дегеніміз қай халықтың болмасын, кешегі, бүгінгі ғана емес ертеңгі де тағдыры» Б.Момышұлы				
3	«Жол ережелерін сақтау – өз қауіпсіздігіңді ойлау»	Сынып сағаты	заң және тәртіп	21 Сәуір
Апта дәйексөзі: «Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар»				
4	Қоғамдық мүлікті қорға! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	әділдік және жауапкершілік	28 Сәуір

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы

- 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні
 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні
 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні
 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні
 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні
 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

Апта дәйексөзі: «Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп» /Күлтегін/

1	«Біз әртүрліміз, бір теңбіз» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	бірлік және ынтымақ	5 Мамыр
Апта дәйексөзі: «Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ»				
2	«Қауіпсіз қоғам» Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут))	Сынып сағаты	заң және тәртіп	12 Мамыр
Апта дәйексөзі: «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ»				
5	«Білімім – Отаныма!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып сағаты	тәуелсіздік және отаншылдық	19 Мамыр

СЫНЫП САҒАТТАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ

Сынып сағаты	№1
Күні:	
Сынып жетекші:	
Сынып:	Қатысқаны: _____ Қатыспағаны: _____
Сынып сағатының тақырыбы:	« Менің Отаным - Қазақстан » <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> <i>1 – САБАҚ</i> <i>«Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары»</i>
Сынып сағатының мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> • Оқушыларға Қазақстанның тарихын, мәдениетін, табиғатын таныстырып, елге деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімді қалыптастыру; • Оқушылардың бойында мемлекеттік рәміздерге, ұлттық құндылықтарға деген құрмет сезімін ояту. Туған жерді қорғауға және мақтан етуге тәрбиелеу;

Қауіпсіздік сабағының мақсаты:	қажет болған жағдайда жедел қызмет нөмірлері мен сенім телефондарын қалай дұрыс пайдалану керектігін үйрету		
Қауіпсіздік сабағының міндеті:	төтенше жағдайларды шақыру ережелерін бекіту; қарапайым және төтенше жағдай арасындағы айырмашылық ұғымын бекіту;		
Құндылықтарды дарыту:	ОТАНШЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК: Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну;		
Апта дәйексөзі:	Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев)		
Сынып сағатының барысы:			
Сынып сағатының уақыты \ кезеңі	Мұғалімі әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары
Сынып сағатының басы <i>10 мин</i>	<p>ҚР Мемлекеттік Әнұраны орындалады</p> <p>Ұйымдастыру кезеңі</p> <p>Мұғалім: Балалар, бүгін біз «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбында тәрбие сағатын өткіземіз. Қазақстан – біздің туған жеріміз, біздің ортақ үйіміз. Біз осы жерде өмір сүріп, білім алып, елімізді көркейтуге үлес қосып жүрміз. Бұл сабақта біз Отан туралы сөйлесеміз, оның байлығы мен ерекшеліктері туралы ой бөлісеміз. Барлығыңызға сәттілік тілеймін!</p>	<p>Оқушылар әнұран орындайды</p> <p>Қазақстанның рәміздерін таныстырады Қазақстанның Туы туралы мәлімет алады</p> <p>Қазақстан Республикасының Туы – көгілдір түсті, ортасында күн, астында қыран бейнеленген. Бұл рәміз еліміздің бейбітшілігі мен кең байтақ даласын көрсетеді. Оқушылар суретін салады</p>	Тірек сөздер, фото суреттер тақтаға ілінеді
Сынып сағатының ортасы <i>20 мин</i>	<p>Қазақстанның рәміздерін таныстыру</p> <p>1. Қазақстанның Туы туралы мәлімет:</p> <p>Мұғалім: Қазақстан Республикасының Туы – көгілдір түсті, ортасында күн, астында қыран бейнеленген. Бұл рәміз еліміздің бейбітшілігі мен кең байтақ даласын көрсетеді.</p>		<p>Қима суреттер, кескіндемелер</p> <p>Посперлер</p>

	<p>Тапсырма: Оқушылар Ту туралы өз ойларын айтып, оны суреттейді.</p> <p>2. Елтаңба туралы мәлімет: Мұғалім: Елтаңба – мемлекеттің айқын белгісі. Ол киіз үйдің шаңырағы, қанатты пырақтар мен бес жұлдыздан тұрады. Бұл қазақ халқының ежелгі мәдениетін бейнелейді.</p> <p>Тапсырма: Оқушылар Елтаңбадағы бейнелерді талқылайды, олардың мағынасы туралы ой қозғайды.</p> <p>3. Қазақстан Әнұраны: Мұғалім: Әнұран – еліміздің рухани күші. Ол бізді біріктіріп, бірлікке шақырады.</p> <p>Тапсырма: Барлық оқушылар сұрақтар жасырылған парақшаларды таңдайды, сұрақтарға жауап беру</p> <p>Шығармашылық жұмыс</p> <ul style="list-style-type: none"> • Тапсырма: Оқушыларды топтарға бөліп, келесі шығармашылық тапсырмаларды орындауды ұсынады: <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан туралы плакат жасау. 2. «Менің Қазақстаным» тақырыбында эссе жазу. 3. Қазақстанның мәдениеті мен дәстүрлері туралы презентация жасау. 	<p>Елтаңбадағы бейнелерді талқылайды, олардың мағынасы туралы ой қозғайды.</p> <p>Оқушылар сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Қазақстан туралы плакат жасайды</p> <p>«Менің Қазақстаным» тақырыбында эссе жазады.</p> <p>Қазақстанның мәдениеті мен дәстүрлері туралы презентация жасайды.</p>	<p>Қима тапсырмалар</p> <p>Түрлі – түсті каламдар</p>
<p>Қауіпсіздік сабағы 10 мин</p>	<p>1. Кіріспе (2 минутқа дейін) Бейне ролик қарау: Естеріңізге сала кетейік, оператор оқиға туралы хабарды қабылдағанда, бұл ақпаратты тиісті шұғыл қызметтерге жеткізу керек. Қызметтердің жұмыс уақыты:</p>	<p>Тақырыптық термин сөздерді дәптерлеріне түсіреді, оның ұғымын біледі.</p> <p>Сілтеме бойынша видеороликпен танысып, өз</p>	<p>https://youtu.be/qfY3NzKvrnw?si=Ie_ekiYUXRV_qDPC</p>

	<p>ТӘУЛІК БОЙЫ. Телефон шотында ақша болмаса да, барлық ұялы байланыс операторларына қоңыраушалу ТЕГІН.</p> <p>«Есте сақта!»</p> <p>Шұғыл қызмет номерлерін таныстырады.</p> <p>2. Негізгі бөлім</p> <p>Маңызды! Шұғыл қоңыраулар ұшу және қуат үнемдеу режимдерінде жұмыс істемейді</p> <p>Кез келген ұялы байланыс операторынан және қалалық нөмірлерден шұғыл қызметтерді шақыру Қазақстанда тегін жүргізіледі.</p> <p>3. Қорытынды</p> <p>- Сабақты қорытындылау.</p> <p>- Қорытындылау, жедел жәрдем телефондары бар карточкаларды тарату.</p>	<p>ойларымен бөліседі.</p> <p>Оқушылар шұғыл қызмет номерлерімен танысып, дәптерлеріне түсіреді</p> <p>Оқушылар ролдік ойындар ойнайды</p>	<p>Шұғыл қызмет нөмірлері бар карточкалар</p>
<p>Сынып сағатының соңы 5 мин</p>	<p>Мұғалім: Бүгін біз Қазақстан туралы көп мағлұмат алдық. Отанымызды сүю, оның жетістіктерін мақтан тұту – әрбір азаматтың міндеті. Сендер де болашақта елдің дамуына үлес қосып, елімізді биік белестерге жетелейсіңдер деп сенемін.</p>	<p>Оқушылар сабақтан алған әсерлері мен білімдерін қорытындылайды.</p>	<p>Стикер</p>

Сынып сағаты	№2	
Күні:		
Сынып жетекші:		
Сынып:	Қатысқаны:	Қатыспағаны:
Сынып сағатының тақырыбы:	<p>«Отбасы – бақыт мекені» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> 2 – САБАҚ «Қауіпті хобби және серуендеу орындары»</p>	
Сынып сағатының мақсаты:	<p>1. Оқушылардың отбасы, жанұя туралы білімдерін шыңдай түсе, отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу.</p> <p>2. Оқушылардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін, тіл байлығын, өз беттерінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту.</p> <p>3. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, ептілікке, өз ойын жеткізе білуге, отбасы құндылықтарын сыйлауға тәрбиелеу.</p>	
Қауіпсіздік сабағының мақсаты:	<p>Мектеп оқушыларының серуендеу кезінде болуы мүмкін қауіптер туралы хабардарлығын арттыру және қауіпті жағдайлардан аулақ болуға үйрету.</p>	
Қауіпсіздік сабағының міндеті:	<p>1. Серуендеу кезінде жиі кездесетін қауіпті хоббиді талқылау;</p> <p>2. Мұндай хоббидің салдарын түсіндіру;</p>	

	3. Көшеде қауіпсіз мінез-құлықты үйрету.		
Құндылықтарды дарыту:	БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ: басқалармен жағымды қарым-қатынас орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу;		
Апта дәйексөзі:	Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!		
Сынып сағатының барысы:			
Сынып сағатының уақыты \ кезеңі	Мұғалімі әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары
Сынып сағатының басы <i>10 мин</i>	<p>ҚР Мемлекеттік Әнұраны орындалады</p> <p>Ұйымдастыру кезеңі</p> <p>Мұғалім: Балалар, біз бүгін керемет бір ғажайып әлем туралы әңгімелесеміз. Қалай ойлайсыздар, ол әлем қандай әлем болуы мүмкін? Қане ойлап көріңдерші. Ол бір өзі кішкентай ғана шағын мемлекет.</p> <p>-Ол мемлекет қандай болуы мүмкін?</p> <p>-Отбасы-мемлекеттің негізгі буыны. Тәрбие – отбасынан басталады, болашақ ұрпақтың еліне, Отанына деген сүйіспеншілігі алдымен ата-ананың ықпалымен қалыптасады. «Дәулет есіктен, ақыл бесіктен кіреді» демекші білім бесігі мектептен, тәрбие бесігі отбасынан бастау алады. Отбасының екі тірегі - әлпештеген әке мен аялаған ана. Ата-анаға үлкенге қызмет етіп, әкеңнің еңбегін, анаңның ақ сүтін өтеу - біздің борышымыз. Ата - ана - отбасының негізгі діңгегі, бастапқы дәнекері. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Әке туралы айтсақ, әке отбасының асыраушысы, қамқоршысы. Ана - отбасының ұйтқысы,</p>	<p>Оқушылар әнұран орындайды</p> <p>Оқушылар мұғалім сұрақтарына жауап береді</p> <p>Жауап: «Менің жанұям», «Отбасы».</p> <p>Жауап: Бақытты, тату, өнерлі, үлгілі.</p>	Тірек сөздер, фото суреттер тақтаға ілінеді

	<p>жылуы, шуағы. Отбасы - адам баласының түп қазығы, алтын ұясы. Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап сол ортаның ыстық-суығына бейімделіп, ықпалына көніп, осында ер жетеді. Отбасы мүшелерінің жауапкершілігі толығымен ер азаматқа жүктеледі. Баланы өсіріп тәрбиелеу – әйел ананың тікелей міндеті. Отбасының тәрбиелеушілік міндетіне тікелей байланысты оның тағы бір қызметі бар. Оны дамытушы міндет деп атауға болады. Балалардың үздіксіз дамуы, шығармашылық қабілетін іске асыруы отбасынан басталады. Әке-шеше балаларына жақсы тәрбие беруге қоғам алдында жауапкер.</p>		
<p>Сынып сағатының ортасы <i>20 мин</i></p>	<p>Келесі кезеңіміз «Ашық микрофон» деп аталады. Бұл кезеңде оқушылар сіздерге отбасы туралы бірнеше сұрақтар қойылады. Ойларыңызды ашық, еркін айтуларыңыз сұралады.</p> <p>Сұрақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Отбасы дегенді қалай түсінесіңдер? 2. Отбасының басшысы кім? 3. Отбасы қандай болуы керек? 4. Барлық отбасы бірдей болады деп ойлайсыңдар ма? 5. Сен қандай отбасын армандайсың? 5. Өз отбасыңа көңілің тола ма? 7. Отбасын неліктен жақсы көресіңдер? <p>Жеке жұмыс. «Кім көп біледі?» (сұрақтар слайдтан көрсетіледі)</p> <p>Сұрақ-жауап:</p>	<p>Микрофонды кезек – кезек ала отырып, оқушылар сұрақтар төңірегінде ой бөліседі.</p>	<p>микрофон</p> <p>Қима тапсырмалар</p> <p>АКТ</p>

	<ul style="list-style-type: none"> · Балдан тәтті не? (бала) · Шаңырақ иесі кім? (кенже ұл) · Балаға кім сыншы? (ата-ана) · Әкеден балаға беріледі (мұра) · Үйде кім, елде кім қадірлі (үйде қонақ, қарт, бала қадірлі; елде әкім, ұстаз қадірлі.) · Үйдегі алтын қазық кім? (ана) · «Ұл атадан көрмейінше сапар шекпес» кімнің нақыл сөзі? (Қорқыт ата) · Қаз да емес, үйрек те емес. Дастарханда болмайды. Бірақ барлық адам дәм татқан (ана сүті) · Әдепті бала ата – анасын мақтатар,... (әдепсіз бала ата –анасын қақсатар). · Ана сүтін ақтамағанды ,... (ешкім мақтамайды) · Үйінде ұл – қызы бардың,... (көгінде сөнбес жұлдызы бар) · Атаңа не қылсаң ,... (алдыңа сол келер) · Ұяда не көрсең ,... (ұшқанда соны ілерсің) 	<p>Оқушылар сұрақтарға жауап береді</p>	
<p>Қауіпсіздік сабағы 10 мин</p>	<p>1. Кіріспе - Серуендеу кезінде оқушылардың әдеттерін талқылау. - Неліктен кейбір хобби қауіпті болуы мүмкін.</p> <p>2. Негізгі бөлім -Презентация: жалпы қауіпті хобби (жол бойындағы ойындар, қоршауларға өрмелеу, қараусыз қалған ғимараттар және т.б.). -Нақты жағдайларды талдау</p> <p>3. Қорытынды - Сабакты қорытындылау. - Көшеде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері бар жадынамалар тарату.</p>	<p>Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы</p>	<p>Қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері бар үлестірме материал (жадынама)</p>

<p>Сынып сағатының соңы 5 мин</p>	<p>Мұғалім:</p> <p>Отбасы. Бала. Мектеп. Бір - бірінен ажырағысыз үш ұғым. Отбасы бар жерде бала бар, бала бар жерде мектеп бар. Мектеп пен атананың міндеті - әр балаға бақыт, қуаныш сыйлау. Тәрбиенің ең алғашқы бастамасын бала отбасында алады. Отбасы - әр бала үшін алтын бесік. Бала отбасы аясында түлеп өседі, оңы мен солын сонда таниды. Ол отбасы жағдайында өмірдегі әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстауды, адамгершілік әліппесі: кішіпейіл болу, ізеттілік, сыйластық, үлкендермен және кішілермен қандай қарым - қатынаста болу керек сияқты тәжірибе жинақтайды және оны меңгереді. Отбасы – ол ең жақын адамдардың ошағы. Әрқашан отбасы мүшелерін сыйлап, құрметтеу керек.</p>	<p>Оқушылар сабақтан алған әсерлері мен білімдерін қорытындылайды.</p>	<p>«Менің бүгінгі ойым ...»</p>
--	---	--	---------------------------------

Сынып сағаты	№ 3	
Күні:		
Сынып жетекші:		
Сынып:	Қатысқаны:	Қатыспағаны:
Сынып сағатының тақырыбы:	<p>«Электрондық темекінің зияны» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) 3 – САБАҚ «Қақтығыс соңындағы жауапкершілік»</p>	
Сынып сағатының мақсаты:	Электронды темекінің ағзаға тигізетін кері әсерін және одан туындайтын ауру түрлерін айта отырып, одан аулақ болуға баулу;	
Қауіпсіздік сабағының мақсаты:	Қақтығыстағы жеке жауапкершіліктің маңыздылығын түсіну және жанжалды жағдайларды бейбіт жолмен шешуді үйрену	
Қауіпсіздік сабағының міндеті:	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жанжалдың не екенін және оның қалай пайда болатынын түсіндіру; 2. Жанжалдағы әрекеттеріңіз үшін жеке жауапкершіліктің маңыздылығын көрсету; 3. Жанжалдарды бейбіт жолмен шешу әдістерін үйрету 	

Құндылықтарды дарыту:	ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП: қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу		
Апта дәйексөзі:	Ананың алақаны балаға айдынды қоныс.		
Сынып сағатының барысы:			
Сынып сағатының уақыты \ кезеңі	Мұғалімі әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары
Сынып сағатының басы <i>10 мин</i>	<p>ҚР Мемлекеттік Әнұраны орындалады</p> <p>Ұйымдастыру кезеңі Оқушылар назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбымен таныстыру</p> <p>Миға шабуыл «Ғасыр дерті» деген не?</p> <p>-Олай болса, алдыңғы кезекте темекінің зиянына тоқталайық.</p>	<p>Оқушылар ҚР Мемлекеттік Әнұранын орындайды</p> <p>Оқушылар мұғаліммен амандасады, дәптерлерін ашып, күн ретін, сабақ тақырыбын жазады.</p> <p>«Ғасыр дерті» дегеніміз қазіргі таңда бүкіл әлемге кеңінен қанат жайып, ушығып тұрған арақ, темекі, есірткі т.б</p> <p>Бейнероликтен соң, сұрақтарға жауап береді.</p>	Тірек фото суреттер тақтаға ілінеді
Сынып сағатының ортасы <i>20 мин</i>	<p>Мұғалім «Электрондық темекі – физикалық зардаптар» тақырыбында баяндама оқиды.</p> <p>Тақырып бойынша топта талқылау</p> <p>Мақалды жалғастыр</p> <p>1. Ауырып ем іздегенше,</p> <p>2. Ішпеген, шылым шекпеген, Жасайды</p> <p>3. Қайғы қартайтады. Қуаныш</p> <p>4. Адам арақты ішеді, Арақ</p>	<p>Қажетті ақпараттарды дәптерлеріне түртіп отырады</p> <p>Оқушылар тақырып бойынша постер әзірлеп, қорғайды</p> <p>Оқушылар мақал – мәтелдің жартысын табады.</p>	Жадынама Үлестірме қағаздар

	<p>5. Жасында темекісін будақтатқан, Күркілдеп қартайғанда</p> <p>6. Арақ-ішіп ішіне көшеді, Ақыл</p>		
<p>Қауіпсіздік сабағы 10 мин</p>	<p>1. Кіріспе Қақтығыс дегеніміз не? Олар неге пайда болады. Бәсекелестік (бәсекелестік) – өз мүдделері үшін басқаларға зиян келтіруге ұмтылу. Бейімделу – басқа біреудің мүддесі үшін өз мүдделерін құрбан ету. Компромисс – өзара жеңілдіктерге негізделген келісім; туындаған қайшылықты жоятын нұсқаны ұсыну. Ынтымақтастық – жағдайға қатысушылар екі жақтың мүдделерін толығымен қанағаттандыратын байламға келеді.</p> <p>2. Негізгі бөлім «Екі дос» жаттығуы</p> <p>3. Қорытынды</p>	<p>Тақырыптық термин сөздерді дәптерлеріне түсіреді, оның ұғымын біледі</p>	<p>https://youtu.be/gH3zqZPR4EQ?si=t4BxnmuyQ8xmGGc</p>
<p>Сынып сағатының соңы 5 мин</p>	<p>«Өмірімізді ұзарту да қысқарту да өз қолымызда» Өмірге адам бір ақ рет келеді, Жастық шағың өміріңнің кемелі. Күте білсең саулығыңды өрелі, Табиғаттың бергеннен көп берері. – деп тәрбие сағатымызды аяқтаймыз</p>	<p>Қысқаша түйінді ойларын бөлісу</p>	<p>Стикерлер</p>

Сынып сағаты	№ 4		
Күні			
Сынып жетекші			
Сынып	Қатысқаны:	Қатыспағаны:	
Сынып сағатының тақырыбы	<p>«Буллинг және оның алдын алу» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> 4 – САБАҚ «Ата-аналарға деген сенім өмірде маңызды шешімдер қабылдауға қалай әсер етеді?»</p>		
Сынып сағатының мақсаты	«Буллинг» сөзінің мағынасын ашу, таныту, адамға физикалық және психологиялық тұрғыдан зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру,		
Қауіпсіздік сабағының мақсаты	ата-аналарға құрмет көрсетуге тәрбиелеу, кіші және қарттарға, айналасындағыларға қамқорлықжасау, басқалардың еңбегін құрметтеу, табиғатқа, мүлікке ұқыпты қарау және т.б.		
Қауіпсіздік сабағының міндеті	<ul style="list-style-type: none"> - ата-аналарының, ересектердің, кіші және қарттардың қамқорлығы мен назарын түсіну және бағалау қажеттілігін көрсету; - адамның өміріндегі отбасыныңмаңыздылығын түсінугеықпал ету; - балалар мен ата-аналар арасындағы отбасындағы жанжалдың себептерін анықтау; - үлкендерге құрметпен қарау қажеттілігі туралы қорытындыға келу; - барлығының тиімді өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту. 		
Құндылықтарды дарыту	ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП: оқушыларды мейірімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеп, сақтыққа үйрету		
Апта дәйексөзі	<i>Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы (Абай)</i>		
Сынып сағатының барысы:			
Сынып сағатының уақыты \ кезеңі	Мұғалімі әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары
Сынып сағатының басы <i>10 мин</i>	<p>Ұйымдастыру кезеңі Оқушылар назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбымен таныстыру</p> <p>Миға шабуыл Буллинг дегеніміз не?</p>	Оқушылар мұғаліммен амандасады, дәптерлерін ашып, күн ретін, сабақ тақырыбын жазады.	Тірек фото суреттер тақтаға ілінеді

	<p>Мұғалім оқушыларға бейнеролик көрсеттеді.</p> <p>Мұғалім: Буллинг қандай жағдайларға әкеліп тіреуі мүмкін? Біреу сені қорқытып, қорлап жүрген жағдайда не істеу керек? Егер сен өзін біреуді қорлап жүрген болсаң ше? Неліктен адамдар бір-бірін қорлап, қиянат жасайды?</p>	<p>Балалар сұраққа жауап береді, пікір алмасады.</p> <p>Бейнероликтен соң, сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>https://www.youtube.com/watch?v=l5OsvTnwLN4</p>
<p>Сынып сағатының ортасы 20 мин</p>	<p>Есіңе сақта:</p> <ul style="list-style-type: none"> • ешкімнің сені қорлауға құқы жоқ • буллинг сенің достарыңның, отбасыңның, мектептегі балалардың немесе бөтен адамдардың тарапынан болуы мүмкін, қалай болған жағдайда да, ол дұрыс емес және бұлай болуға тиіс емес • буллингті тоқтатуға және өзінді бағалауға үйренуге болады <p>Миға шабуыл:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Буллингтен қалай қорғануға болады? <p>Класстер әдісімен: Менің мықты жақтарым ...</p>	<p>Қажетті ақпараттарды дәптерлеріне түртіп отырады</p> <p>Оқушылар өз ойларын айтады</p> <p>Оқушылар өздерінің мықты жақтарын кестеге сай жазады.</p>	<p>Брашюра</p> <p>Фото суреттер</p> <p>Класстер</p>
<p>Қауіпсіздік сабағы 10 мин</p>	<p>1. Кіріспе (2 минут) 2. Негізгі бөлім(6 минутқа дейін) Бейнені қарау: 3. Топтық жұмыс: Ата-аналардың кеңестері пайдалы болған өмір мысалдарын талқылау. Балалар үшін не маңызды: ата-аналардың</p>	<p>Тақырыптық термин сөздерді дәптерлеріне түсіреді, оның ұғымын біледі</p>	<p>үлестірме материалдар</p> <p>Түрлі – түсті қаламдар</p>

	<p>кеңестері немесе олардың мысалы? Ең бастысы, ата-аналардың не істейтіні, олар қалай әрекет ететіні, қандай шешімдер қабылдайтыны және олардың кеңестері ғана емес.</p> <p>3. Қорытынды (2 минут)</p>		
<p>Сынып сағатының соңы 5 мин</p>	<p>Сонымен:</p> <ul style="list-style-type: none"> - адамды мазақтау, қорлау, соқтығысу – бұл ... - ақшасын не басқа заттарын тартып алу, оларды бүлдіру - сол жайында өсек тарату – бұл ... - ренжітетін, жаман әзіл айтып, басқа адамдардың алдында ыңғайсыз жағдайға қою – бұл ... - ұрып-соғу, тепкілеу, итеру немесе басқаша зақым келтіру – бұл ... - қоқан-лоқы көрсету немесе қорқыту – бұл ... <p>Адам үйде, мектепте, автобуста немесе интернетте, жалпы айтатын болсақ, кез келген жерде буллингке ұшырауы мүмкін. Бұл кез келген адамның басында болатын жағдай. Бірақ есінде болсын, ешкімнің сені ренжітуге немесе өзің жайлы жаман ойлауға мәжбүрлеуге құқығы жоқ.</p>	<p>Буллинг</p> <p>Буллинг</p> <p>Буллинг</p> <p>Буллинг</p>	Тірек сөздер

Сынып сағаты	№ 5
Күні	
Сынып жетекші	

Сынып	Қатысқаны:	Қатыспағаны:	
Сынып сағатының тақырыбы	«Ұстаз аты – биік, әрі мәңгілік» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> 5 – САБАҚ «Егер сіз желіде қорқытуға тап болсаңыз»		
Сынып сағатының мақсаты	Оқушыларды ұстазды құрметтеуге, сыйлауға үйрету, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіну. Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге үйрену, Оқушылардың бойына дамыту әрі дарыту.		
Сынып сағатының түрі			
Қауіпсіздік сабағының мақсаты	Оқушыларды кибербуллингті тануға және оған дұрыс жауап беруге үйрету		
Қауіпсіздік сабағының міндеті	1. Кибербуллингтің не екенін және оның қалай көрінетінін түсіндіру; 2. Желіде қорқытудан қорғау жолдарын көрсету; 3. Кибербуллинг кезінде көмек сұрауға үйрету.		
Құндылықтарды дарыту	ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК: түрлі мамандықтар мен олардың қызмет ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылық таныту;		
Апта дәйексөзі	Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!		
Сынып сағатының барысы:			
Сынып сағатының уақыты \ кезеңі	Мұғалімі әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары
Сынып сағатының басы <i>10 мин</i>	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылар назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбымен таныстыру және шара қонақтарымен таныстырады. Миға шабуыл Ұстаздар күні қай күні? Ортаға жүргізушілер шығады: 1 жүргізуші. Армысыздар, бармысыздар, Қош келдіңіздер, Құрметті де аяулы ұстаздар!	Оқушылар мұғаліммен амандасады, дәптерлерін ашып, күн ретін, сабақ тақырыбын жазады. Балалар сұраққа жауап береді, пікір алмасады.	Тірек фото суреттер тақтаға ілінеді
Сынып сағатының ортасы <i>20 мин</i>	2 жүргізуші. Ұстаз деген – жарық күні ғаламның, 1-жүрг. Бүгін бізде үлкен мереке. Бүгін ұстаздар қауымының төл мерекесі. Олай болса бүгінгі күн ұстаздарға арналмақ.	1-оқушы Ұстаз деген – анасы ол адамның. Бүкіл әлем мойындайды еңбегін, Сен де одан адам болып жаралдың.	Шарлар Нақыл сөздер

	<p>Ұстаз – ұлағатты есім. Күн сәулесі өмірге қандай жарық берсе, ұстаз есімі де шәкірттерге күндей жарық береді. Ақырын жүріп анық бас. Еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға – деп Абай атамыз айтқандай, шәкірттерінің өзінен озғанын қалаған ұстаздар қауымы, мерекелеріңіз құтты болсын. II жүрг. Денсаулықтарыңыз мықты болсын, шаңырақтарыңыз шаттыққа толсын, біздей шәкірттеріңіз көп болсын! I-жүргізуші. Сен қалай ойлайсың ? Менің ойымша, кез-келген адам мұғалім бола алмайды. Себебі ұстаздық-өнер, тағылымды өнер. Ал өнерлі болу кез-келген адамға қона бермейді. Олай болса, шын ұстаз болу үшін табиғи дарын ізгілікті ізденіс пен ерен еңбекке ұштастырылуы шарт. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» деген сөз тегін айтылмаса керек. II-жүргізуші, мен осы сөзің дәлелді бола түсу үшін мына жер шумақтарын қосайын. Ұстаз болу – жүректің батырлығы, Ұстаз болу – сезімнің ақындығы, Ұстаз болу – мінездің күн шуағы, Азбайтұғын адамның алтындығы – деп ақын Ғафу Қайырбеков ағамыз жырлағандай, біздің мектебімізде сөзі маржан, үні ән ұстаздардың бар</p>	<p>Ұстазыңды түсінген сен тереңнен, Бар әлемге еңбегімен еленген. Сенің бағың өрге қарай өрлесе, Ол да бірге қуанышқа кенелген. Сол арқылы сен де өміріңді жалғадың, Ізгі іс қой, ұстаз тілін алғаның. Мақтау алсаң ұстаздардың алдында, Ол өзіңнің орындалған арманың. Ұстаз сөзін айтып жүрдік ән қылып, Одан басқа жүрген кім бар жанды ұғып. Ұстаз деген – ұлылардың ұлысы. Қасиеті бас иелік мәгілік!</p> <p>БІРГЕ: Мерекелеріңіз құтты болсын!</p>	<p>Фото суреттер</p> <p>Класстер</p>
--	---	---	--------------------------------------

	<p>болғанын мақтаныш етемін. Әрине, ұстаз жүгі-ауыр жүк. Адамның жан дүниесін түсініп, ренжітпей, қателігін сездіре білу – бұл нағыз шеберлік емес пе?</p> <p>1-жүргізуші,</p> <p>2-жүргізуші. Күллі өмірін жеткіншекке арнаған Мұғалімді ардақтайды барша жан Ол мектептен шықпасада қыс-жазы, Жемісі оның жердің жүзін шарлаған. Бала десе ойламайды өз қамын, Көрсем дейді күнге де қол созғанын. Шәкірттерін өзінен де озғанын Ұстаздар! Қандай ғажап халықсыздар Шәкіртке шыдай биік алыпсыздар, Жан біткен жанарына нұр сыйлаған. Күндей боп күлімдеген жарықсыздар.</p> <p>2-жүргізуші, екеуміз ұстаздар туралы нақыл сөздер айтып жарысып көрсек қайтеді?</p> <p>1-жүргізуші Ал ендеше баста.</p> <p>2-жүргізуші «Ұстаз болу өз уақытын аямау, өзгенің уақытын аялау»</p> <p>1-жүргізуші «Ұстазға қарап, шәкірт өседі»</p> <p>2-жүргізуші «Аспаз көрген ат таныр, ұстаз көрген хат таныр»</p> <p>1-жүргізуші «Ұстазға қарап шәкірт өседі»</p> <p>2-жүргізуші «Ұстазыңды ұлы әкеңдей сыйла»</p>	<p>Ендеше, ұрпақпен өмір жолы жалғанады, Көңілді күндер тусын алдан әлі, Ән шашу, әсем әуен, түрлі өнер, Бүгінгі күн сіздерге арналады. Ұстаз туралы ән сіздерге арналады, аяулы ұстаздар, қабыл алыңыздар. Алдарыңызда ұстазым менің әнімен</p> <p>1 .Қына басқа бітеді/тасқа Білім шашқа бітеді/басқа</p> <p>2. Біліп тұрсаң да сұрама/сұрап ал</p> <p>3.Аз біл көп сөйле/көп біл аз сөйле</p> <p>4. Көрмес шошқаны да көрмес/түйені</p> <p>5 .Өнер алды ұзын тіл/қызыл тіл.</p>	
--	--	--	--

	<p>1-жүргізуші «Ұстазы жақсының – ұстанымы жақсы» 2-жүргізуші екеуміз ұстаз туралы қанша мақтау айтсақ та тауысы алмаспыз. Ендеше, қымбатты ұстаздар, шәкірттеріңіздің өздеріңізге арналған өлең шумақтарына кезек берелік. 2-жүргізуші Асыға сәлем жолдап жүректен біз, Бірге өсіп, ен жайлаған ұл менен қыз. Тәтті күй, асқақ ән мен әсем биді Сіздерге тарту етіп ұсынамыз. 1-жүргізуші, Менің ең сүйікті мақалым: Оқу күрекпен құдық қазғандай/инемен Мен шамасы дұрыс айтпады ау деймін, Әріптер де, сөздер де бытырап, біртүрлі шашырап кетті ме қалай? Ендеше мен сендерді көмекке шақырамын. Мен айтқан мақал-мәтелдерді түзетуге көмектесіңдер</p>	<p>б. Жығылып жатып, жығылғанға күлме/сүрінгенге</p> <p>Оқушылар өз ойларын айтады</p>	
<p>Қауіпсіздік сабағы 10 мин</p>	<p>1. Кіріспе (2 минут) Талқылау: кибербуллинг дегеніміз не және ол неге қауіпті (қорқыту, жалған ақпарат тарату және т.б.). - Тақырыпқа кіріспе: кибербуллингіні қалай тануға болады? 2. Негізгі бөлім(6 минутқа дейін) - Презентация: кибербуллингінің түрлерімен белгілері. – Талқылау: кибербуллингіге қалай әрекет ету керек, қайда көмек сұрау керек (бұғаттау, ересектерге хабарлау,</p>	<p>Тақырыптық термин сөздерді дәптерлеріне түсіреді, оның ұғымын біледі</p> <p>Кибербуллинг – бұл интернетте агрессор мен жәбірленуші кездесетін қорлаудың әртүрлі формалары. Көбінесе балалар мен жасөспірімдер пайдаланушылар ретінде зардап шегеді. Бұл хабарламаларда немесе түсініктемелерде қорлау мен жаман</p>	<p>үлестірме материалдар</p> <p>Жадынама «Есінде сақта!»</p>

	<p>әкімшіліктің шағымы, істерді құжаттау).</p> <p>Топтық жұмыстың қорытындысы бойынша негізгі тезистері бар оқушыларға көмек құралы ретінде жадынамамен таныстырады</p> <p>3. Қорытынды (2 минут)</p>	<p>әзілдер, жеке ақпаратты жариялау (мысалы, сіздің мекенжайыңыз, телефон нөміріңіз, жақын фотосуреттеріңіз), қорқытатын жазбалар болуы мүмкін. Бұл құбылыспен күресу қажет. Шабуылдар туралы айтудан қорықпаңыз.</p>	
<p>Сынып сағатының соңы 5 мин</p>	<p>2-жүргізуші: Қадіріңді кезінде Білмепті ғой ұланың Қазір әр бір сөзіңе Елеңдейді құрағым Бірдей етіп ұстадың Демей бізге бөтенсің Кейде ақылын ұстаздың Сағынады екенсің. Сол ұстазға жаны нұр Демек үлкен адаммын. Есейсекте бәрі бір, Баяғы шәкірт балаңмын- деп қанша есейіп кетсекте біз сендерді ешқашан ұмытпаймыз.</p>		Тірек сөздер

Сынып сағаты	№ 6	
Күні		
Сынып жетекші		
Сынып	Қатысқаны:	Қатыспағаны:
Сынып сағатының тақырыбы	<p>«Компьютерлік ойындардың зияндылығы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) 6 – САБАҚ «Желідегі фейктер үшін жауапкершілік»</p>	
Сынып сағатының мақсаты	Компьютерге байланысты оқушылардың білімін нығайту, компьютерлік ойындардың зияны туралы түсіндіру	
Қауіпсіздік сабағының мақсаты	Жалған ақпаратты таратудың салдарын түсіну және дереккөздердің дұрыстығын тексеруді үйрену	
Қауіпсіздік сабағының міндеті	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жалған ақпараттың не екенін түсіндіру; 2. Фейктердің таралу салдарын көрсету; 3. Интернеттегі ақпараттың дұрыстығын тексеруге үйрету 	
Құндылықтарды дарыту	ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП: тәртіп пен әділдік, нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну	

Апта дәйексөзі		<i>Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!</i>	
Сынып сағатының барысы:			
Сынып сағатының уақыты \ кезеңі	Мұғалімі әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары
Сынып сағатының басы 10 мин	<p>Ұйымдастыру кезеңі Оқушылар назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбымен таныстыру</p> <p>Миға шабуыл</p> <p>Оқушыға компьютер не үшін керек? Компьютер ойындарын ойнайсыңдар ма?</p>	<p>Оқушылар мұғаліммен амандасады, дәптерлерін ашып, күн ретін, сабақ тақырыбын жазады.</p> <p>Балалар сұраққа жауап береді, пікір алмасады.</p>	Тірек фото суреттер тақтаға ілінеді
Сынып сағатының ортасы 20 мин	<p>«Ойын баланың мінезін өзгертеді» тақырыбы бойыша баяндама оқиды</p> <p>«Керек кеңес»</p> <p>Пікір алаң</p> <p>1. Компьютерлік ойындарға әуестігі туралы оқушылардың ойы</p>	<p>Оқушылар өз ойларын айтады</p> <p>Оқушылар компьютер алдындағы ережелермен танысады</p> <p>Оқушылар өз ойларымен бөліседі</p>	<p>Брашюра</p> <p>Фото суреттер</p> <p>Класстер</p>
Қауіпсіздік сабағы 10 мин	<p>1.Кіріспе (2 минут) -Талқылау: жалған ақпарат дегеніміз не және ол неге кең таралған? 2. Негізгі бөлім(6 минутқа дейін) - Жалған мысалдармен және олардың салдарымен презентацияны қарау. - Талқылау: фейктер қалай таралады және олар адамдарға қалай әсер етеді. Практикалық бөлім Оқушыларды топтарға бөліп осы чек парағы бойынша кез келген жаңалықты тексеруге тапсырма беріледі</p>	<p>Тақырыптық термин сөздерді дәптерлеріне түсіреді, оның ұғымын біледі (жалған – бұл жаңылыстыруға бағытталған әрекет немесе мәлімдеме, жалған ақпаратты қамтитын жаңалықтар).</p> <p>Оқушылар тапсырманы сәтті орындап шығады: - фактілерді тексереді</p>	<p>үлестірме материалдар</p> <p>Түрлі – түсті қаламдар</p> <p>https://drive.google.com/file/d/1jBaUo3bG8fZ7Sq1vN9_09NM8_pbR0LUM/view</p>

	<p>- Факт деген не? Термин сөздермен жұмыс: Антипод фактісі – фактоид. Бұл барлық жерде шындық үшін қабылданған күмәнді ақпарат. Фактчекинг принциптері: тәуелсіздік, бейтараптық және дәлдік. Дереккөз – бастапқы мәлімдеме немесе әрекет шыққан адам 3.Қорытынды (2 минут)</p>	<p>- стиль мен тілге назар аударады - мекенжайын тексереді</p> <p>Факт – бұл нақты оқиға</p> <p>Дәптермен жұмыс</p>	
<p>Сынып сағатының соңы 5 мин</p>	<p>-Келген ғасыр – ақпараттық технологиялар заманы. Компьютермен жұмыс істеген баланың қабілеті дамиды, десек те, адам денсаулығына қиян екенін ұмытпайық</p>	<p>Оқушылар компьютерді тек жақсы жақтарына пайдаланатынын айтты</p>	

Сынып сағаты	№ 7	
Күні		
Сынып жетекші		
Сынып	Қатысқаны:	Қатыспағаны:
Сынып сағатының тақырыбы	<p>Буллингтен қалай қорғану керек! <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> 7 – САБАҚ «Зиян келтіруі мүмкін ұсыныстарды нақты және батыл түрде қабылдауды қалай үйренуге болады?»</p>	
Сынып сағатының мақсаты	<p>Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тиюдің алдын алу; Сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсетуге баулу;</p>	
Қауіпсіздік сабағының мақсаты	<p>Оқушыларды қауіпті ұсыныстардан бас тартуға және өз шегараларын қорғауға үйрету</p>	
Қауіпсіздік сабағының міндеті	<p>1. Неліктен «жөк» деп айта білу маңызды екенін түсіндіру; 2. Қауіпті ұсыныстардан бас тарту жолдарын көрсету</p>	
Құндылықтарды дарыту	<p>ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП: қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу</p>	
Апта дәйексөзі	<p>Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, Ел, тегі, алсын қайдан кемеңгерді.(І.Жансүгіров)</p>	
Сынып сағатының барысы:		

Сынып сағатының уақыты \ кезеңі	Мұғалімі әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары
Сынып сағатының басы 10 мин	<p>Ұйымдастыру кезеңі Оқушылар назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбымен таныстыру</p> <p>Миға шабуыл Буллинг дегеніміз не? Мұғалім оқушыларға бейнеролик көрсеттеді.</p> <p>Мұғалім: Буллинг қандай жағдайларға әкеліп тіреуі мүмкін? Біреу сені қорқытып, қорлап жүрген жағдайда не істеу керек? Егер сен өзін біреуді қорлап жүрген болсаң ше? Неліктен адамдар бір-бірін қорлап, қиянат жасайды?</p>	<p>Оқушылар мұғаліммен амандасады, дәптерлерін ашып, күн ретін, сабақ тақырыбын жазады.</p> <p>Балалар сұраққа жауап береді, пікір алмасады.</p> <p>Бейнероликтен соң, сұрақтарға жауап береді.</p>	Тірек фото суреттер тақтаға ілінеді
Сынып сағатының ортасы 20 мин	<p>Мектептегі буллингтен қалай қорғануға болады? сұрақ бойынша оқушылар арасында пікір алмасу жүргізеді</p> <p>Класстер әдісімен: Менің мықты жақтарым ...</p>	<p>Қажетгі ақпараттарды дәптерлеріне түртіп отырады</p> <p>Оқушылар өз ойларын айтады</p> <p>Оқушылар өздерінің мықты жақтарын кестеге сай жазады.</p>	Брашюра Класстер
Қауіпсіздік сабағы 10 мин	<p>1. Кіріспе (2 минут): 2. Негізгі бөлім(6 минутқа дейін): - Презентация: «Жоқ» деп айта білудің маңыздылығы, - Жағдайлардың мысалдары. - Бас тарту мысалдарын талқылау</p> <p>Адамдардың өзмүдделерін</p>	<p>«Ұсынысыңызға рақмет, бірақ мен мұны жасай алмаймын»; «Маған бұл идеяға қонымсыз, сондықтан мен бас тартамын»; «Мен бұл көңілді болуы мүмкін екенін түсінемін, бірақ маған олай емес»; «Мен мұны</p>	үлестірме материалдар https://youtu.be/BCAA6q-DBnc?si=HAIv_I2MG2aIVUEP

	<p>ұмытып кетуінің басқа себептері</p> <p>Рольдік ойын</p> <p>3. Қорытынды</p>	<p>қаламаймын және жасамаймын»; «Мен мұндай жағдайлардан аулақ болғанды жөн көремін. Ондайды ұнатпаймын».</p>	
<p>Сынып сағатының соңы <i>5 мин</i></p>	<p>Мақал – мәтел жарысы Адам үйде, мектепте, автобуста немесе интернетте, жалпы айтатын болсақ, кез келген жерде буллингке ұшырауы мүмкін. Бұл кез келген адамның басында болатын жағдай. Бірақ есінде болсын, ешкімнің сені ренжітуге немесе өзін жайлы жаман ойлауға мәжбүрлеуге құқығы жоқ.</p>	<p>Оқушылар тақырып төңірегінде мақал – мәтел айтып жарысады</p>	<p>Тірек сөздер</p>

Сынып сағаты	№ 8		
Күні			
Сынып жетекші			
Сынып	Қатысқаны:	Қатыспағаны:	
Сынып сағатының тақырыбы	<p>«Тәуелсіздік – ел мерейі» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> <i>8 – САБАҚ</i> «Күмәнді жағдайларда еліктіруді қалай жеңуге және дұрыс таңдау жасауға болады?»</p>		
Сынып сағатының мақсаты	<p>Оқушыларды еліміздің тәуелсіздік алған жылдар ішіндегі жеткен жеңістіктерімен таныстыру, әлем таныған ел екенін дәлелдеу, білімдерін кеңейту. Болашақ ұрпақтың рухани тұлғалық және адамгершілік құндылықтарын дамыту.</p>		
Қауіпсіздік сабағының мақсаты	<p>Оқушыларды қауіпті ұсыныстардан бас тартуға және өз шегараларын қорғауға үйрету</p>		
Қауіпсіздік сабағының міндеті	<p>1. Неліктен «Жоқ» деп айта білу маңызды екенін түсіндіру; 2. Қауіпті ұсыныстардан бас тарту жолдарын көрсету</p>		
Құндылықтарды дарыту	<p>ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ: Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну</p>		
Апта дәйексөзі	<p>Отанды сүю – отбасынан басталады!</p>		
Сынып сағаты барысы:			
Сынып сағатының уақыты \ кезеңі	Мұғалімі әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар \ сабақтың техникалық

			құрал - жабдықтары
Сынып сағатының басы <i>10 мин</i>	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылар назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбымен таныстыру	Оқушылар мұғаліммен амандасады, дәптерлерін ашып, күн ретін, сабақ тақырыбын жазады.	Тірек фото суреттер тақтаға ілінеді
Сынып сағатының ортасы <i>20 мин</i>	Мен өз сабағымды Елбасымыздың сөзімен бастағым келеді: «Біз әлем елдерінің сенімі мен құрметіне бөленіп, брендке айналған тәуелсіз Қазақстанды құрдық. Мен бұл жолдарды мақтана оқып: «Мен тәуелсіз елдің азаматымын деп мақтанамын, бірақ мен осы тәуелсіз ел азаматы ретінде не істей аламын?» – деген сұрақ көкейімде тұрады. Рухани жаңғыру мақаласымен де танысып қуана мақұлдаймын бәрі де біздерді қуаттандыра жарқын болашаққа жетелеп тұр. Ал мен сол болашаққа қалай қадам басамын? Ендеше әрбір ел азаматы елбасымыздың жылдағы жасап отырған жолдауын бірауыздан қолдап аз да болса, қолдау көрсете білуі керек. Міне, балалар, сіздерге айтарым сіздер де еліміздің елдігін танып, елбасымыз ұсынып отырған бағытпен алға жылжып, өз білімдеріңізді іс-тәжірибеде көрсете білсеңіздер, нұр үстіне нұр болар еді 1. Еліміздің нышандары туралы не білеміз? 2. ҚР Мемлекеттік туының авторы кім?	Қажетті ақпараттарды дәптерлеріне түртіп отырады Оқушылар өз ойларын айтады Т – білдіреді теңдікті, Ә — әдептілік, әлдікті. У – уайымсыз уақытты, Е – егемендік елдікті Л – дейді лағып лепірме С – сенімділік секілді ең, І – ілтипат пен ізет қой, З – зиялылық тілек қой. Д – шақырады достыққа, К – дейді күн боп көктегі Көз алартпа, көршілерге қол сұқпа.	Брашюра Фото суреттер Класстер

	3. ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының авторлары кімдер? 4. Гимннің тарихы туралы не білеміз?	Сұрақтарға жауап береді	
Қауіпсіздік сабағы 10 мин	Кіріспе (2 минут) Сұрақ қою: «Жасөспірімдерді қандай жағдайлар еліктіруі мүмкін?». Негізгі бөлім (6 минутқа дейін) «Құқықтар мен талаптар» ойыны Талқылауға арналған сұрақтар: • Сіз нені бастан өткердіңіз? • Ең үлкен қиындықтарға не себеп болды? • Сіз неден қорқасыз? • Сіздің қазір істегеніңізді нақты өмірде қолдануға бола ма болса, қалай? • Сіз мұны қалай жасайсыз? • Ықтимал салдары қандай? • Егер олар теріс болса, сіз оларды қалай жеңесіз? «Бас тарту» ойыны Талқылауға арналған сұрақтар: • Бас тартқан кезде сізге ең қиын нәрсе не болды? • Сіз бас тартқан кезде не сезіндіңіз? Таңдауға әсер ететін факторлар: - Күмәнді жағдайларда шешім қабылдауға әсер етуі мүмкін факторларды талқылау: кұрдастардың қысымы, қабылдауға деген ұмтылыс, жазадан қорқу, моральдық құндылықтар және т. б. Қорытынды	Тақырыптық термин сөздерді дәптерлеріне түсіреді, оның ұғымын біледі Сұрақ бойынша өз ойларын жеткізеді Ойында оқушылар жұмыла тапсырма орындайды Сұрақтарға жауап береді Пікір алмасады	https://youtu.be/9STOaUpRt_U?si=6evIkpB5AiJH6QCD үлестірме материалдар Түрлі – түсті қаламдар
Сынып сағатының соңы 5 мин	«Сөз жұмбақ» шешу Аспан болсаң, көтерілер іргемін	Шешуі;	Тірек сөздер

	Шалқар болсаң,құятын бір жүлгемін. Мен дайынмын, ашылмаса бір кенің О,туған ел, тағдырыңмен біргемін,-деп жерлесіміз Қадір Жүсіп жырлағандай, сан ғасыр бойы аты ауыздықпен су ішкен, етігімен қан кешкен батырлардың, аузы дуалы шешендердің, топ бастаған көсемдердің сара жолын жалғастырар тәуелсіз елдің ертеңі аман болыңыздар!	Пырақ, күн, ою, шаңырақ т,б	
--	--	-----------------------------	--

Сынып сағаты	№ 9		
Күні			
Сынып жетекші			
Сынып	Қатысқаны:	Қатыспағаны:	
Сынып сағатының тақырыбы	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> 9 – САБАҚ <i>«Жасөспірімжәне еңбек қатынастары»</i>		
Сынып сағатының мақсаты	Оқушыларға адал еңбек жөнінде айта отырып,оның маңызын түсіндіріп, адал еңбек етуге баулу. Адам еңбегін бағалай білуге, еңбек адамдарын сыйлай білуге тәрбиелеу		
Қауіпсіздік сабағының мақсаты	оқушыларды еңбек қатынастарының негіздері мен олардыңжұмыс орнындағы құқықтарымен таныстыру		
Қауіпсіздік сабағының міндеті	1. Жасөспірімдердің жұмыстағы негізгі құқықтары мен міндеттерін түсіндіру; 2. Еңбек шарттарын жасасу ережелері туралы айту. 3. Жұмыс орнында өз құқығыңызды қалай қорғауға болатындығын көрсету.		
Құндылықтарды дарыту	ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК: әдеп нормасына сәйкес өзінің және басқалардың іс-әрекеттерін талдау		
Апта дәйексөзі	Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!		
Сынып сағатының барысы:			
Сынып сағатының уақыты \ кезеңі	Мұғалімі әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары
Сынып сағатының басы <i>10 мин</i>	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылар назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбымен таныстыру Миға шабуыл Адалдық: Негізгі ұғым	Оқушылар мұғаліммен амандасады, дәптерлерін ашып, күн ретін, сабақ тақырыбын жазады.	Тірек фото суреттер тақтаға ілінеді

	<p>Адалдық - адамның ішкі дүниесіндегі маңызды құндылық.</p> <p>Шындық, әділдік, адалдық және парасаттылық сияқты қасиеттерді қамтиды.</p> <p>Адал адам - өзгелерге сенім артуға лайық, жауапкершілікті сезінетін адам.</p> <p>Адалдық қоғамдық өмірдегі тұрақтылық пен сенімділікті қамтамасыз етеді.</p>	<p>Балалар сұраққа жауап береді, пікір алмасады.</p> <p>жауап береді.</p>	
<p>Сынып сағатының ортасы 20 мин</p>	<p>Адал еңбектің маңызы</p> <p>Адал еңбек - қоғамның дамуының негізгі факторы.</p> <p>Адамның қоғамға қосқан үлесі, өзін-өзі және отбасын қамтамасыз ету.</p> <p>Адал еңбек - адамның өзін-өзі сыйлауына, өзіне деген сенімін арттыруға көмектеседі.</p> <p>Адал еңбек арқылы адамдар өздерінің таланттарын дамытады және өздерін қоғамға пайдалы деп сезінеді.</p> <p>Адал табыс: Қанағаттану және қоғамдық жауапкершілік</p> <p>Адал табыс - еңбек ету арқылы алынған табыс.</p> <p>Адал табыс адамның өзін-өзі сыйлауына, тыныштық пен қанағаттану сезімдерін арттырады.</p> <p>Адал табыс арқылы адамдар қоғамға пайдалы іс-шараларға қолдау көрсете алады.</p> <p>Адал табыс - қоғамдағы әділдікті, теңдікті және тұрақтылықты қамтамасыз етеді.</p>	<p>Қажетті ақпараттарды дәптерлеріне түртіп отырады</p> <p>Оқушылар өз ойларын айтады</p>	<p>Брашюра</p> <p>Фото суреттер</p> <p>Класстер</p>
<p>Қауіпсіздік сабағы 10 мин</p>	<p>1. Кіріспе (2 минут):</p> <p>- Талқылау: неліктен жұмыста өз құқықтарыңызды білу маңызды?</p> <p>- Тақырыпқа кіріспе: жасөспірімдердің еңбек қатынастары.</p> <p>2. Негізгі бөлім(6 минутқа дейін)</p>	<p>Тақырыптық термин сөздерді дәптерлеріне түсіреді, оның ұғымын біледі</p> <p>Заң баптарын дәптерге түсіреді</p>	<p>үлестірме материалдар</p> <p>Түрлі – түсті қаламдар</p> <p>Пайдалы сілтеме: https://youtu.be/UemLbhBjDLg?si=XBST</p>

	<p>Қазақстан Республикасындағы балалардың құқықтары. таныстырады «Қазақстан Республикасындағы Балақұқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы Сонымен қатар, баланың негізгі нақты құқықтарына тоқталады Практикалық бөлім: - Топтық жұмыс: жұмыс орнында құқықтарды қорғау ережелерін әзірлеу. 3. Қорытынды</p>	Топта жұмыс жасайды	t5oEB2ZKY9uA
<p>Сынып сағатының соңы <i>5 мин</i></p>	<p>Қорытынды Адал адам - адал еңбек етіп, адал табысқа ие болады. Адалдық - адамның ішкі дүниесіндегі маңызды құндылық, қоғамдағы тұрақтылық пен сенімділікті қамтамасыз етеді. Адал еңбек - адамның өзін-өзі сыйлауына, өзіне деген сенімін арттыруға, қоғамға пайдалы іс-шараларға қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.</p>	Адалдық, адал еңбек және адал табыс - бұл қоғамдағы тұрақтылық пен дамуды қамтамасыз ететін маңызды құндылықтар. Әр адам өзінің адалдығымен қоғамға жақсылық жасай алады.	Тірек сөздер

Сынып сағаты	№ 10		
Күні			
Сынып жетекші			
Сынып	Қатысқаны:	Қатыспағаны:	
Сынып сағатының тақырыбы	15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> 10 – САБАҚ Кәмелетке толмаған бала заңды жауапкершілікке тартылуы мүмкін бе?		
Сынып сағатының мақсаты	Тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі теңгемен тереңірек таныстыра отырып, сөздердің мағынасын, қолдану аясын жете білуменен байланысты оқушылардың мүмкіндігін дамыту. Туған жеріне, отанына сүйіспеншілігін ояту.		
Сынып сағатының түрі			
Қауіпсіздік сабағының мақсаты	Кәмелетке толмаған баланың қай жастан бастап заңды жауапкершілікке тартылуы мүмкін екенін және не үшін екенін анықтау		
Қауіпсіздік сабағының міндеті	1. Құқықтықжауапкершіліктің не екенін түсіндіріңіз. 2. Кәмелетке толмағандар үшін құқық бұзушылық түрлері мен жазалар туралы айту. 3. Құқықтық бұзушылық мәселелерден қалай аулақ болу керектігін көрсету.		
Құндылықтарды дарыту	ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК: еңбек қоғамдық және табысты болудың негізгі екенін түсіну		
Апта дәйексөзі	«Сөз қадірін білмеген-өз қадірін білмейді»		
Сынып сағатының барысы:			
Сынып сағатының уақыты \ кезеңі	Мұғалімі әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары
Сынып сағатының басы <i>10 мин</i>	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылар назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбымен таныстыру Миға шабуыл теңге туралы не білесіңдер?	Оқушылар мұғаліммен амандасады, дәптерлерін ашып, күн ретін, сабақ тақырыбын жазады. Балалар сұраққа жауап береді, пікір алмасады.	Тірек фото суреттер тақтаға ілінеді
Сынып сағатының ортасы	Теңге өмірге оңайлықпен келген жоқ.	Қажетті ақпараттарды	Брашюра

<p>20 мин</p>	<p>Елбасымыз өз теңгемізді шығаруға қаржыгерлерге тапсырма берді. Ұлттық валютамыздың өз дизайні, өз идеясы болуы керектігін қатаң тапсырылды. Қазақстан аймағында ерте кезеңде қандай ақша болғанын, тарихта бұл жөнінде қандай деректер бары іздестірілді. ұлттық валюта 1993 жылғы 12 қарашадағы жарлығымен 15 қараша күні таңертеңгі сағат 8:00 - ден бастап енгізілді.</p>	<p>дәптерлеріне түртіп отырады</p> <p>Оқушылар өз ойларын айтады</p>	<p>Фото суреттер</p>
<p>Қауіпсіздік сабағы 10 мин</p>	<p>1. Кіріспе (2 минутқа дейін): -Талқылау: құқықтық жауапкершілік дегеніміз не және ол неге маңызды (кәмелетке толмағандардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі біреуге мүліктік зиян келтіргені немесе денсаулығына, арнамысы мен қадір-қасиетіне зиян келтіргені үшін туындайды)? 2. Негізгі бөлім(6 минутқа дейін): Құқық бұзушылықтар үшін заңды жауапкершіліктің 4 түріне тоқталады. Презентация: кәмелетке толмағандар үшін құқық бұзушылық пен жаза Түрлерін таныстырады. Топтық талқылау: 3. Қорытынды (2 минут): - Сабақты қорытындылау.</p>	<p>Тақырыптық термин сөздерді дәптерлеріне түсіреді, оның ұғымын біледі</p> <p>Оқушылар анықтамасын жазады: Қылмыстық жауапкершілік Әкімшілік жауапкершілік Тәртіптік жауапкершілік Азаматтық-құқықтық жауапкершілік</p> <p>Оқушылар шағын топтарда талқылайды</p>	<p>үлестірме материалдар</p> <p>Түрлі – түсті қаламдар</p> <p>https://youtu.be/UemLbhBjDLg?si=XBSTt5oEB2ZKY9uA</p> <p>Жадынама</p>

	- Заңды сақтау ұсыныстары бар жадынамалар тарату.		
Сынып сағатының соңы <i>5 мин</i>	<p>Кім тез ұғып алды екен « Сикырлы сандықша» ойынын ойнап көрейік.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ұлттық валюта қай жылы шығарылды? - Теңгеде кімдер бейнеленген? Олар кімдер? - Ақша қандай қызмет атқарады? - Тәуелсіз елдің ең бірінші айрықша белгісі қандай? - Ерте заманда теңгелерді қайда жасаған? - Теңгенің неше құпия қорғанысы бар? - Қайдан несие алуға болады? - Ақшаны қайда жинауға болады? - Ұлттық валюта дегеніміз не? - Теңге немен безендіріледі? - Қазіргі теңгеде қандай суреттер салынған? - Қазақ теңгесі қайда басылды? - Сен ақшаны орынды жұмсай аласың ба? 	Оқушылар сұраққа жауап береді	Тірек сөздер

Сынып сағаты	№11
Күні	
Сынып жетекші	

Сынып	Қатысқаны:	Қатыспағаны:	
Сынып сағатының тақырыбы	«Буллинг. Баланың барлық қатыгездіктен қорғалуға құқығы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) 1 – САБАҚ «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары»		
Сынып сағатының мақсаты	Оқушылардың адам құқығы, оның ішінде бала құқығы жөнінде түсінігін кеңейту, әрбір адам өз құқығын біліп, өзгенің құқығын бұзбауға үйрету.		
Қауіпсіздік сабағының мақсаты	Қажет болған жағдайда жедел қызмет нөмірлері мен сенім телефондарын қалай дұрыс пайдалану керектігін үйрету		
Қауіпсіздік сабағының міндеті	Төтенше жағдайларды шақыру ережелерін бекіту; қарапайым және төтенше жағдай арасындағы айырмашылық ұғымын бекіту.		
Құндылықтарды дарыту	ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП: қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу		
Апта дәйексөзі	Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі		
Сынып сағатының барысы:			
Сынып сағатының уақыты \ кезеңі	Мұғалімі әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары
Сынып сағатының басы 10 мин	Ұйымдастыру кезеңі Қазақстанда балалардың құқығын қорғау туралы атаулы күндер берілген. 1 – маусым Балаларды қорғаудың халықаралық күні 20 – қараша Балалардың дүниежүзілік күні 10 – желтоқсан Адам құқығы күні		Тірек сөздер, фото суреттер тақтаға ілінеді
Сынып сағатының ортасы 20 мин	Менің өз кітабымды алып, оны оқуға құқығым бар. Маған ешкім тыйым сала алмайды. Мен басқаларды ренжітпей. тек жақсылық істеуге құқықтымын. - Ең бірінші мен өмір сүруге, оқуға, дем алуға, қыдыруға құқықтымын. -«Менің құқығым бар» сөзінен міндетті түрде емес, бірақ өз қалауым		Қима суреттер, кескіндемелер Посперлер

	<p>бойынша не істесем де еркім өзімде дегенді түсінемін.</p> <p>- Тек жақсы істерді істеуге құқықтымын, жаман істерді істеуге құқығым жоқ деп түсінемін.</p> <p>«Не істеуге болмайды?»</p> <p>- Үлкендердің алдынан кесіп</p> <p>- Кішкене баланы</p> <p>- Қыз баланы</p> <p>- Сабақтан</p> <p>- Сыныпта</p>	<p>Оқушылар кестені толтырады.</p>	<p>Қима тапсырмалар</p>
<p>Қауіпсіздік сабағы 10 мин</p>	<p>1. Кіріспе (2 минутқа дейін) Бейне ролик қарау: Естеріңізге сала кетейік, оператор оқиға туралы хабарды қабылдағанда, бұл ақпаратты тиісті шұғыл қызметтерге жеткізу керек. Қызметтердің жұмыс уақыты: ТӘУЛІК БОЙЫ. Телефон шотында ақша болмаса да, барлық ұялы байланыс операторларына қоңыраушалу ТЕГІН. «Есте сақта!» Шұғыл қызмет номерлерін таныстырады. 2. Негізгі бөлім Маңызды! Шұғыл қоңыраулар ұшу және қуат үнемдеу режимдерінде жұмыс істемейді Кез келген ұялы байланыс операторынан және қалалық нөмірлерден ШҰҒЫЛ</p>	<p>Тақырыптық термин сөздерді дәптерлеріне түсіреді, оның ұғымын біледі.</p> <p>Сілтеме бойынша видеороликпен танысып, өз ойларымен бөліседі.</p> <p>Оқушылар шұғыл қызмет номерлерімен танысып, дәптерлеріне түсіреді</p> <p>Оқушылар ролдік ойындар ойнайды</p>	<p>https://youtu.be/qfY3NzKvrnw?si=Ie_ekiYUXRV_qDPC</p> <p>Шұғыл қызмет нөмірлері бар карточкалар</p>

	<p>қызметтерді шақыру Қазақстанда тегін жүргізіледі.</p> <p>3. Қорытынды - Сабақты қорытындылау. - Қорытындылау, жедел жәрдем телефондары бар карточкаларды тарату.</p>		
<p>Сынып сағатының соңы <i>5 мин</i></p>	<p>Қорытынды: Сонымен «құқық» дегеніміз не болды?</p> <p>Кері байланыс. Желкенді кемеңі бояу.</p>	<p>. — Құқық - мемлекет тарапынан, болмаса тиісті қаулы, заңмен әрбір адамға берілген ерік, бостандық...</p>	<p>Түрлі – түсті қаламдар</p>

Сынып сағаты	№12		
Күні			
Сынып жетекші			
Сынып	Қатысқаны:	Қатыспағаны:	
Сынып сағатының тақырыбы	<p>«Өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> 2 – САБАҚ <i>«Қауіпті хобби және серуендеу орындары»</i></p>		
Сынып сағатының мақсаты	Оқушыларды жауапкершілік түсінігімен жан-жақты ақпараттандыру, әрекеті мен өз өміріне жауапты екендігін ұғындыру, жауапкершілік дағдысын меңгерту.		
Қауіпсіздік сабағының мақсаты	Мектеп оқушыларының серуендеу кезінде болуы мүмкін қауіптер туралы хабардарлығын арттыру және қауіпті жағдайлардан аулақ болуға үйрету.		
Қауіпсіздік сабағының міндеті	<ol style="list-style-type: none"> 1. Серуендеу кезінде жиі кездесетін қауіпті хоббиді талқылау; 2. Мұндай хоббидің салдарын түсіндіру; 3. Көшеде қауіпсіз мінез-құлықты үйрету. 		
Құндылықтарды дарыту	ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК: берілген ортақ іс үшін ұжым алдындағы жауапкершілікті түсіну:		
Апта дәйексөзі	<i>Тәттің ләззаты - саулығында, Жанның ләззаты - білімінде</i>		
Сынып сағатының барысы:			
Сынып сағатының уақыты \ кезеңі	Мұғалімі әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары
Сынып сағатының басы <i>10 мин</i>	<p>Ұйымдастыру кезеңі Оқушылар назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбымен таныстыру Мұғалім</p>	Оқушылар мұғаліммен амандасады, дәптерлерін ашып,	Тірек сөздер, фото суреттер тақтаға ілінеді

	<p>Жауапкершілік-адамның жағымды қасиеттерінің бірі. Ол адамды адам етеді, ішкі құндылықтарды тәрбиелейді. Сондықтан әр адам жауапкершіліктің не үшін маңызды екенін білуі керек.</p> <p>Өмірге байыпты қарау жауапкершілікті саналы түрде шешуден басталады. Біз мұндай шешімді бірнеше рет қабылдаймыз, оны өмір бойы бірнеше рет қабылдаймыз.</p> <p>Жауапты адам-өзін және оның мінез-құлқын басқаратын адам. Сондықтан әрқайсыңыз өз әрекеттеріңіз, әрекеттеріңіз, мінез-құлқыңыз үшін жауапкершілікті қабылдауға үйренуіңіз керек.</p>	күн ретін, сабақ тақырыбын жазады.	
<p>Сынып сағатының ортасы 20 мин</p>	<p>Жауапкершілік жөнінде әңгіме-сұхбат жүргізу. Ол төмендегі сұрақтар арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>Жауапкершілік дегеніміз не? Оны қандай уақытта сезінеміз?</p> <p>Жауапкершіліктің адамда жағымды қасиетті қалыптастыруға әсері бар ма? Қандай?</p> <p>Өз өміріме жауапкершілік алу дегенді қалай түсінесіз? Жауапкершілік ала білетін адамның бойынан қандай қасиетті байқауға болады?</p>	<p>. Жауапкершілік— бұл адамның өз әрекетіне жауап беру, міндетін орындау қабілеті.</p> <p>Ондай адамға сеніп іс тапсыруға болады, ол оны ойдағыдай орындап, адамды ұятқа қалдырмайды.</p> <p>Оқушылар сұрақтарға жауап береді</p>	<p>Қима тапсырмалар</p> <p>АКТ</p>
<p>Қауіпсіздік сабағы 10 мин</p>	<p>1. Кіріспе</p> <p>- Серуендеу кезінде оқушылардың әдеттерін талқылау.</p> <p>- Неліктен кейбір хобби қауіпті болуы мүмкін.</p> <p>2. Негізгі бөлім</p> <p>-Презентация: жалпы қауіпті хобби (жол бойындағы ойындар,</p>	<p>Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы</p>	<p>Қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері бар үлестірме материал (жадынама)</p>

	<p>қоршауларға өрмелеу, қараусыз қалған ғимараттар және т.б.).</p> <p>-Нақты жағдайларды талдау</p> <p>3. Қорытынды</p> <p>- Сабақты қорытындылау.</p> <p>- Көшеде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері бар жадынамалар тарату.</p>		
Сынып сағатының ортасы <i>20 мин</i>	Әлеуметтік желі зиян ба, пайдалы ма? Бұл желілер не үшін керек болды? Мүмкін шығарушы елдер бөтен мемлекеттердің ішкі-сырты құпияларын ұрламақ болды ма? Әлеуметтік желі деген не? Әлеуметтік желі не үшін керек? Әлеуметтік желінің қанша түрі бар? Әлеуметтік желінің денсаулыққа қандай зияны бар?	Қажетті ақпараттарды дәптерлеріне түртіп отырады Оқушылар өз ойларын айтады	Брашюра Фото суреттер Класстер
Қауіпсіздік сабағы 10 мин	1. Кіріспе (2 минут): 2. Негізгі бөлім(6 минутқа дейін): - Презентация: «Жоқ» деп айта білудің маңыздылығы, - Жағдайлардың мысалдары. - Бас тарту мысалдарын талқылау Адамдардың өзмүдделерін ұмытып кетуінің басқа себептері Рольдік ойын 3. Қорытынды	«Ұсынысыңызға рақмет, бірақ мен мұны жасай алмаймын»; «Маған бұл идеяға қонымсыз, сондықтан мен бас тартамын»; «Мен бұл көңілді болуы мүмкін екенін түсінемін, бірақ маған олай емес»; «Мен мұны қаламаймын және жасамаймын»; «Мен мұндай жағдайлардан аулақ болғанды жөн көремін. Ондайды ұнатпаймын».	үлестірме материалдар https://youtu.be/BCAA6q-DBnc?si=HAiV_12MG2aIVUEP
Сынып сағатының соңы <i>5 мин</i>	Мұғалімнің қорытынды сөзі: Иә, ... қазір, шынайы өмір мен жасанды кеңістік, әлеуметтік желі мен кітап, адами қарым-қатынас пен онлайн қатынас бәсекеге түскен заман. Әлемде электр жарығы сөніп қалмаса,	Қысқаша түйінді ойларын бөлісу	Тірек сөздер

	қайсысы жеңетіні де белгілі.		
--	------------------------------	--	--

Сынып сағаты	№ 28		
Күні			
Сынып жетекші			
Сынып	Қатысқаны:	Қатыспағаны:	
Сынып сағатының тақырыбы	<p>«Жол ережелерін сақтау – өз қауіпсіздігіңді ойлау» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> 8 – САБАҚ «Күмәнді жағдайларда еліктіруді қалай жеңуге және дұрыс таңдау жасауға болады?»</p>		
Сынып сағатының мақсаты	Оқушыларды жол ережесімен таныстыра отырып, жол қауіпсіздігін сақтаудың адам өміріндегі маңыздылығын ұғындыру. Тәртіпке, сақ болуға, көшеде өздерін дұрыс ұстап жүруге тәрбиелеу.		
Қауіпсіздік сабағының мақсаты	Оқушыларды қауіпті ұсыныстардан бас тартуға және өз шегараларын қорғауға үйрету		
Қауіпсіздік сабағының міндеті	<ol style="list-style-type: none"> 1. Неліктен «Жоқ» деп айта білу маңызды екенін түсіндіру; 2. Қауіпті ұсыныстардан бас тарту жолдарын көрсету 		
Құндылықтарды дарыту	ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП: қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу		
Апта дәйексөзі	<i>Тіл дегеніміз қай халықтың болмасын, кешегі, бүгінгі ғана емес ертеңгі де тағдыры Б. Момышұлы</i>		
Сынып сағатының барысы:			
Сынып сағатының уақыты \ кезеңі	Мұғалімі әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары
Сынып сағатының басы <i>10 мин</i>	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылар назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбымен таныстыру	Оқушылар мұғаліммен амандасады, дәптерлерін ашып, күн ретін, сабақ тақырыбын жазады.	Тірек фото суреттер тақтаға ілінеді
Сынып сағатының ортасы <i>20 мин</i>	Сәлеметсіздер ме, балалар! Бүгін мен сендерге жарақаттардың алдын алу мақсатында жол тәртібі	Қажетті ақпараттарды дәптерлеріне түртіп отырады	Брашюра

	<p>нұсқауларына қысқаша шолу өткіземін. Бағдаршам - өмірімізді жазымнан сақтандыратын көмекшіміз. Оның сырын біліп, тілін алу баршамызға керек.</p> <p>Біздің ауылымызда, сол сияқты біздің еліміздің басқа да қала, ауылдарында бәріне ортақ көше қатынас ережесі енгізілген. Бұл ережені оқушылар да, үлкендер де, яғни барлық көлік жүргізетін жүргізушілер де бұлжытпай орындауы керек.</p> <p>- Балалар, сендер көшеде жүру ережесін білесіңдер ме екен, көрейік.</p> <p>Мынандай сұрақтарға жауап беріңдерші:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Көшеде жүру ережесін білу бізге не үшін керек? 2. Оқушылар, сендер жолда жүру ережелерін түсіндіңдер ме? 3. Жол тәртібін сақтап, өз өмірлеріңізге қамқор болатындарына сенімдімін. 	<p>Оқушылар өз ойларын айтады</p> <p>. Әр оқушы көшеде жүру тәртібін өте жақсы білуі керек. Көшеде жүре білу машина астына түсуден, апаттан сақтайды</p> <p>Есіңе сақта.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Көшеден өткенде арнаулы жерден, жасыл жанғанда ғана немесе реттеушінің белгісін күт. • Жол қиылысында аса абай бол. • Көшеден тек жаяу адамдар өтпелері бойынша жүр. • Бағдаршамға қарауды ұмытпа. • Жолдан өтер кезде алдымен сол жағына содан соң оң жағына қарап, арнайы жаяу жүру жолымен өт. • Көшеде бейтаныс адамдармен сөйлеспе және ілісіп кетпе. 	<p>Фото суреттер</p> <p>Класстер</p>
<p>Қауіпсіздік сабағы 10 мин</p>	<p>Кіріспе (2 минут) Сұрақ қою: «Жасөспірімдерді қандай жағдайлар еліктіруі мүмкін?».</p> <p>Негізгі бөлім (6 минутқа дейін) «Құқықтар мен талаптар» ойыны Талқылауға арналған сұрақтар:</p>	<p>Тақырыптық термин сөздерді дәптерлеріне түсіреді, оның ұғымын біледі</p> <p>Сұрақ бойынша өз ойларын жеткізеді</p> <p>Ойында оқушылар жұмыла тапсырма орындайды</p>	<p>https://youtu.be/9STOaUpRt_U?si=6evIkpB5A iJH6QCD үлестірме материалдар</p> <p>Түрлі – түсті қаламдар</p>

	<ul style="list-style-type: none"> • Сіз нені бастан өткердіңіз? • Ең үлкен қиындықтарға не себеп болды? • Сіз неден қорқасыз? • Сіздің қазір істегеніңізді нақты өмірде қолдануға бола ма болса, қалай? • Сіз мұны қалай жасайсыз? • Ықтимал салдары қандай? • Егер олар теріс болса, сіз оларды қалай жеңесіз? <p>«Бас тарту» ойыны Талқылауға арналған сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бас тартқан кезде сізге ең қиын нәрсе не болды? • Сіз бас тартқан кезде не сезіндіңіз? <p>Таңдауға әсер ететін факторлар:</p> <p>- Күмәнді жағдайларда шешім қабылдауға әсер етуі мүмкін факторларды талқылау:</p> <p>құрдастардың қысымы, қабылдауға деген ұмтылыс, жазадан қорқу, моральдық құндылықтар және т. б.</p> <p>Қорытынды</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді</p> <p>Пікір алмасады</p>	
<p>Сынып сағытының соңы 5 мин</p>	<p>Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса, солай жүріп, доп қуалайтыны, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып кететінінің салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулер жарақат алады. Ал</p>	<p>Қысқаша түйінді ойларын бөлісу</p>	<p>Тірек сөздер</p>

	<p>кейбіреулер өмірлік мүгедек болып қалады.</p> <p>Өмірде күтпеген оқиғалардан сақтану үшін жол ережелеріне бағыну керек. «Сақтансаң сақтармын» дегендей ережелерді тек білу ғана шарт емес, оны бұлжытпай орындаса ғана аман - есен жүруге болады. Көше тәртібін сақтау- сенің міндетің! Егер жол ережесін бұзсаң, тек өзіңе қауіп төндіріп қоймай, басқа адамдарға да зияныңды тигізесің. Сондықтан, жолда сақ бол! Көше тәртібін есіңнен шығарма!</p>		
--	---	--	--

Сынып сағаты	№ 29	
Күні		
Сынып жетекші		
Сынып	Қатысқаны:	Қатыспағаны:
Сынып сағатының тақырыбы	<p>«Қоғамдық мүлікті қорға!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> 9 – САБАҚ «Жасөспірім және еңбек қатынастары»</p>	
Сынып сағатының мақсаты	Оқушыларды қоғамдық орындарда өздерін тәртіп ұстауға баулу және қоғамдық мүліктерді қорғауға тәрбиелеу	
Қауіпсіздік сабағының мақсаты	Оқушыларды еңбек қатынастарының негіздері мен олардың жұмыс орнындағы құқықтарымен таныстыру	
Қауіпсіздік сабағының міндеті	1. Жасөспірімдердің жұмыстағы негізгі құқықтары мен міндеттерін түсіндіру; 2. Еңбек шарттарын жасасу ережелері туралы айту; 3. Жұмыс орнында өз құқығыңызды қалай қорғауға болатындығын көрсету.	
Құндылықтарды дарыту	ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК: әдеп нормасына сәйкес өзінің және басқалардың іс-әрекеттерін талдау	
Апта дәйексөзі	Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар	

Сынып сағатының барысы:			
Сынып сағатының уақыты \ кезеңі	Мұғалімі әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары
Сынып сағатының басы <i>10 мин</i>	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылар назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбымен таныстыру	Оқушылар мұғаліммен амандасады, дәптерлерін ашып, күн ретін, сабақ тақырыбын жазады.	Тірек фото суреттер тақтаға ілінеді
Сынып сағатының ортасы <i>20 мин</i>	«Адамның бойындағының бәрі: келбеті де, киімі де, жан-дүниесі де, ойы да әдемі болуға тиіс... Мен көркі мен киіміне қарасам, көз сүйсіндіріп, бас айналдыратын адамдарды жиі көремін, ал жан-дүниесіне үңілсек – құдай сақтасын! Әп-әдемі сыртқы қабықтың ішіндегі жанның қап-қара болатыны сонша, оны ештеңемен жуып кетіре алмайсың». Чехов А.П. Қандай да бір болмасын қоғамдық орындарда, орталық алаңдарда, көшелерде қоғамдық мүліктерге тиюге болмайды. Ескерткіштер мен ғимараттарды түрлі бояулармен ластауға болмайды. Көше бойларында орналастырылған орындықтарды, түнгі жарықтарды сындыруға болмайды.	Қажетті ақпараттарды дәптерлеріне түртіп отырады Оқушылар өз ойларын айтады	Брашюра Фото суреттер Класстер
Қауіпсіздік сабағы <i>10 мин</i>	1. Кіріспе (2 минут): - Талқылау: неліктен жұмыста өз құқықтарыңызды білу маңызды? - Тақырыпқа кіріспе: жасөспірімдердің еңбек қатынастары. 2. Негізгі бөлім(6 минутқа дейін) Қазақстан Республикасындағы	Тақырыптық термин сөздерді дәптерлеріне түсіреді, оның ұғымын біледі Заң баптарын дәптерге түсіреді	үлестірме материалдар Түрлі – түсті қаламдар Пайдалы сілтеме: https://youtu.be/UemLbhBjDLg?si=XBS T t5oEB2ZKY9uA

	<p>балалардың құқықтары. таныстырады «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы Сонымен қатар, баланың негізгі нақты құқықтарына тоқталады</p> <p>Практикалық бөлім: - Топтық жұмыс: жұмыс орнында құқықтарды қорғау ережелерін әзірлеу.</p> <p>3. Қорытынды</p>	Топта жұмыс жасайды	
<p>Сынып сағатының соңы 5 мин</p>	<p>Қоғамдық мүліктер адамдардың игілігі үшін. Ендеше, өз затымызды күтіп баптағандай, қоғамдық мүліктерді де күтіп баптайық!</p>	Қысқаша түйінді ойларын бөлісу	Тірек сөздер

Сынып сағаты	№ 30	
Күні		
Сынып жетекші		
Сынып	Қатысқаны:	Қатыспағаны:
Сынып сағатының тақырыбы	<p>Біз әртүрліміз, бір теңбіз <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> 10 – САБАҚ Кәмелетке толмаған бала заңды жауапкершілікке тартылуы мүмкін бе?</p>	
Сынып сағатының мақсаты	Адамдардың кеңдігі туралы идеяларды кеңейту, оқушылардың «Достық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту.	
Қауіпсіздік сабағының мақсаты	Кәмелетке толмаған баланың қай жастан бастап заңды жауапкершілікке тартылуы мүмкін екенін және не үшін екенін анықтау	
Қауіпсіздік сабағының міндеті	<ol style="list-style-type: none"> 1. Құқықтық жауапкершіліктің не екенін түсіндіру; 2. Кәмелетке толмағандар үшін құқық бұзушылық түрлері мен жазалар туралы айту; 3. Құқықтық мәселелерден қалай аулақ болу керектігін көрсету. 	
Құндылықтарды дарыту	БІРЛІК ПЕН ҮНТЫМАҚ:	
Апта дәйексөзі	Тату елге тыныштық пен тоқшылық нәсіп	
Сынып сағатының барысы:		

Сынып сағатының уақыты \ кезеңі	Мұғалімі әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары
Сынып сағатының басы <i>10 мин</i>	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылар назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбымен таныстыру	Оқушылар мұғаліммен амандасады, дәптерлерін ашып, күн ретін, сабақ тақырыбын жазады.	Тірек фото суреттер тақтаға ілінеді
Сынып сағатының ортасы <i>20 мин</i>	Мұғалім: «Бірлік бар жерде бақыт бар» «Ынтымақ-достық кепілі» Отан - әр адамның жүрегіне жылы тиер қасиетті сөз.Адам жүрексіз өмір сүре алмайды.Отан-біздің туған жеріміз, өзіміздің туған-туысқанымыз, дос-жаранымыз бен тұратын еліміз Біздің Отанымыз-Қазақстан. Бүгінгі Қазақстан дүние жүзіндегі көптеген мемлекетер таныған ел. Оның өз Елтаңбасы, Туы, Әнұраны бар.Еліміз өз егемендігін, тәуелсіздігін 1991 жылы 16 – желтоқсанда алды Мерекеге арнап өлең шумақтары оқылып, бір шаңырақ астындағы ұлттардың өнерін дәріптейді Мақал – мәтел сайысы	Қажетті ақпараттарды дәптерлеріне түртіп отырады Оқушылар өз ойларын айтады Өлең шумақтарын оқиды Ырыс алды – (ынтымақ) Бірлік болмай – (тірлік болмас) (Ынтымақтың түбі) – игілік Бірлік, ынтымақ - (байлық, бақ) Тірлік, тірлік түбі - (бірлік) (Татулықта) табыс мол	Брашюра Фото суреттер Класстер

		<p>Біршілік болмай (Тіршілік болмайды)</p> <p>Дос басыңа қарайды (Дұшпан аяғыңа қарайды)</p> <p>Дос сыртыңнан мақтар, дұшпан (көзіңе мақтар)</p> <p>Ағаш тамырымен мықты, Адам (дос – жарымен мықты)</p> <p>Дос-егіз, (дұшпан- сегіз)</p> <p>Досыңды мақтағаның - (өзіңді жақтағаның)</p> <p>Досы жоқ адам- (Тұзы жоқ тағам)</p> <p>Досы көпті жау алмайды, (Ақылы көпті дау алмайды)</p> <p>Теңге тиыннан, (Ынтымақ – ұйымнан).</p>	
<p>Қауіпсіздік сабағы 10 мин</p>	<p>1. Кіріспе (2 минутқа дейін): -Талқылау: құқықтық жауапкершілік дегеніміз не және ол неге маңызды (кәмелетке толмағандардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі біреуге мүліктік зиян келтіргені немесе денсаулығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне зиян келтіргені үшін туындайды)? 2. Негізгі бөлім(6 минутқа дейін):</p>	<p>Тақырыптық термин сөздерді дәптерлеріне түсіреді, оның ұғымын біледі</p> <p>Оқушылар анықтамасын жазады: Қылмыстық жауапкершілік Әкімшілік жауапкершілік Тәртіптік жауапкершілік Азаматтық-құқықтық жауапкершілік</p> <p>Оқушылар шағын топтарда талқылайды</p>	<p>үлестірме материалдар</p> <p>Түрлі – түсті қаламдар</p> <p>https://youtu.be/UemLbhBjDLg?si=XBSTt5oEB2ZKY9uA</p> <p>Жадынама</p>

	<p>Құқық бұзушылықтар үшін заңды жауапкершіліктің 4 түріне тоқталады.</p> <p>Презентация: кәмелетке толмағандар үшін құқық бұзушылық пен жаза Түрлерін таныстырады.</p> <p>Топтық талқылау: 3. Қорытынды (2 минут): - Сабақты қорытындылау. - Заңды сақтау ұсыныстары бар жадынамалар тарату.</p>		
<p>Сынып сағатының соңы <i>5 мин</i></p>	<p>Ұлыстарымыз тамыр болған ежелден, Кімдер қашсын қазақтайын ер елден Достығымыз ғасырларға жарасқан Туған елім, шарықтай бер кемелден! «Ынтымағы жарасқан туған өлкем – Қазақстан» - атты 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне арналған тәрбие сағаты осымен аяқталды.</p>	<p>Қысқаша түйінді ойларын бөлісу</p>	<p>Тірек сөздер</p>

Сынып сағаты	№31	
Күні		
Сынып жетекші		
Сынып	Қатысқаны:	Қатыспағаны:
Сынып сағатының тақырыбы	<p>«Қауіпсіз қоғам» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> <i>1 – САБАҚ</i> «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары»</p>	
Сынып сағатының мақсаты	<p>Балаларды кішіпейілділікке, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға, көмектесуге үйрету, жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, жаман қасиеттерден жирену сезімін дамыту.</p>	

Қауіпсіздік сабағының мақсаты	қажет болған жағдайда жедел қызмет нөмірлері мен сенім телефондарын қалай дұрыс пайдалану керектігін үйрету		
Қауіпсіздік сабағының міндеті	төтенше жағдайларды шақыру ережелерін бекіту; қарапайым және төтенше жағдай арасындағы айырмашылық ұғымын бекіту;		
Құндылықтарды дарыту	ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТП:		
Апта дәйексөзі	Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ		
Сынып сағатының барысы:			
Сынып сағатының уақыты \ кезеңі	Мұғалімі әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары
Сынып сағатының басы <i>10 мин</i>	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылар назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбымен таныстыру	Оқушылар мұғаліммен амандасады, дәптерлерін ашып, күн ретін, сабақ тақырыбын жазады.	Тірек сөздер, фото суреттер тақтаға ілінеді
Сынып сағатының ортасы <i>20 мин</i>	Кіріспе сөз. Адамның адамгершілік, саналылық дәрежесі оның тәртібі мен іс-әрекетін анықтайтыны әлдеқашан дәлелденген. Әдептілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу баланың жеке басын қалыптастыру мен дамытудың аса маңызды бір саласы, ұжымға, қоғамға, Отанға, еңбекке, өз міндеттеріне және өз басына қатынасын қалыптастыруды көздейді. Адамгершілік қасиеттер өз бойындағы жақсы мінез-құлық, жақсы әдет, жақсы әдептен құралады. Ол ананың ақ сүтімен, әкенің үлгі-өнегесімен, ата-әженің берер үлкендік, ақсақалдық тәрбиелерімен бойыңа сіңеді. Мектепте ұстаздар өмірдегі жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдықтың айырмасын	Қажетті ақпараттарды дәптерлеріне түртіп отырады	Қима суреттер, кескіндемелер Посперлер Қима тапсырмалар

	<p>танып білуге көмектеседі, өмірде дұрыс бағыт таңдай білуге үйретеді.</p> <p>--Балалар, коммуникативті мәдениетті қалыптастыру бағытын қалай түсінеміз? Тәрбиенің қандай тұстарын анықтайды?</p> <p>- Тәртіп қағидасын анықтайды.</p> <p>- Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет көрсетуді дәріптейді. Әдепті болуға, ізетті, кішіпейіл болуға негіздейді.</p> <p>- Сабақтан тыс уақытта көпшілік орындарда өзіне-өзі ұстай білуге дағдыландырады. Адамдармен қарым-қатынас жасауды үйретеді.</p> <p>Жалғасын тап...</p> <p>(мақалдардың жалғасын табу)</p> <p>Әдепті бала-</p> <p>Әдептілік белгісі-</p> <p>Тәрбиелі адам-</p> <p>Атаңа не қылсаң –</p> <p>Жақсы бала сүйік-</p> <p>Әдепсіз өскен адамнан-</p> <p>Жеті атасын білмеген-</p> <p>Ұяда не көрсең...</p>	<p>Оқушылар сұрақтарға жауап береді</p>	<p>Түрлі – түсті қаламдар</p>
--	---	---	-------------------------------

	Ұлық болсаң – Ашу – ... , ақыл -...		
Қауіпсіздік сабағы 10 мин	<p>1. Кіріспе (2 минутқа дейін) Бейне ролик қарау: Естеріңізге сала кетейік, оператор оқиға туралы хабарды қабылдағанда, бұл ақпаратты тиісті шұғыл қызметтерге жеткізу керек. Қызметтердің жұмыс уақыты: ТӘУЛІК БОЙЫ. Телефон шотында ақша болмаса да, барлық ұялы байланыс операторларына қоңыраушалу ТЕГІН. «Есте сақта!» Шұғыл қызмет номерлерін таныстырады.</p> <p>2. Негізгі бөлім Маңызды! Шұғыл қоңыраулар ұшу және қуат үнемдеу режимдерінде жұмыс істемейді Кез келген ұялы байланыс операторынан және қалалық нөмірлерден шұғыл қызметтерді шақыру Қазақстанда тегін жүргізіледі.</p> <p>3. Қорытынды - Сабақты қорытындылау. - Қорытындылау, жедел жәрдем телефондары бар карточкаларды тарату.</p>	<p>Тақырыптық термин сөздерді дәптерлеріне түсіреді, оның ұғымын біледі.</p> <p>Сілтеме бойынша видеороликпен танысып, өз ойларымен бөліседі.</p> <p>Оқушылар шұғыл қызмет номерлерімен танысып, дәптерлеріне түсіреді</p> <p>Оқушылар ролдік ойындар ойнайды</p>	<p>https://youtu.be/qfY3NzKvrnw?si=Ie_ekiYUXRV_qDPC</p> <p>Шұғыл қызмет нөмірлері бар карточкалар</p>
Сынып сағатының соңы 5 мин	<p>Мұғалім: Күншығыс халқының бір ойшылы былай деген екен: «Бір жылын ойлаған күріш егеді, он жылын ойлаған ағаш егеді, ал жүз жылын ойлаған бала тәрбиелейді» Балаға баланың көзімен қарап,</p>	<p>Оқушылар сабақтан алған әсерлері мен білімдерін қорытындылайды.</p>	<p>«Менің бүгінгі ойым ...»</p>

	<p>өз заманына сай тәрбие беру – біздің басты мақсатымыз.</p> <p>Балалар, сендер де әдепті, тәртіпті, мәдениетті оқушы болып, жарқын болашағымыздың ертеңі болыңдар!</p>		
--	--	--	--

Сынып сағаты	№32	
Күні		
Сынып жетекші		
Сынып	Қатысқаны:	Қатыспағаны:
Сынып сағатының тақырыбы	<p>«Білім - Отаныма» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> 2 – САБАҚ «Қауіпті хобби және серуендеу орындары»</p>	
Сынып сағатының мақсаты	Оқушыларды қазіргі заман талабына сай терең білім алуға ынталандыру	
Қауіпсіздік сабағының мақсаты	мектеп оқушыларының серуендеу кезінде болуы мүмкін қауіптер туралы хабардарлығын арттыру және қауіпті жағдайлардан аулақ болуға үйрету.	
Қауіпсіздік сабағының міндеті	1. Серуендеу кезінде жиі кездесетін қауіпті хоббиді талқылау; 2. Мұндай хоббидің салдарын түсіндіру 3. Көшеде қауіпсіз мінез-құлықты үйрету	
Құндылықтарды дарыту	ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ: Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу	
Апта дәйексөзі	<i>Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ</i>	
Сынып сағатының барысы:		

Сынып сағатының уақыты \ кезеңі	Мұғалімі әрекеті	Оқушы әрекеті	Ресурстар \ сабақтың техникалық құрал - жабдықтары
Сынып сағатының басы 10 мин	<p>ҚР Мемлекеттік Әнұраны орындалады</p> <p>Ұйымдастыру кезеңі</p> <p>Оқушылар назарын сабаққа аудару. Сабақтың тақырыбымен таныстыру</p>	<p>Оқушылар әнұран орындайды</p> <p>Оқушылар мұғаліммен амандасады, дәптерлерін ашып, күн ретін, сабақ тақырыбын жазады.</p>	Тірек сөздер, фото суреттер тақтаға ілінеді
Сынып сағатының ортасы 20 мин	<p>«Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» Әл-Фараби</p> <p>Эссе Елімнің болашағы менің қолымда..... Елімнің келешегі менмін..... Сіздердің көзқарастарыңыз бойынша білімді болу дегеніміз не?</p>	<p>Оқушылар тақырып бойынша эссе жазады.</p>	Қима тапсырмалар
Қауіпсіздік сабағы 10 мин	<p>1. Кіріспе</p> <p>- Серуендеу кезінде оқушылардың әдеттерін талқылау. - Неліктен кейбір хобби қауіпті болуы мүмкін.</p> <p>2. Негізгі бөлім</p> <p>-Презентация: жалпы қауіпті хобби (жол бойындағы ойындар, қоршауларға өрмелеу, қараусыз қалған ғимараттар және т.б.). -Нақты жағдайларды талдау</p> <p>3. Қорытынды</p> <p>- Сабақты қорытындылау. - Көшеде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері бар жадынамалар тарату.</p>	<p>Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы</p>	Қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері бар үлестірме материал (жадынама)

<p>Сынып сағатының соңы 5 мин</p>	<p>Қорытынды. Әрбір қазақ жастары өздерін ұлтжандымын деп ұғынып, өн бойларында ұлттық намысын жоғары қою керек. Еліміздің бейбітшілік аспанында қазақ жастары тәуелсіз елдің айқын мақсаттарымен жігерленіп, тек қана алға ұмтылуға жұмыс жасаймыз. Ел сенімін, үмітін ақтау-жастардың қолында. Ендігі біздің мақсатымыз – жақсы білім алып, өмірде, еңбекте жақсы жетістіктерге жету</p>	<p>Оқушылар сабақтан алған әсерлері мен білімдерін қорытындылайды.</p>	<p>«Менің бүгінгі ойым ...»</p>
--	---	--	---------------------------------

ҚОРЫТЫНДЫ

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қазіргі қоғам сұраныстарына сай тұлғаны жан-жақты дамыту мен тәрбиелеудің кешенді тәсілдерін ұсынады. Бағдарламаның теориялық негіздері, ұйымдастырушылық аспектілері мен тәжірибеде қолдану әдістері тәрбиенің кешенділігін қамтамасыз етеді және оқу-тәрбие процесін біртұтас жүйеге айналдырады. Бұл бағдарлама арқылы білім алушылардың әлеуметтік, рухани, мәдени және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, олардың тұлғалық қасиеттерін дамытуға Әділетті Қазақстанның өз ісіне жауапты адал азаматтарын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді.

Әдістемелік ұсынымдар арқылы білім беру жүйесіндегі әрбір тәрбие бағыты мұқият талданады және педагогикалық іс-шаралардың нәтижелілігін арттыратын әдістер мен құралдар анықталады.

Әдістемелік ұсынымдамада білім алушылардың тұлғалық, адамгершілік және әлеуметтік бағытта дамытуға бағытталған тәжірибелік әдістерді қолдануды жүйелейді, бұл білім алушылардың қоғамға адал қызмет етуді, оған жағымды көзқарасы мен азаматтық санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Бағдарламаның сынып және сыныптан тыс іс-шаралар мен әлеуметтік жобалар арқылы жүзеге асырылуы тәрбиенің шынайы өмірмен тығыз байланыста болуын қамтамасыз етеді.

Осылайша, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы білім беру ұйымдары, отбасы мен қоғамның бірлесе әрекет етуіне негізделген тиімді тәрбие жүйесін құруға мүмкіндік береді. Мұның нәтижесінде, өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген саналы, адал

азаматтарды тәрбиелеу мақсатына қол жеткізуге болады.

Бағдарлама нақты құндылықтарды тәжірибеде қалыптастыруға негізделген. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберіндегі тәрбие іс-шаралары құндылықтарды көрнекі түрде насихаттауда білім алушылардың адамгершілік қасиеттерін және қоғамға пайдалы әрекетке бейімділігін арттыруға көмектеседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

1. Тоқаев, Қ. (15.03.2024). Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» Ұлттық құрылтайының үшінші отырысында сөйлеген сөзі. Retrieved from <http://surl.li/tkqgn>
2. Әбу Насыр әл-Фараби. (n.d.). Әбу Насыр әл-Фарабидің ізгілікті қоғам жөніндегі идеялары. Retrieved May 7, 2024, from <https://abai.kz/post/54153>
3. Жүсіп Баласағұн. (n.d.). Жүсіп Баласағұн шығармаларындағы адамгершілік идеялары. Retrieved May 7, 2024, from <http://surl.li/qjlgg>
4. Новрузов, Р., & Новрузова, Г. (2022). Формула души в «Дивани Хикмет» Ахмеда Яссави. *Philologia*, 43, 32-41.
5. Алтынсарин, И. (1957). Избранные произведения (Б. С. Сулейменов, Ed.). Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР.
6. Абай. (2005). Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен кара сөздер. Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі.
7. Елікбек, Д. (2021). Шәкәрім шығармашылығындағы «АР-ҰЯТ» концептісінің танымдық сипаты. Актуальные вопросы современных научных исследований, 111-116.
8. Байтұрсынұлы, А. (n.d.). Баулу мектебі. Retrieved May 7, 2024, from https://adebiportal.kz/kz/news/view/axmet-baitursynuly-baulu-mektebi_16521
9. Дулатов, М. (1991). Шығармалары: Өлеңдер, кара сөздер, көсемсөздер (М. Әбсеметов & Г. Дулатова, Comps.). Алматы: «Жазушы». Retrieved May 7, 2024, from <https://clck.ru/38Zoag>
10. Аймауытов, Ж. (2013). Алты томдық шығармалар жинағы. / Тәрбиеге жетекші. Жаңа ауыл (оқу құралдары). Алматы: «Ел-шежіре». Retrieved May 7, 2024, from <http://e-kitap.kz/book/5127/read>

11. Жұмабаев, М. (2013). Шығармалары (әдеби басылым). 2-том: Өңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер (С. Жұбаниязов, Сomp.). Алматы: Жазушы. Retrieved May 7, 2024, from <https://clck.ru/38Zq2v>
12. Care, E., Kim, H., Vista, A., & Anderson, K. (2018, November). Education system alignment for 21st century skills: Focus on assessment. Optimizing Assessment for All (OAA). Center for Universal Education at the Brookings Institution.
13. European Parliamentary Research Service. (2021). Implementation of citizenship education action in the EU.
14. Kitamura, Y., Liu, J., & Hong, M. S. (2022). Education in East Asia: Changing School Education in China, Japan, and Korea. In C. C. Wolhuter & A. W. Wiseman (Eds.), *World Education Patterns in the Global North: The Ebb of Global Forces and the Flow of Contextual Imperatives* (International Perspectives on Education and Society, Vol. 43A, pp. 149-168). Emerald Publishing Limited. <https://doi.org/10.1108/S1479-36792022000043A010>
15. Education Bureau The Government of the Hong Kong Special Administrative Region of the People's Republic of China. (2021). Values Education Curriculum Framework. Retrieved from https://www.edb.gov.hk/en/curriculum-development/4-key-tasks/moral-civic/ve_curriculum_framework2021.html
16. Ministry of Education (Singapore). (n.d.). 21st Century Competencies. Retrieved from <https://www.moe.gov.sg/education-in-sg/21st-century-competencies>
17. UNESCO. (2021). Global Education Monitoring Report.
18. OECD. (2018). Preparing our youth for an inclusive and sustainable world.
19. Танирбергенова А.Ш «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы: отандық және халықаралық тәжірибелерге шолу» Білімді ел республикалық білімділік қоғамдық-саяси газеті №39, 2024.
20. Сагиндиқов И.У., Танирбергенова А.Ш., Мағауия А «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы білім сапасын басқарудың стратегиялық құралы ретінде» «20 лет ЕНТ: трансформация образования через тестирование» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы, 2024.

ҚОСЫМША

Қосымша 1


Қарағанды қаласы М. Жұмабаев атындағы гимназиясы директорының бейіндік ісі жөніндегі орынбасары Ибрайбекова Арай Нурлановнаның тәжірибесінен

«Гимназия басқару менеджменті: құндылыққа негізделген білім беру»

Қазіргі таңда құндылыққа негізделген білім беру маңызды болып отыр. Қай қоғамда болмасын құндылыққа бағдарланған білім мен тәрбие беру мәселесі өзекті екендігі белгілі. Бүгінгі таңда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде құндылыққа негізделген білім беру мәселесі өзекті болып отыр. Құндылықты оқушылар бойына қалай дарытып отырмыз?

Қарағанды қаласының білім бөлімі 2021-2022 оқу жылының наурыз айынан бастап он сегіз мектепті «Ziatkerlik modernizasia-18» деген жобасына кіргізді. Негізгі мақсаты (жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, заманауи білімдерді меңгерген, бәсекеге қабілетті, салауатты ұрпақ тәрбиелеу) құндылыққа негізделген білім беру мектебін құру керек. Гимназиямызда шығармашылық топ құрып, мұғалімдерге оқыту семинарларын ұйымдастырдық.

Енді осы құндылықты негізделген білім беруді нәтижеге жеткізудің жолын гимназия әкімшілігі, шығармашылық топбы ортаға салды.



Мақсатқа жетуге дұрыс жоспарлау процестері, бақылау, мотивациясын көтеру керек, яғни **МЕНЕДЖМЕНТІ** дұрыс құру жолын қарастырдық.

Гимназия ұжымы, оқушылар мен ата-аналар үштік одақ бірігіп, алдымен олар үшін ең маңызды құндылықтарды нақтылап, сауаланама, сұраныстарын ескере отыра тоғыз айға тоғыз құндылық жоспарладық. Әр айды апға бөлдік.

1-апта /Құндылыққа негізделген ашық сабақтар /

2-апта / Құндылыққа негізделген тәрбиелік іс-шаралар/

3- апта / Құндылыққа негізделген зияткерлік ойындар/

4-апта /Қосымша білім беру: педагогтердің кәсіби өсу дамуы. Гимназия компоненті, вариативтік компонент, үйірмелер/

№	АЙ АТАУЫ	ҚҰНДЫЛЫҚТАР	ДАҒДЫЛАР
1	Қыркүйек	Жауапкершілік	Ғаламдық таным
2	Қазан	Ынтымақтастық	Креативтілік
3	Қараша	Құрмет	Қоршаған орта және азаматтық сауаттылық
4	Желтоқсан	Отансүйгіштік	Денсаулық және СӨС
5	Қаңтар	Адалдық	Көшбасшылық қасиеттер
6	Ақпан	Сүйіспеншілік	
7	Наурыз	Кемелдену	
8	Сәуір	Отбасылық құндылықтар	
9	Мамыр	Еңбекқорлық	

Гимназиямыздағы тоғыз кафедра тоғыз құндылықты өз жоспарларына енгізді. «Академиялық күнтізбесі» құрылды, аптаға жұмыс циклограммасы берілді.

«Мен соққының он мың әдісін қолданып көрген адамнан емес, соққының бір әдісін он мың рет қолданған адамнан қорқамын» деген Брюс Ли. Осы құндылық дағдыға айналдыру үшін ай сайын, тіптен күн сайын қайталау арқылы бойына сіңіруге болады.

Қаңтар айы – адалдық құндылық. Жауапты жаратылыстану пәндер кафедрасы. Мақсаты: Оқушыларға адалдық, шындық туралы түсінік. Оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымдылық сынды адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету. Бірін-бірі сыйлап, мейіріммен қарауға тәрбиелеу.

АПТА	ІС-ШАРАЛАР АТАУЫ
Дүйсенбі	• WEEKLY DIGEST сатып алынып, оқиғы өсетіндері Редукция сыныбының оқушылары айына бір неше сағаттарын береді! • Дәптер өлең • Дірілдер • Қыратылы
Сейсенбі	• Жаңы сөздерді ой бастауы • Тағам: Қыратылы
Сәрсенбі	• СПОРТ КҮНІ • Мейіріммен берілу және т.б. • ТАҒЫМ ЖАТТЫҒУ • Тағам: Бөлек және ақылды пәлеструлер, әрқарға би, физика және т.б. • ШЫҒАРМАДЫҚ КҮНІ • Тағам: Әдебиет және өнер, қыратылы: өлең және ақпараттық сауаттылық, қыратылы жасау, сурет салу, өлең және 3D және т.б. қыратылымен өз кәсіби жанын, бір суретті өзінше және қыратылы арқылы беріп, өлең тақырыпта сурет салу, қыратылы сүйек кәсіби қыратылы суретін сызып көрсету және т.б.
Бейсенбі	• «ЖУРА ҚҰШАР МЕКТЕП» ЖАЛПЫ АДАМ ОҚУ • Тағам: Ғаламдық таным • «КЕЛЕР МЕКТЕП КҮНІ» • Тағам: Ғаламдық таным • «АНАДЫҒА МЕКТЕП КҮНІ» • Тағам: Ғаламдық таным • «СЕНЕМА ТИМЕ» • Тағам: Ғаламдық таным • «СЕНЕМА ТИМЕ» • Тағам: Ғаламдық таным • «СЕНЕМА ТИМЕ» • Тағам: Ғаламдық таным
Жұма	• «СЕНЕМА ТИМЕ» • Тағам: Ғаламдық таным • «СЕНЕМА ТИМЕ» • Тағам: Ғаламдық таным • «СЕНЕМА ТИМЕ» • Тағам: Ғаламдық таным
Әр айдың соңғы аптасы	• «СЕНЕМА ТИМЕ» • Тағам: Ғаламдық таным • «СЕНЕМА ТИМЕ» • Тағам: Ғаламдық таным
Әр айдың соңғы аптасы	• «СЕНЕМА ТИМЕ» • Тағам: Ғаламдық таным • «СЕНЕМА ТИМЕ» • Тағам: Ғаламдық таным

1-АПТА /АШЫҚ САБАҚТАР/		Қытар аяы-АДАЛДЫҚ			
		Жұмысшылар ашық сабақтарына Адалдық құндылығын ашыту			
Мақсаты: Оқушыларға адалдық, шындық туралы түсінік. Оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымдылық сынды адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету. Бірін-бірі сыйлап, мейіріммен қарауға тәрбиелеу.					
№	Тақырыбы	Мерзімі	Сыныбы	Жұмысшы	Авқаталы формасы
1.	Ерекше қорғалған табиғи аумақтардың тұрғылары (ашық сабақ)	11.01.23 10:40-11:25 (101кәб)	9 «А» сынып	Зекенова Б.Б.	Instagram, Facebook жариялауы
2.	Түркістан аймағының құрылыстары (ашық сабақ)	11.01.23 15:45-16:30 (101кәб)	6 «Б» сынып	Түррер Б.К.	Instagram, Facebook жариялауы
3.	Хлор (ашық сабақ)	12.01.23 10:40-11:25 (315кәб)	9 «Ө» сынып	Садвақасова К.К.	Instagram, Facebook жариялауы
4.	Бөліп шығару және сүзудің түрлері. Бұйрекпен құрылысы. (ашық сабақ)	13.01.23 11:30-12:15 (315кәб)	8 «Ө» сынып	Қордабаева А.А.	Instagram, Facebook жариялауы
5.	Топырақ және оның құрамы мен құрылысы (ашық сабақ)	13.01.23 17:30-18:15 (101кәб)	7 «Ө» сынып	Ильяшова Ж.Р.	Instagram, Facebook жариялауы
6.	Табиғи қалыптасу мен негіздер. Индикаторлар. NT7 меркантильдік тағамдары. Еркіндікпен қалыптасқан, сәйкес оқығаны өлеңдері (ашық сабақ)	13.01.23 15:45-16:30 (315кәб)	7-«Б» сынып	Жақышев Ж.З.	Instagram, Facebook жариялауы

1-апта /Құндылыққа негізделген ашық сабақтар /

Құндылықтар негізінде білім беру пәндік сабақтарға жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды кіріктіруге көмектеседі. Жаратылыстану, химия,

биология, география пәндерінде тапсырмалар құндылықпен интеграцияланған болды.

Сабақта «Flippity», «Wordwall», «Edpuzzle.com», mentimeter, Liveworksheets, Pickens, «Classtime», «LearningApp», «BilimLand» платформалары арқылы әр тапсырмаға ұтымды пайдаланды. АКТ платформалары және талапқа сай ерекше рефлексия әдістері қолданылды.

<https://www.instagram.com/p/CnimvLTocdK/>

Әр айлықтың қорытындысының нәтижесі әдістемелік жинаққа жинақталды.

2-апта / Құндылыққа негізделген тәрбиелік іс-шаралар/

«Жайдарман-2023» ойындар кестеге сәйкес өтіп отырды. «Екі жұлдыз» байқауы, жәрмеңке, «Толағай» отбасылық сайыстары .

		2-АПТА			
1	Дайджест жаңалықтар	16.01.2023	5-11 сыныптар	Жаратылыстану пәні мұғалімдері	Instagram, Facebook жариялануы
2	Кәсіптік бағдар беру /Қарағанды Облыстық Жоғарғы мергерлік колледжге сахат/	16.01.2023	Медицина сыныбының оқушылары	Салдақасова К.К.	Instagram, Facebook жариялануы
3	«Оқуға құштар мектеп» жобасы «Адалдық - асыл қасиет»	17.01.2023	8-11 сыныптар	Қытайханашы	Instagram, Facebook жариялануы
4	«Jaidatman» - көңілді тапқырлар ойыны	18.01.2023	8 сыныптар	Досымова М.Д. Баспақова Р.Б.	Instagram, Facebook жариялануы
5	Оқушылар мен ата-ана арасында спорттық ойындар /Әкелер мектебі/	18.01.2023	8 А сынып	Қазкен Қ. Жақшиева Ж.З.	Instagram, Facebook жариялануы
6	Sinema time /мұғалімнің кәсіби дамуы/ әліс алмасу ауыспон	19.01.2023		Жаратылыстану пәні мұғалімдері	Instagram, Facebook жариялануы
7	Бейнеролистер конкурсы «Адалдық адмалықтың белгісі»	19.01.2023	6 сыныптар	3-7 сынып жетекшілер Кордабаева А.А.	Instagram, Facebook жариялануы
8	«Адалдық - ардың ісі» /Сыр сұхбат/	19.01.2023	8-11 сыныптар	Баспақова Р.Б. Ильяшова Ж.Р.	Instagram, Facebook жариялануы
9	«Museum time» мұражай сабақтары	19.01.2023	8-10 сыныптар	Жақшиева Ж.З.	Instagram, Facebook жариялануы
10	Two stars /Әр айдың Хэллайнерін әр кафедра өзілері тандайды/ мұғаліммен оқушылар арасында акт залы сағ 15.00	20.01.2023	8-10 сынып	Береке Н.Қ. Мелдубаева Т.М.	Instagram, Facebook жариялануы
11	«Өмірін игі істерге арнаған адамдар» кездесулер //Өнегелі өмір// жобасы	20.01.2023	9 сыныптар	Оразбаева Р.Ж. Политехникалық кафедра	Instagram, Facebook жариялануы

3- апта / Құндылыққа негізделген зияткерлік ойындар/

Құндылықтар негізінде білім беру мұғалімдерге жаңа ғасыр ұрпағының ерекшеліктерімен танысуға және олармен тиімді қарым-қатынас орнатуға көмектеседі. Зияткерлік ойындар адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Ал шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, т.б. зияткерлік ойындар логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып, білімін желтілдіреді. Бос уақыттарын тиімді пайдаланып, жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелейді. IQ-DODA, «Тұлғалық даму», «Үздік мотиваторы» жарысы, тимбилдинг, READx.

4-апта /Қосымша білім беру:педагогтердің кәсіби өсу дамуы. Гимназия компоненті, вариативтік компонент, үйірмелер/




TEDx форматында Q-TALKS ай сайын жоспарлы түрде өтеді. Жас маман, оқушы, ардагер ұстаз қатысып, «Айдың үздік спикері» анықталады. Мұғалімнің кәсіби дамуы үшін әр айдың соңғы бейсенбісі әдістемелік оқыту семинары өтеді. Осы уақытқа дейін «Маслоу» пирамидасы, «Дилтс» пирамидасы-өзін-өзі есеп беру әдісі, «Франклин» пирамидасы, М.Жұмабаевтың педагогикалық психологиялық идеялары және қазіргі білім жүйесі әдістемелік семинарларда талқыланады. Әр айдың есебі қаралып, SWOT-талдау жасалып, рейтингісі шығарылады. Жыл соңында «Үздік кафедра» анықталады. «Балалықтан

даналыққа», М.Жұмабаев «Педагогика» кітабы, «Кемел адам» сынды кітаптарды ұстаздар жаппай оқып, ойларын ортаға салуда.


Ф.Ницше: «Адамды өмір сүруге үйретпеңіз, не үшін өмір сүру керектігін түсіндіріңіз. Сонда ол өзі өмір сүруді үйренеді». Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – рухани құндылыққа тіреледі. Қай құндылықты бала бойына сіндірсең, сол құндылыққа айналып шыға келеді.


Қарағанды қаласы Мағжан Жұмабаев атындағы гимназияның
жаратылыстану пәнінің мұғалімі Тұрар Бауыржан Қожатайұлының тәжірибесінен

Пән	Жаратылыстану			
Бөлім	Энергия және қозғалыс			
Педагогтің аты-жөні	Тұрар Бауыржан Қожатайұлы			
Күні	26.02.2024ж.			
Сынып	6 «А»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	Энергия түрлері мен көздері			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	6.5.1.1 энергия көздерін атау.			
Сабақтың мақсаты	Жаңғыратын және жаңғырмайтын энергия көздерін ажыратып, бүгінгі таңда энергияның зиянсыз әрі тиімді түрлерін болжау.			
Сабақтың барысы				
Құндылық	Ұлттық мүдде. Ар-ұят. Талап			
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>1. Ұйымдастыру кезеңі. Сынып даярлығы тексеріледі. Оқушылардың назарын сабаққа аударту.</p> <p>Психологиялық ахуал Абайдың «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек...» дәйексөзін келтіріп, оқушыларды аталмыш қасиеттермен таныстырып, сонымен қатар «толық адам» концепциясын талап, ар-ұят, ұлттық мүдде құндылықтарымен байланыстыра отыра сәттілік тілейді.</p> <p>Топқа бөлу. «Толық адам» әдісі арқылы оқушыларды 4 топқа бөледі.</p>	<p>Сәлемдесу.</p> <p>Топқа бөлінеді. Топпен жұмыс жасау ережесін сақтайды:</p>		<p>Интерактивті тақта. <i>1-слайд.</i></p> <p>Таратпа қимақағаздар.</p>



	<p>Құндылықтарға дарыту: «Толық адам» концепциясындағы нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат қасиеттеріне ынталандыру. Ұлттық мүдде құндылығы (ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптеу), ар-ұят құндылығы (сыныптастарына, достарына қамқорлық, өзін сыныптың, қоғамның мүшесі екен сезіну).</p> <p>Алдыңғы білімді қорытындылау мақсатында қойылатын сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Тітіркену не себепті болады? ✓ Тірі ағзаға тән қасиеттер туралы не білеміз? ✓ Даму дегеніміз не? <p>Пәнаралық интеграциялаумен «Ой қозғау» әдісі арқылы жадыны жаңа тақырыпты игеруге дайындау әрі назарды шоғырландыру.</p> <p>Сабақтың тақырыбын болжау. Жаңа сабақ тақырыбын болжау мақсатында экранда көрсетілген коллаждағы суреттердің ортақ мағынасын анықтап, ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Суреттерде қандай құбылыстар және не нәрселер бейнелеген? ✓ Суреттерден ортақ нәрселер анықтай аламыз ба? 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Уақыттың қадірін білу (Талап); 2. Әркімнің ойы құнды (Ар-ұят); 3. Берік ынтымақтастықта болу (Ұлттық мүдде). <p>Интерактивті тақтада көрсетілген жұмбақ жауабын қысқа уақытта табу.</p> <p>Коллаждағы суреттер арқылы олардың ортақ мағынасын анықтап, берілген сұрақтарды талдай отыра, ауызша жауап береді, сыныптастарының пікірін толықтырады, жаңа сабақтың тақырыбына болжам жасайды.</p>	<p>Мадақтама арқылы бағалау.</p>	  <p>Слайд.</p> 
--	--	--	----------------------------------	---

	<p><i>Оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийі таныстырылады.</i></p> <p>Мұғалім сөзі: Жердегі басты энергия көзі Күн болып табылады. Қалған энергия көздерінің барлығы Күннің арқасында түбегейлі жаңғырып отырады. Мысалы, зауыттар мен электрстансыларының жұмысы үшін таскөмір қажет, ал ол күн энергиясының арқасында өскен ежелгі қырыққұлақ өсімдігінен пайда болған. Біз тұрмыста сүті мен етін пайдаланатын үй жануарлары өсімдікпен қоректенеді, яғни Жер бетіндегі барлық тіршілік иесі күн энергиясын тұтынады.</p>			
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>«<i>Энергияның баламалы көздері</i>» атты бейнероликпен және тақырып бойынша әзірленген презентациядағы ақпаратпен таныстырады.</p> <p>ТЖ. 1-тапсырма. «<i>Абай үшбұрышы</i>» әдісі арқылы әдісі арқылы энергияның түрі мен қызметін анықтап, артықшылықтарын талдаңыздар.</p> <p>«Абай үшбұрышы» әдісінің орындалу жолын таныстырады. Оқушыларға үшбұрыш етіп қиылған қимақағаздар таратылады. <i>/тапсырманы орындау кезінде тірек сөздер беру/</i></p>	<p>Бейнероликті және презентацияны көріп, ондағы ақпаратпен танысады.</p> <p>Құралған үшбұрышты сипаттайды және қосымша ақпаратты пайдалана отырып, энергия көздерін анықтайды: 1-топ «Жылы жүрек»: күн энергиясының түрі мен қызметтерін анықтайды, өзге топ мүшелеріне түсіндіреді; 2-топ «Нұрлы ақыл»: су энергиясының түрі мен</p>	<p>Өзара топтық бағалау; «Толық адам» әдісі арқылы бағалау.</p> <p>Бағалау критерийі: Жаңғыратын және жаңғырмайтын энергия түрлерін анықтап, олардың</p>	<p>Интерактивті тақта. Бейнеролик. Слайд. <i>7-слайд.</i> https://www.youtube.com/watch?v=gk6DTguRK58</p> <p>Үшбұрыш қимақағаздар, оқулық, бағалау парақшалары, фломастерлер, желім.</p>

	<p>Саралау тәсілі: «Дереккөздер арқылы саралау» тәсілімен оқушыларға тапсырманы орындай алулары үшін қосымша баспадан шыққан дереккөздер беремін. Ұсынылған дереккөздер арқылы қолдау бірнеше қадам арқылы жасалатын тапсырмада көмек болады.</p> <p>«Қарқын арқылы саралау» тәсілі қолданылады. Көмек қажет ететін оқушыларға уақыт беремін.</p> <p>Құндылықтарға дарыту: <i>Экологиялық мәдениет қалыптастыру; Талап құндылығы</i> топта жұмыс жасау кезінде ойын еркін айтуға, ақпараттық сауаттылыққа, ізденімпаздыққа, сонымен қатар уақытты тиімді жоспарлауға жетелейді. Жұмысты орындау кезінде, өз ойын жүйелі жеткізеді.</p> <p><i>Ар-ұят құндылықтары</i> топ мүшелерін адал еңбекті құрметтеуге, сөзіне әрі ісіне адал болуға және бірін-бірі қолдауға шабыттандырады.</p> <p><i>Ұлттық мүдде құндылықтары</i> арқылы ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді.</p> <p>Мұғалім кері байланыс береді.</p>	<p>қызметтерін анықтайды, өзге топ мүшелеріне түсіндіреді;</p> <p>3-топ «Ыстық қайрат»: көмір энергиясының түрі мен қызметтерін анықтайды, өзге топ мүшелеріне түсіндіреді.</p> <p>Ықтимал жауап: <i>1-топ.</i> Күн энергиясы бізде жаңғырмалы, яғни қайта қалпына келетін немесе орны толатын энергияның түрі. Сонымен қатар күн энергиясы бізде қазіргі заманда өте актуалды энергия көзі болып табылады. Осы ретте «күн энергиясын қалай алады?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Мұның жауабы: күн батареялары (солнечные батареи).</p> <p><i>2-топ.</i> Су энергиясы бізде жаңғырмалы энергия түріне жатады, яғни қайта қалпына келетін энергия түрі немесе орны толатын энергия түрі. «Су энергиясын қалай, қайдан аламыз?» деген сұраққа жауап беретін болсақ: қазіргі таңда судан энергияны гидростанциялар, су диірмендері арқылы алады.</p>	<p>энергия тұрғысынан қызметтік ерекшеліктерін сипаттай алады.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Энергия көздерін атайды; ✓ Энергия көздерінің қызметтерін анықтайды. 	
--	---	--	--	---

	<p>Ж. Ж 3-тапсырма. «Classtime» платформасы арқылы арқылы энергияның зиянсыз, әрі тиімді түрлерін болжаңыздар.</p> <p>Топқа сілтеме жіберіледі. Мұғалім кері байланыс береді.</p>	<p>Бұл қоршаған ортаға зиянсыз әрі тиімді энергия алу жолы болып табылады.</p> <p><i>3 - топ.</i></p> <p>Көмір барлығымызға белгілі жанатын отын түрі болып табылады. Ол қайта қалпына келмейтін энергия көзі, яғни жаңғырмайды. «Көмір қайдан алынады?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Оны жерден қазып өндіреді. Сонымен қатар көмір жанған кезде көп жылу энергиясын бөледі, сонысымен тиімді болып табылады. Көмірге бай өңірдің бірі, ол Қарағанды облысы болып саналады. Бірақ көмір өндіру және оны жағы тиімді болғанымен қоршаған ортаға өте зиян.</p> <p>Оқушылар ұялы телефонды қолдана отыра «Classtime» платформасында тапсырманы орындайды.</p> <p>Ықтимал жауап:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Күн энергиясы 2) Жел энергиясы 3) Су энергиясы 4) Көмір энергиясы 	<p>Бағалау критерийі:</p> <p>Энергия көздерін қайта қалпына келу және келмеу тұрғысынан, сонымен қатар зиянды және зиянсыз, және қызметтік</p>	<p>Интерактивті тақта, ұялы телефон, «Classtime» платформасы.</p>  <p>Таратпа</p>
--	--	--	---	--

	<p>Саралау тәсілі: «Қарқын арқылы саралау» тәсілі қолданылады. Көмек қажет ететін оқушыларға уақыт беремін.</p> <p>Құндылықтарға дарыту: Жеке жұмысты орындау кезінде оқушыларды <i>талаптылыққа</i> (сыни және креативті ойлау, технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету, жеке жұмыс жасай білу т.б.) шақыру.</p> <p>Мұғалім кері байланыс береді.</p>	<p>5) Мұнай энергиясы 6) Газ энергиясы 7) Ең тиімді әрі зиясын энергия түрлеріне мен жаңғыратын энергияларды жатқызар едім. 8) Дұрыс емес. 9) Дұрыс емес. 10) Гидростанция; Жел энергиясының қондырғылары; Күн батареялары.</p>	<p>ерекшеліктеріне сай ажырата алады.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Энергия көздерін біле алады; ✓ Энергия көздерін бір-бірінен ажырата алады; ✓ Энергияның зиянсыз әрі тиімді түрлерін болжайды. 	<p>қимақағаздар.</p>
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Рефлексия «Тикток лайк» әдісі арқылы оқушыларға рефлексия жүргізу. Тақтаға сабақтың тиктогының суреті ілінеді. Балаларға үш түсте – тиктоктағы қызыл лайк, ақ нүктелі бұлт және сары түсті «сақтау» белгілері беріледі.</p> <p>Құндылықтарға дарыту: <i>Талап</i> (Медиа сауаттылығы мен мәдениетін қалыптастыру, сыни ойлау, технологиялық дағдыларды ілгерілету, мұғаліммен оқушы ортасында дұрыс қарым қатынасты орната білу), <i>Ар-ұят</i> (Әдеп нормаларын</p>	<p>Оқшылар рефлексиясы. Сабақтың тиктогына жапсырады: қызыл лайк - Мен бәрін тамаша орындадым, ақ нүктелі бұлт – тапсырманы орындауда сұрағым бар, сары түсті «сақтау» белгісі – сабақтан өзіме керекті білім алдым.</p>		<p>Қызыл, ақ және сары түсті тикток қосымшасының батырмаларының суреттері. А3 форматтағы тикток қосымшасындағы сабақтың тикток</p>

	<p>ұстану, өзін сыныптың, қоғамның, Отанының маңызды мүшесі екенін сезіну) құндылықтарын қалыптастыру.</p> <p>Оқу тапсырмасы (Үй жұмысы). STEM технологиясын қолдану арқылы зиянсыз энергиялы үйдің моделін құрастыру.</p> <p>Болашақтағы энергия үнемдегіш үйлер</p> 			<p>публикациясының суреті. Желім.</p> 
--	---	--	--	--

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1 Тәрбиенің теориялық негіздері.....	5
2 Бағдарламаны іске асырудың ұйымдастырушылық аспектілері.....	11
3 Бағдарламаны тәжірибеде іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.....	18
Қорытынды.....	150
Пайдаланған әдебиеттер тізімі.....	151
Қосымша.....	153

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Басуға 08. 11.2024. ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.

Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 10.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
«Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК
010000, Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Алтын Орда»
БО, 15-қабат